


Сөз есептер жинағы



Мәтін есептермен жұмыс жасау енді тіптен оңай!

1-4 сыныпқа арналған

Бұл кітапта:

- **45 таңдамалы тақырып,**
- **1500 ке жуық есеп жауабымен**
- **Бала деңгейін анықтайтын 6 тест жұмысы**

- Қарапайымнан күрделіне дейін сөз есептер

- Логикалық және олимпиадалық есептер

- Көңілді және танымдық есептер

- СОЧ және СОР да жиі кездесетін есептер

- Бала санасын дамытуға арналған шығармашыл тапсырмалар!




«Өз деңгейінді байқап көр, Балақай!»

2- сынып

3 ұпайлық есептер


1. Теңдеуді шешіңіздер: $9 + x = 17$
(А) $x = 9$ (Б) $x = 7$ (В) $x = 8$ (Г) 4 (Д) $x = 26$
2. Есептеңіздер: $70 - 60 + 70 - 20$
(А) 40 (Б) 60 (В) 140 (Г) 50 (Д) 70
3. Қарбыздың салмағы қауыннан 2 кг ауыр. Егер қарбыздың салмағы 7 кг болса, онда қауынның салмағы қандай?
(А) 5 кг (Б) 9 кг (В) 16 (Г) 7 кг (Д) 8 кг
кг
4. Асан «МЕКТЕП» сөзін тақтаға екі рет қайталап жазды. Асан тақтада Е әрібін неше рет жазды?
(А) 1 рет (Б) 2 рет (В) 3 рет (Г) 4 рет (Д) 5 рет
5. Арман альбомға белгілі бір заңдылықпен суреттер жапсырды. «?» белгінің орнында қандай сурет болатынын анықта.



- (А)  (Б)  (В)  (Г)  (Д) 

6. 13 адам бірігіп жасырынбақ (*прятки*) ойнады. Бір адам көзін жұмып, басқалары сол адамнан жасырынды. Егер ойыншы 9 адамды тапқан болса, енді қанша адам табу керек?
(А) 3 (Б) 4 (В) 5 (Г) 9 (Д) 22

7. Суреттегі бос орынға оң жақтағы қай суретті қоюға болады?




8. Амир 6 санына 3-ті қосып, шыққан мәнді 2-ге көбейтті, сосын 1-ді қосты. Осыған сәйкес өрнекті тап?

(A) $(6 + 3 \cdot 2) + 1$
(Г) $(6 + 3) \cdot 2 + 1$

(Б) $6 + 3 \cdot 2 + 1$
(Д) $6 + 3 \cdot (2 + 1)$

(В) $(6 + 3) \cdot (2 + 1)$

9. Төмендегі фигуралардың арасынан боялған бөлігі мен боялмаған бөлігінің ауданы тең емес фигураны тап.




10. Жалғас өзінің жасы мен інісінің жасының қосындысы 10-ға тең екенін есептеді. Бір жылдан кейін екеуінің жасы қанша болған еді?

(A) 5 (Б) 10 (В) 11 (Г) 12 (Д) 20


11. Оң жақтағы сағат 15 мин алда болса, қазір

(A) 1:45 (Б) 2:15 (В) 3:20 (Г) 12:15 (Д) 1:30



сағат неше болған?


12. Асқар жіптер арқылы дәптер бетіне төмендегідей суреттер салды. Қай суретке ең ұзын жіп жұмсаған ?



13. Үлкен қораптың ішінде 3 орташа қорап бар. Әр орташа қорап ішінде 3 кішкене қораптан бар болса, барлығы қанша қорап бар?

(A) 9 (Б) 10 (В) 12 (Г) 13 (Д) 15

14. Торғай өзі тұрған ағаштан көрші ағашқа секіре алады. Оның бір рет секіруіне 1 секунд уақыт қажет. Ол 4 рет алдыға, 1 рет артқа секіреді. Сосын тағы да Ол 4 рет алдыға, 1 рет артқа секіреді. Осылай жалғастыра берсе А -дан Б-ға қанша уақытта секіріп бара алады?



(A) 10 (Б) 11 (В) 12 (Г) 13 (Д) 14

15. Анасы Сағиден мен Арманға шар сатып әкеліп, теңдей етіп бөліп берді. Арман өз шарларын әртүрлі 4 түске бөлді, сонда әр түстен 3 шардан болды. Анасы қанша шар сатып әкелді?

- (А) 12 (Б) 18 (В) 24 (Г) 36 (Д) 48

16. Фигуралар әр түрлі сандарды білдіреді (Әр түрлі фигуралар әртүрлі санды, ал бірдей фигуралар бірдей санды өрнектейді). Гүл қандай санды өрнектейді?


$$\begin{aligned} \bigcirc + \triangle &= 3 \\ \triangle + \triangle &= 4 \\ \triangle + \square &= 5 \\ \bigcirc + \square &= \text{✿} \end{aligned}$$

- (А) 1 (Б) 2 (В) 3 (Г) 4 (Д) 5

17. Ағасы мен қарындасының кәмпиттерінің саны бірдей болды. Ағасы қарындасына 3 кәмпит берді. Енді ағасына қарағанда қарындасының неше кәмпиті артық болды?

- А) (А) 3 (Б) 6 (В) 9 (Г) 2 (Д) 3

18. Төмендегі екі фигурадан құрастырылмайтын суретті тап?



19. Теңдік орындалатындай амал таңбаларын орналастыр: $5\ 5\ 5\ 5 = 5$

- (А) -, +, +, + (Б) +, -, +, - (В) +, +, +, (Г) -, -, -, + (Д) -, +, -, -


20. Метал құбырды екі бөлікке бөлу үшін 50 тг қажет болса, онда сол құбырды 4 бөлікке бөлуге қанша теңге қажет?

- (А) 50тг (Б) 100тг (В) 150тг (Г) 200тг (Д) 250тг

8 ұпайлық есептер

21. Бам, Бим және Бом атты клоундар аренаға қызыл, көк және жасыл көйлекте шықты. Олардың аяқ киімдері де сол үш түсті болады. Бимнің аяқ киімі мен көйлегі бірдей түсті болды. Бомның үстінде қызыл түсті ештеңе болған емес, Бамның аяқ киімі жасыл түсті болды, ал көйлегі жасыл түсті болмады. Бом мен Бимнің аяқ киімдері қандай түсті болады?

22. Бос орындарға 1, 2, 3, 4, 5 сандарын тек бір рет ғана қолданып орналастырсақ, онда боялған клеткаға қандай санды қоюға болады?



23. Белгісіз санды тап.


51	23
1253	

74	19
4179	

66	85
()	

24. Екі кесінді берілген, бірі екіншісінен 2 см-ге қысқа, екі кесіндінің қосындысы 14 см -ге тең. Кесіндінің ұзындығын тап?

25. Суретте барлығы неше үшбұрыш бар?



3- сынып, I нұсқа

1. 5, 0 және 3 цифрларын ғана қолданып, үш таңбалы неше сан жазуға болады?

A) 30 B) 9 C) 6 D) 4

2. Бір егістік жерден 72 кг картоп жинады, ал басқа жерден үш есе аз жинады. Барлық картопты 4 кг-нан дорбаларға бөліп салды. Қанша дорба шықты?

A) 24; B) 72; C) 21; D) 11; E) басқа жауап.

3. Ең кіші қандай натурал санды 7-ге бөлгенде қалдық 6, ал 9 - ға бөлгенде қалдық 8 болады?

A) 24; B) 67; C) 62; D) 18; E) 21.

4. Жайылымдағы жылқылар, қос өркешті түйелер мен бір өркешті түйелерде 200 өркеш бар. Егер жылқылардың саны қос өркешті түйелердің санына тең болса, онда жайылымда барлығы қанша мал болғаны?

A) 24; B) 67; C) 62; D) 200; E) 21.

5. Сұлтанның туған күніне анасы екі торт пісірді. Ол торттың әр қайсысын төрт бөлікке бөлді де, алынған бөліктердің әр қайсысын үшке бөлді. Қонақтардың әрқайсысы бір бөлігін, Сұлтанның өзі бір бөлігін жегенде, екі бөлігі қалды. Сұлтанның туған күнінде қанша қонақ болды?

A) 24; B) 67; C) 62; D) 200; E) 21.

6. Асқар дәптерге цифрлары кему ретімен орналасқан үш таңбалы сандардың барлығын тізіп жазды. Жазылған сандардың ең үлкені мен ең кішісінің айырымы нешеге тең?

A) 24; B) 67; C) 62; D) 200; E) 777.

7. Бірінші сөреде бірнеше кітаптар бар, ал екінші сөреде 30 әдеби және 20 оқулық кітаптар бар. Егер бірінші сөредегі кітаптардың санын 5 есеге азайтсақ, онда екі сөредегі кітаптардың саны теңеседі. Бірінші сөреде қанша кітап болған?

A) 50; B) 10; C) 250; D) 200; E) басқа жауап.

8. Тіктөртбұрыштың ұзындығы 2 дм 4 см, ал ені одан 3 есе кем. Тіктөртбұрыштың ауданы мен периметрін тап.

A) 192 см^2 ; 6 дм 4 см B) 119 см^2 ; 5 дм 4 см C) 190 см^2 ; 5 дм 14 см

D) 92 см^2 ; 6 4 см E) 19 см^2 ; 514 см.

9. Би мектебінде 60 ер бала мен 20 қыз бала бар. Әр апта сайын мектепке 3 қыз бала келіп, 2 ер бала мектепті тастап кетеді. Ер балалар мен қыз балалардың сандары теңескенде мектепте барлығы қанша оқушы болады?

A) 90; B) 88; C) 80; D) 72; E) 60.

10. T таңбасымен қандай сан белгіленген, егер $6 + T + T = T + T + T + T$ болса?

A) 90; B) 3; C) 80; D) 72; E) 60.

11. Алмас бір сан таңдап алды, оны 7-ге бөлді, оған 7-ні қосты, одан шыққан санды 7-ге көбейтті. Шыққан сан 77 болды. Алмас қандай сан таңдап алды?

A) 90; B) 28; C) 80; D) 72; E) 60.

12. $2010 : 10 + 2010 : 201 + 2010 \cdot 0$ өрнегіне жақшаларды қойған кезде, өрнектің ең кіші мәні неге тең?

A) 2010; B) 201; C) 211; D) 100,5; E) 0.

13. Өрнектің мәнін табыңыз: $(636 : 6) + (178 \cdot 4)$

A) 818; B) 820; C) 708; D) 711; E) басқа жауап.

14. Велосипедші тауға 12 км/сағ жылдамдықпен шықты, ал таудан сол жолмен 20 км/сағ жылдамдықпен түсті. Таудан түскен кезде тауға шыққанға қарағанда 16 минут аз жұмсады. Тауға шығатын жолдың ұзындығы неге тең?

A) 8 км; B) 10 км; C) 12 км; D) 14 км; E) анықтау мүмкін емес.

15. 4 мин 15 сек-тан 400 сек қаншаға артық?

A) 15 сек-қа B) 145 сек-қа C) 135 сек-қа D) 125 сек-қа

16. Ара 5 м/с жылдамдықпен ұшады. 1 минутта ара қанша қашықтыққа ұшады?

A) 300 м B) 5 м C) 50 м D) 250 м

17. Барлық үш таңбалы сандардың ішінен таңбалары әртүрлі сандар болатын ең үлкен және ең кіші сандарды таңдап алды. Осы сандардың айырымын табыңыз?

A) 899; B) 885; C) 864; D) 660; E) басқа жауап.

18. 99 988 санынан үлкен болатын және 5 санымен аяқталатын бес таңбалы санды табыңыз.

A) 99985; B) 99995; C) 99985; D) 990995; E) басқа жауап.

19. Өрнектің мәнін табыңыз: $23 - 69 : 3 + 21$.

A) 3; B) 4; C) 21; D) 64; E) 7.

20. $15 \cdot y = 15 : y$ теңдеуінің түбірін табыңдар және тексеруді орындаңдар.

A) 1; B) 0; C) 5; D) 11; E) басқа жауап.

3- сынып, II нұсқа

3 ұпайлық есептер

1. Өрнектің мәнін табыңыз: $(192 \cdot 4) - (978 : 3)$

A) 70; B) 142; C) 1094; D) 1084; E) 442.

2. Ені 120 метрлік өзен арқылы көпір салынған. Оның ұзындығының төрттен бір бөлігі сол жақ жағалауда, төрттен бір бөлігі оң жақ жағалауда орналасқан. Көпірдің ұзындығы неше метр?

A) 360; B) 300; C) 200; D) 210; E) 240.

3. T таңбасымен қандай сан белгіленген, егер $6 + T + T = T + T + T + T$ болса?

A) 90; B) 3; C) 80; D) 72; E) 60.

4. 99 988 санынан үлкен болатын және 5 санымен аяқталатын бес таңбалы санды табыңдар.

A) 99985; B) 99995; C) 99985; D) 990995; E) басқа сан.

5. Алмас әкесімен бірге саңырауқұлақ жинады. Әкесі тапқан саңырауқұлақтың жартысынан Алмас 18 саңырауқұлаққа артық тауыпты. Ал әкесі Алмасқа қарағанда 7 саңырауқұлаққа артық жинады. Алмас әкесімен бірге қанша саңырауқұлақ жинады?

A) 93; B) 88; C) 70; D) 61; E) 50.

6. Өрнектің мәнін тап: $23 - 69 : 3 + 21$.

A) 3; B) 4; C) 21; D) 64; E) 7.

7. Бір егістік жерден 72 кг картоп жинады, ал басқа жерден үш есе аз жинады. Барлық картопты дорбаларға 4 кг-нан бөліп салды. Қанша дорба шықты?

A) 24; B) 72; C) 21; D) 11; E) басқа жауап.

8. Барлық үш таңбалы сандардың ішінен таңбалары әртүрлі сандар болатын ең үлкен және ең кіші сандарды таңдап алды. Осы сандардың айырымын тап?

A) 899; B) 885; C) 864; D) 660; E) басқа жауап.

9. 4 мин 15 сек-тан 400 сек қаншаға артық?

A) 15 сек-қа B) 145 сек-қа C) 135 сек-қа D) 125 сек-қа

10. Оқушылар бірнеше түп қайың мен 24 түп емен ағаштарын отырғызды. Қайыңдардың санын 3 есеге арттырса, онда емендер мен қайыңдар саны бірдей болады. Оқушылар қанша түп қайың отырғызды?

A) 8; B) 72; C) 21; D) 20; E) 9.

11. 5, 0 және 3 цифрларын бір рет ғана қолданып, үш таңбалы неше сан жазуға болады?

A) 30 B) 9 C) 6 D) 4

12. Асқар дәптерге цифрлары кему ретімен орналасқан үш таңбалы сандардың барлығын тізіп жазды. Жазылған сандардың ең үлкені мен ең кішісінің айырымы нешеге тең?

A) 24; B) 67; C) 62; D) 200; E) 777.

13. Жайылымдағы жылқылар, қос өркешті түйелер мен бір өркешті түйелерде 200 өркеш бар. Егер жылқылардың саны қос өркешті түйелердің санына тең болса, онда жайылымда барлығы қанша мал болғаны?

A) 24; B) 67; C) 42; D) 200; E) 21.

14. Сұлтанның туған күніне анасы екі торт пісірді. Ол торттың әр қайсысын төрт бөлікке бөлді де, алынған бөліктердің әр қайсысын үшке бөлді. Қонақтардың әрқайсысы бір бөлігін, Сұлтанның өзі бір бөлігін жегенде, екі бөлігі қалды. Сұлтанның туған күнінде қанша қонақ болды?

A) 24; B) 67; C) 62; D) 20; E) 21.

15. Тіктөртбұрыштың ұзындығы 1дм 6 см, ал ені оның ұзындығының төрттен бір бөлігін құрайды. Тіктөртбұрыштың ауданы мен периметрін тап.

A) 64 см^2 ; 4 дм B) 20 см^2 ; 40см; C) 19 см^2 ; 5дм;

D) 92 см^2 ; 4 см; E) 19 см^2 ; 5 см.

16. Би мектебінде 60 ер бала мен 20 қыз бала бар. Әр апта сайын мектепке 3 қыз бала келіп, 2 ер бала мектепті тастап кетеді. Ер балалар мен қыз балалардың сандары теңескенде мектепте барлығы қанша оқушы болады?

A) 90 B) 88 C) 80 D) 72 E) 60.

17. Алмас бір сан таңдап алды, оны 7-ге бөлді, оған 7-ні қосты, одан шыққан санды 7-ге көбейтті. Шыққан сан -77. Алмас қандай сан таңдап алды?

A) 90; B) 28; C) 80; D) 72; E) 60.

18. Велосипедші тауға 12 км/сағ жылдамдықпен шықты, ал таудан сол жолмен 20 км/сағ жылдамдықпен түсті. Таудан түскен кезде тауға

шыққанға қарағанда 16 минут аз жұмсады. Тауға шығатын жолдың ұзындығы неге тең?

A) 8 км; B) 10 км; C) 12 км; D) 14 км; E) анықтау мүмкін емес.

19. Ара 5 м/с жылдамдықпен ұшады. 1 минутта ара қанша қашықтыққа ұшады?

A) 300 м B) 5 м C) 50 м D) 250 м

20. ABC үшбұрышында AB қабырғасы 56 см тең. Ол BC қабырғасынан 4 есе үлкен. Үшбұрыштың барлық қабырғаларының ұзындықтарының қосындысы 130 см болса, AC қабырғасының ұзындығын табындар.

A) 80; B) 64; C) 60; D) 66;
E) басқа жауап

8 ұпайлық есептер

21. Ұшақ 4150 км жолды ұшып өтуі керек, бірінші күні 676 км/сағ жылдамдықпен 2 сағ, келесі күні 763 км/сағ жылдамдықпен 3 сағат ұшты. Тағы қанша жол қалды?


22. Үш сыныпта 62 оқушы бар. Бірінші және екінші сыныпта 39 оқушы және екінші және үшінші сыныпта 42 оқушы бар болса, әрбір сыныпта қанша оқушы бар?

23. Қоян тауықтан 3 кг-ға ауыр. Егер 2 қоян мен 5 тауықтың салмағы бірдей болса, онда 1 қоян қанша кг болады?

24. Төмендегі теңдік дұрыс болатындай етіп 2, 3, 4, 5, 6, 7 цифрларын □ -тың орнына қайталанбайтындай етіп орналастыр.

$$\square + \square - \square = \square \times \square \div \square$$

25. Төмендегі суретте I, II, III, IV шаршылары (квадрат) кескінделген. I шаршының периметрі 12 см, II шаршының ауданы 25 см^2 . Төрт шаршыдан құралған фигураның ауданы неше см^2 болады?



4- сынып, I нұсқа
3 ұпайлық есептер

1. Пойыздың отыз вагоны бар. Думан басынан санағанда он бесінші вагонда, Арман аяғынан санағанда он бесінші вагонда отырды. Олар бір вагонда ма?
А. Иә, бір вагонда; В. Жоқ, басынан санағанда Думан он бесінші, Арман он алтыншы; С. Жоқ, басынан санағанда Думан он бесінші, Арман он төртінші; D. Жоқ, басынан санағанда Думан он бесінші, Арман он жетінші;
E. Жоғарыдағылардың бәрі қате.
2. Төрт дос әрқайсысы бір бірімен қол алысып амандасты. Сонда барлығы неше рет қол алысу болды?
А. Жеті рет; В. Төрт рет; С. Алты рет D. Он екі рет
3. Екі бала домбыра, ал біреуі сыбызғымен ойнап отыр. Ұлан мен серік әртүрлі аспаппен, Мұрат пен серік бір түрлі аспаппен ойнаған болса, Ұлан немен ойнаған?
А. Сбызғы В. Домбыра С. Домбыра және сыбызғы D. Қобыз
E. Бәрі қате.
4. Жасыл лента қызыл лентадан бес метрге ұзын. Жасыл лентадан 8 метр, қызыл лентадан 3 метр кесіп алғанда, екі лентаның ұзындықтары қалай болды.
А. Жасыл лента 8 метр, қызыл лента 3 метр В. ұзындақтар бірдей
C. Жасыл лента қызылдан ұзын D. Қызыл лента жасылдан ұзын.
E. Тұжырымдау мүмкін емес.
5. Таразының бір табағында қауын мен 3 кг гир жатыр; ал екінші табағында 5 кг-дық екі гир бар. сонда қауынның салмағы қанша кг?
А. 3 В. 5 С. 7 D. 10 E. Есептеу мүмкін емес.
6. Асан саңырауқұлақ теруге таңертеңгі 7 сағ 35 минутта кетіп, күндізгі 3 сағ 15 минутта қайтып оралды. Ол саңырауқұлақ теруде қанша уақыт болды.
А. 7 сағ 40 мин В. 4 сағ 20 мин С. 8 сағ 40 мин D. 10 сағ 50 мин
E. 6 сағ 40 мин
7. Үшбұрыштың екі қабырғасының ұзындықтары тең. Ал үшіншісі екіншісінен 4 см артық. Егер де үшбұрыштың периметрі 55 см болса, үшбұрыштың үшінші қабырғасының ұзындығы қанша?
А. 20 см В. 17 см С. 4 см D. 21 см E. 15 см
8. Аралығы 2 метрден 10 метр жерге неше ағаш егуге болады?

A. 5 B. 4 C. 10 D. 6 E. 2

9. Бағдәурен бірінші қабаттан үшінші қабатқа дейін 36 баспалдақ жүріп өтті. Онда ол бірінші қабаттан алтыншы қабатқа дейін неше баспалдақ жүріп өтеді?

A. 90 B. 72 C. 60 D. 120 E. 108

10. Сыныпта 13 оқушы ән үйірмесіне, ал қалғаны сурет үйірмесіне қатысады. Егер ән үйірмесіне сурет үйірмесіне қарағанда 5 оқушы аз қатысса, онда сыныптағы оқушылар саны қанша?

A. 31; B. 18; C. 20; D. 39. E. 21

11. Катердің меншікті жылдамдығы 15 км / сағ, ағыс жылдамдығы 2 км / сағ. Онда катер 3 сағат ағыспен, 2 сағат ағысқа қарсы жүзсе барлығы қанша қашықтыққа жүзеді?

A. 75 км B. 85 км C. 73 км D. 49км E. 77 км

12. Әкесі 36 жаста, ұлы 6 жаста. Неше жылдан кейін әкесінің жас ұлының жасынан 4 есе үлкен болады?

A. 10; B. 6; C. 30; D. 2. E. 4

13. Теплоходтың жылдамдығы 55 км/сағ, ал электровоздың жылдамдығы одан 110 км/сағ артық. Теплоходтың жылдамдығы электровоздың жылдамдығының неше есесіндей?

A. 2 есе; B. 6 есе; C. 4 есе; D. 3есе. E. 5 есе

14. Екі қаладан бір-біріне қарай екі поезд жолға шықты. Кездескенше бірінші поезд 78 км, ал екінші поезд біріншіден 3 есе артық жол жүрді. Екі қаланың ара қашықтығы қанша?

A. 78 км; B. 234 км; C. 312 км; D. 390 км; E. 400 км

15. Жексенбі күні таңертең сағат 8-де Дәулет велосипедбен ойнап қайтуға шығады. 6 минуттан кейін әкесі оның бір затын ұмытып кеткенін байқап, дереу мотоциклмен қуды. Егер Дәулеттің жылдамдығы 120 м / мин, әкесінің жылдамдығы 200 м / мин болса, әкесі өзі шыққаннан бастап есептегенде, неше минуттан кейін Дәулетті қуып жетеді?

A. 40 мин B. 15 мин C. 9 мин D. 6 мин E. 8 мин

16. Ұзындығы 8 м ағашты көлшіктің түбіне тереңдігі 1 м қаққанда, судың бетіне 1 м шығып тұр. Көлшіктің тереңдігін тап?

A. 10 B. 9 C. 8 D. 6 E. 4

17. Екі қаланың арасындағы жол 197 км. Асан бірінші қаладан шығып бір сағаттан кейін, Арман екінші қаладан оған қарсы жолға шықты. Асан сағатына 17 км, Арман сағатына 13 км жылдамдықпен жүрсе, Асан шыққаннан бастап есептегенде олар неше сағаттан кейін кездеседі?
A. 7 сағ B. 4 сағ C. 8 сағ D. 6 сағ E. 10 сағ
18. Қоймадағы ұннан 165 т ұн сатылған соң, қалған ұнды әрқайсысына 3 тоннадан 14 машинаға тиеді. Қоймада алғашқыда неше тонна ұн болған?
A. 207 т B. 42 т C. 123 т D. 270 т E. 2352
19. Математикалық тестте 15 есеп болды. Әрбір есепке берілген жауап дұрыс болса 8 ұпай беріледі, қате болса 4 ұпай тартылады. Асан барлық есепке жауап беріп 72 ұпай алса, ол неше есепке дұрыс жауап берген?
A. 4 B. 9 C. 12 D. 10 E. 11
20. Думан 20 теңгелік және 8 теңгелік 60 марка сатып алып, барлығы 600 теңге жұмсады. Думан 20 теңгелік маркадан қаншасын алған?
A. 6 B. 9 C. 12 D. 10 E. 50

8 ұпайлық есептер

21. Велосипедші 3 сағат 18 км/сағ жылдамдықпен жүрген. Қайтарда ол бірінші жолдан 9 км ұзақ жолмен қайтты, бірақ велосипедшінің қайтар жолдағы жылдамдығы да 3 км/сағ артық болған. Велосипедші қайтар жолға қанша уақыт жіберген?
22. Үшбұрыштың бірінші және екінші қабырғаларының қосындысы 63 см, екінші және үшінші қабырғалары қосындысы

59 см. Егер үшбұрыштың периметрі 116 см тең болса, оның әр қабырғасының ұзындығын тап.

23. Математикалық ребусты шеш. (мұндағы бірдей әріптер бірдей цифрлар, әртүрлі әріптер әртүрлі цифрларға сәйкес келеді.)

$$\begin{array}{r} \text{К В А Н Т} \\ \text{К В А Н Т} \\ + \text{К В А Н Т} \\ \hline \text{Н Ъ Ю Т О Н} \end{array}$$

24. Арман көп қабатты тұрғын үй кешенінде тұрады. Ол баспалдақпен әр қабатқа көтерілуге 3 минут уақыт жұмсайды, ал түсуге әр қабат үшін 1 минут уақыт жұмсайды. Ол таңертең 08:45-тен бастап бірінші қабаттан көтерілді, ең жоғарғы қабатқа жетіп, ілешала демалмастан қайта төменге түсті. Ол 09:49 болғанда бірінші қабатта болған болса, онда осы көп қабатты тұрғын үй неше қабат?
25. Бір ағаш материалды 4 бөлікке бөлу үшін 12 минут уақыт кетсе, осындай ағаш материалын 8 бөлікке бөлу үшін неше минут уақыт кетеді?

4- сынып, II нұсқа
3 ұпайлық есептер

21. Жасыл лента қызыл лентадан бес метрге ұзын. Жасыл лентадан 8 метр, қызыл лентадан 3 метр кесіп алғанда, екі лентаның ұзындықтары қалай болды.

A. Жасыл лента 8 метр, қызыл лента 3 метр В. ұзындақтар бірдей
C. Жасыл лента қызылдан ұзын D. Қызыл лента жасылдан ұзын.
E. Тұжырымдау мүмкін емес.

22. Таразының бір табағында қауын мен 4 кг гир жатыр; ал екінші табағында 5 кг-дық екі гир бар. сонда қауынның салмағы қанша кг?

A. 3 B. 6 C. 5 D. 10 E. Есептеу мүмкін емес.

23. Пойыздың отыз вагоны бар. Думан басынан санағанда он бесінші вагонда, Арман аяғынан санағанда он бесінші вагонда отырды. Олар бір вагонда ма?.

A. Иә, бір вагонда B. Жоқ, басынан санағанда Думан он бесінші, Арман он алтыншы C. Жоқ, басынан санағанда Думан он бесінші, Арман он төртінші D. Жоқ, басынан санағанда Думан он бесінші, Арман он жетінші. E. Жоғарыдағылардың бәрі қате.

24. Төрт дос әрқайсысы бір бірімен қол алысып амандасты. Сонда барлығы неше рет қол алысу болды?

A. Жеті рет; B. Төрт рет; C. Алты рет D. Он екі рет

25. Екі бала домбыра, ал біреуі сыбызғымен ойнап отыр. Ұлан мен серік әртүрлі аспаппен, Мұрат пен серік бір түрлі аспаппен ойнаған болса, Ұлан немен ойнаған?

A. Сбызғы B. Домбыра C. Домбыра және сыбызғы D. Қобыз
E. Бәрі қате.

26. Аралығы 2 метрден 10 метр жерге неше ағаш егуге болады?

A. 5 B. 4 C. 10 D. 6 E. 2

27. Бағдәурен бірінші қабаттан үшінші қабатқа дейін 36 баспалдақ жүріп өтті. Онда ол бірінші қабаттан алтыншы қабатқа дейін неше баспалдақ жүріп өтеді?

A. 90 B. 72 C. 60 D. 120 E. 108

28. Асан саңырауқұлақ теруге таңертеңгі 7 сағ 35 минутта кетіп, күндізгі 3 сағ 15 минутта қайтып оралды. Ол саңырауқұлақ теруде қанша уақыт болды.

A. 7 сағ 40 мин B. 4 сағ 20 мин C. 8 сағ 40 мин D. 10 сағ 50 мин
E. 6 сағ 40 мин

29. Үшбұрыштың екі қабырғасының ұзындықтары тең. Ал үшіншісі екіншісінен 4 см артық. Егер де үшбұрыштың периметрі 55 см болса, үшбұрыштың үшінші қабырғасының ұзындығы қанша?
A. 20 см B. 17 см C. 4 см D. 21 см E. 15 см
30. Қорада тауықтар мен қояндар бар. Олардың жалпы саны 49, аяқтарының саны 100 болса, қорада неше тауық, неше қоян бар??
A. 48 тауық, 1 қоян B. 1 тауық, 48 қоян C. 30 тауық, 10 қоян
D. 25 тауық, 24 қоян E. 45 тауық, 4 қоян.
31. Әкесі 36 жаста, ұлы 6 жаста. Неше жылдан кейін әкесінің жас ұлының жасынан 4 есе үлкен болады?
A. 10; B. 6; C. 30; D. 2. E. 4
32. Қоймадағы ұннан 165 т ұн сатылған соң, қалған ұнды әрқайсысына 3 тоннадан 14 машинаға тиеді. Қоймада алғашқыда неше тонна ұн болған?
A. 207 т B. 42 т C. 123 т D. 270 т E. 2352
33. Математикалық тестте 15 есеп болды. Әрбір есепке берілген жауап дұрыс болса 8 ұпай беріледі, қате болса 4 ұпай тартылады. Асан барлық есепке жауап беріп 72 ұпай алса, ол неше есепке дұрыс жауап берген?
A. 4 B. 9 C. 12 D. 10 E. 11
34. Теплоходтың жылдамдығы 55 км/сағ, ал электровоздың жылдамдығы одан 110 км/сағ артық. Теплоходтың жылдамдығы электровоздың жылдамдығының неше есесіндей?
A. 2 есе; B. 6 есе; C. 4 есе; D. 3 есе. E. 5 есе
35. Сыныпта 13 оқушы ән үйірмесіне, ал қалғаны сурет үйірмесіне қатысады. Егер ән үйірмесіне сурет үйірмесіне қарағанда 5 оқушы аз қатысса, онда сыныптағы оқушылар саны қанша?
A. 31; B. 18; C. 20; D. 39. E. 21
36. Катердің меншікті жылдамдығы 15 км / сағ, ағыс жылдамдығы 2 км / сағ. Онда катер 3 сағат ағыспен, 2 сағат ағысқа қарсы жүзсе барлығы қанша қашықтыққа жүзеді?
A. 75 км B. 85 км C. 73 км D. 49 км E. 77 км

37. Екі қаладан бір-біріне қарай екі поезд жолға шықты. Кездескенше бірінші поезд 78 км, ал екінші поезд біріншіден 3 есе артық жол жүрді. Екі қаланың ара қашықтығы қанша?
A. 78 км; B. 234 км; C. 312 км; D. 390 км; E. 400 км
38. Жексенбі күні таңертең сағат 8-де Дәулет велосипедбен ойнап қайтуға шығады. 6 минуттан кейін әкесі оның бір затын ұмытып кеткенін байқап, дереу мотоциклмен қуды. Егер Дәулеттің жылдамдығы 120 м / мин, әкесінің жылдамдығы 200 м / мин болса, әкесі өзі шыққаннан бастап есептегенде, неше минуттан кейін Дәулетті қуып жетеді?
A. 40 мин B. 15 мин C. 9 мин D. 6 мин E. 8 мин
39. Ұзындығы 8 м ағашты көлшіктің түбіне тереңдігі 1 м қаққанда, судың бетіне 1 м шығып тұр. Көлшіктің тереңдігін тап?
A. 10 B. 9 C. 8 D. 6 E. 4
40. Екі қаланың арасындағы жол 197 км. Асан бірінші қаладан шығып бір сағаттан кейін, Арман екінші қаладан оған қарсы жолға шықты. Асан сағатына 17 км, Арман сағатына 13 км жылдамдықпен жүрсе, Асан шыққаннан бастап есептегенде олар неше сағаттан кейін кездеседі?
A. 7 сағ B. 4 сағ C. 8 сағ D. 6 сағ E. 10 сағ

8 ұпайлық есептер

1. Бірінші күні машина жолда 6 сағат болып, 65 км/сағ жылдамдықпен жүрді. Екінші күні ол жолда 2 сағат көп болды және 106 км артық жол жүрді. Машина екінші күні қандай жылдамдықпен жүрген?
2. Үшбұрыштың бірінші және екінші қабырғаларының қосындысы 72 см, екінші және үшінші қабырғалары қосындысы 93 см. Егер

үшбұрыштың периметрі 120 см тең болса, оның әр қабырғасының ұзындығын тап.

3. Математикалық ребусты шеш. (мұндағы бірдей әріптер бірдей цифрлар, әртүрлі әріптер әртүрлі цифрларға сәйкес келеді.)

$$\begin{array}{r} \\ \\ \\ \hline \end{array}$$

4. Арман көп қабатты тұрғын үй кешенінде тұрады. Ол баспалдақпен әр қабатқа көтерілуге 3 минут уақыт жұмсайды, ал түсуге әр қабат үшін 1 минут уақыт жұмсайды. Ол таңертең 08:45-тен бастап бірінші қабаттан көтерілді, ең жоғарғы қабатқа жетіп, іле-шала демалмастан қайта төменге түсті. Ол 09:49 болғанда бірінші қабатта болған болса, онда осы көп қабатты тұрғын үй неше қабат?
5. 4 минутта бөренені жарты метрлік бөліктерге бөлген. Егер әр кесуге 1 минут уақыт жұмсаған болса, бөрененің жалпы ұзындығы қандай болған?

Қосындыны табуға арналған есептер

1. Шабындықта 4 қой мен 3 ешкі жайылып жүрді. Шабындықта қанша жануар жайылып жүрді?

2. 2 қызыл және 3 көк шар үрленді. Қанша шар үрленді?
3. 2 терекқұлақ өсті, сосын олардың жанына 3 шыбынжұт өсіп шықты. Сонда қанша саңыруқұлақ өсіп шықты?
4. Сәнияға 3 қуыршақ, Серікке 4 машина сатып алды. Балаларға барлығы қанша ойыншық сатып алынды?
5. Үстелдің үстінде 4 қызыл және 5 сары алма жатты. Үстелдің үстінде қанша алма жатты?
6. Ең басында гүлбағында 7 түймедақ, ал сонан соң тағы 3-уі өсіп шықты. Гүлбағында қанша түймедақ бар?
7. Карина 4 жасыл және 5 ақ моншақтан алқа жасап алды. Алқада қанша моншақ болды?
8. Досымжан гербарий жасауға 3 қайың және 6 терек жапырағын жинап алды. Досымжан қанша жапырақ жинады?
9. Бақшада қара қарақаттың 4 бұтасы және қызыл қарақаттың 6 бұтасы өсті. Бақшада қарақаттың қанша бұтасы өсті?
10. *Көк сауытта 7 жаңғақ, ал сарыда 5 жаңғақ бар. Екі сауытта барлығы қанша жаңғақ бар?
11. Шырша астында 4 кірпі жүрді. Оларға тағы біреуі келіп қосылды. Сонда қанша кірпі болды?
12. Анам 7 қызыл және 3 жасыл алма сатып алды. Анам барлығы қанша алма сатып алды?
13. Бұтақта 6 сарышымшық отырды, оларға тағы 3-уі ұшып келді. Сонда қанша сарышымшық болды?
14. Мектеп бақшасына 8 бұта қара және 7 бұта қызыл қарақат отырғызылды. Барлығы қанша бұта қарақат отырғызылды?
15. Сәкен 5 тор көзді және 4 кең жол дәптер сатып алды. Сәкен барлығы қанша дәптер сатып алды?
16. Шабындықта 5 сиыр мен 4 ешкі жайылып жүрді. Жайылымда барлығы қанша жануар жайылып жүрді?

17. Бұтада 3 раушан гүлі шешек атты. Бір күн өткеннен кейін, тағы 6 раушан гүлі шешек атты. Бұтада қанша раушан гүлі бар?
18. Нағимада 5 құттықтау қағазы болды. Мерекеге оған тағы 4 құттықтау қағазын жіберді. Сонда Нағимада қанша құттықтау қағазы болды?
19. Асланда 4 мультфильм таспасы болды. Оған тағы 2 таспа сатып алып берді. Асланда қанша таспа болды?
20. Маршруттық таксиде 2 адам келе жатты. Аялдамадан тағы 8 адам отырды. Таксида қанша жолаушы болды?
21. Шабындықта 2 ешкі мен 7 қой жайылып жүр. Шабындыққа қанша жануар жайылып жүр?
22. 4 қызыл және 2 көк шар үрленді. Сонда барлығы қанша шар үрленді?
23. 4 саңырауқұлақ өсіп шықты, содан кейін олардың қасынан тағы 5 саңырауқұлақ өсті. Сонда барлығы қанша саңырауқұлақ өсіп шықты?
24. Сараға қуыршақтың 3 жиынтығын, ал Сәкенге машинаның 3 жиынтығын сатып әперді. Балаларға барлығы қанша ойыншық жиынтығы сатып алынды?
25. Үстелдің үстінде 4 мандарин мен 3 апельсин болды. Үстелдің үстінде барлығы қанша жеміс жатты?
26. Гүлбағында алдымен 6 түймедақ, сосын 3 көктікен өсіп шықты. Гүлбағында барлығы қанша гүл өсіп түр?
27. * Гүлім 6 сары және 5 жасыл маржаннан өзіне моншақ жасап алды. Сонда моншақта қанша маржан болды?
28. * Дарын гербарий үшін 13 кайың және 2 көктерек жапырағын жинап алды. Дарын қанша жапырақ жинады?
29. *Бақшада 14 бұта қара және 2 бұта қызыл қарақат өсіп шықты. Бақшада қанша бұта қарақат өсті?
30. Бір қараторғай торғай үйшігінің қасындағы бұтақта ән салып отырды. Оған тағы 4-уі ұшып келіп қосылды. Бұтақта барлығы қанша ән салғыш құс болды?

31. Ермекте 4 машина болды. Оған тағы 3-ін сыйға тартты. Ермекте қанша машина болды?
32. Балалар Жаңа жылға дейін мектепте 4 ай және Жаңа жылдан кейін 5 ай оқиды. Жалпы балалар қанша ай оқиды?
33. Құрылысқа 3 машина құм және 7 машина кірпіш әкелді. Құрылысқа қанша машина құрылыс материалын әкелді?
34. * Вася мерекеге деп анасы мен әжесіне 1 Қызғылт, 5 ақ және 9 қызыл қалампыр сатып алды. Вася барлығы қанша қалампыр сатып алды?
35. Есік алдындағы көгалда 5 тауық жүрді. Оларға тағы 5 тауық қосылды. Көгалда барлығы қанша тауық болды?
36. Балалар құстарға арнап дүкеннен 2 кг қарақұмық және 3 кг тары жармасын сатып алды. Балалар қанша килограмм жарма сатып алды?
37. Залда 5 орындық тұрды. Оған тағы да 4 орындық әкелді. Сонда барлығы қанша орындық болды?
38. Бірінші күні Аслан 5 сурет салды. Екінші күні тағы сонша салды. Аслан қанша сурет салды?
39. Бір бұтақта 5 алма, ал екіншіде тағы да сонша алма өсіп тұрды. Екі бұтақта қанша алма болды?
40. Мысықтың 2 ақ және тағы сонша қара марғауы бар. Мысықтың неше марғауы бар?
41. Үстелдің үстінде 3 кесе және сонша табақша тұр. Үстелдің үстінде қанша ыдыс тұр?
42. *Бірінші күні мектеп кітапханасына 6 бума, екінші күні 4 бума, ал үшінші күні бірінші және екінші күндегі бумалардың қосындысындай кітап әкелінді. Үшінші күні қанша бума кітап әкелінді?
43. Қорапта 5 көк, 3 жасыл жаңажылдық шар болды, ал қызыл шар көк пен жасылдың қосындысындай болды. Қорапта қанша қызыл шар болды?
44. Бірінші командада 7 ұл бала, екіншіде 3 ұл бала болды. Ал үшінші командада, бірінші мен екіншідегі балалардың қосындысындай бала болды. Үшінші командада қанша бала болды?

45. Заринаның туған күніне 2 қуыршақ, 3 жұмсақ ойыншық сыйға тартты, ал үрлеме шарлар қуыршақ пен жұмсақ ойыншықтың қосындысындай болды. Заринаға қанша үрлеме шар сыйға тартты?

46. Бір пәтерде 5 адам тұрады, ал екіншісінде 4 адам, үшіншісінде бірінші және екінші пәтерлерде тұратын адамдар қосындысындай тұрады. Үшінші пәтерде қанша адам тұрады?

47. Сыныпта 3 қыз бала гимнастикамен, 4 ұл бала күреспен айналысады. Ал хорға гимнастика мен күреске баратын балаларды бірге алғандағыдай бала қатысады. Сонда хорда қанша бала ән айтады?

48. Сәуле бірінші тоқсанда 4 кітап, екінші тоқсанда 3 кітап оқып шықты. Ал үшінші тоқсанда бірінші және екінші тоқсанның қосындысындай кітап оқыды. Сәуле үшінші тоқсанда қанша кітап оқып шықты?

49. Орман шетінде 2 ақ қайың, 3 терек ағашы өсіп тұр, ал қарағайдың саны болса, қайың мен теректі бірге қосқандағыдай болады. Орман шетінде қанша қарағай өсіп тұрды?

50. Автотұрақта 5 көк түсті, 2 қызыл түсті машина тұрды, ал кара түсті машина болса, көкпен қызылдың қосындысындай болды. Автотұрақта қанша машина тұрды?

51. Бақыт таңертең 3 есеп шығарды, түстен кейін 5 есеп, ал кешке таңертеңгі мен түстегіні 1 бірге қосқандағыдай есеп шығарды. Бақыт кешке қанша есеп шығарды?

52. Мадияр бірінші тоқсанда 2 дәптер жазып бітірсе, екіншіде 5 дәптер, ал төртіншіде бірінші мен екіншінің қосындысындай дәптер бітірді. Мадияр төртінші тоқсанда қанша дәптер жазып бітірді?

53. Денис 3 жаста, Қайрат 5 жаста, ал Оляның жасы балалардың жасының қосындысына тең. Оля неше жаста?

54. *Дала қаздары 50 жыл, ал иттер 20 жыл өмір сүреді. Қырандар қанша жыл өмір сүреді, егер олар қаз бен иттің өмір сүру жылын бірге қосқандай өмір сүрсе?

55. *Мерекеге арналып 3 қызыл, 4 сары және 2 көк шар үрленді. Барлығы қанша шар үрленді?

56. *Тиін ағаштағы қуысына 5 ақ саңырауқұлақ, 7 майқұлақ және 8 түлкішек әкелді. Тиін өз қуысына барлығы қанша саңырауқұлақ әкелді?

57. Жаңажылдық сыйлыққа 15 кг шоколад кәмпитін және 10 кг тосын сыйы бар кәмпит сыйлығын сыйлады. Балаларға барлығы қанша килограмм тәттілер сатып алынды?

58. Автобуста 10 жолаушы отырды. Аялдамадан тағы 9 жолаушы мінді. Автобуста қанша жолаушы болды?

59. Балалар еңбек сабағына деп 20 үйеңкі және 30 қайың жапырағын кептірді. Балалар барлығы қанша жапырақ кептірді?

60. Машина бірінші күні – 50 км, екінші күні 20 км жол жүріп өтті. Машина 2 күнде қанша километр жол жүріп өтті?

61. Біздің мемлекетімізде аңдардың 20 түрі мен құстардың 30 түрін аулауға тыйым салынған. Аңдар мен құстардың қанша түрін аулауға тыйым салынған?

62. © Анама әкем 5 қызыл раушан гүлін және Гүлім 2 қызыл қалампыр гүлін сыйға тартты. Анама қанша қызыл түсті гүл сыйланды?

63. © 5 қыз бала жүйек суарды, 3 ер бала қыздардан тығылды. Егер ер балалар жалқауланбаса, қанша адам жұмыс істер еді?

64. © Екі сұр түсті кірпі мен бір қоңыр түсті кірпі жолықты. Сонда қанша кірпі кездесті?

65. © Үйшігінің қасында бір қараторғай ән шырқап отырды. Оған тағы 5 қараторғай ұшып келіп, бірге ән шырқай бастады. Құстар хоры қанша құстан тұрды?

66. © Катяға 2 үлкен қуыршақ пен 2 кішкентай қуыршақ сыйлады. Егер Катя үлкен қуыршақтарын тығып қоймағанда, онда қанша қуыршақ болар еді?

67. !Орман шетінде 3 қайың, 4 қарағай және 12 жөке ағашы өсіп тұрды. Орман шетінде қанша шырша ағашы өсіп тұрды?

68. *Балалар мектеп бақшасында түрлі сұрыптағы, салмақтары әртүрлі – 7кг, 6 кг, 5 кг, 4 кг, 3 кг, 2 кг, 1 кг асқабақ өсіріп шығарды. Оларға асқабақтарды көрмеге әкелу үшін 4 сөмке қажет болды. Асқабақты барлық сөмкелерге салмағын теңдей етіп қалай орнапастыруға болады?

69. !Балық аулауға 3 балықшы бара жатты. Оларға қарсы 2 балықшы жолықты. Өзенге қанша балықшы жол тартты?

70. !Гүлбағына бірінші күні 5 түп түймедақ гүлі, ал екінші күні тағы 4 түп лалагүлі мен 3 түп түймедақ гүлдері отырғызылды. Барлығы қанша түп түймедақ гүлі отырғызылды?

71. !Орман шетінде 5 қарағай, 2 қайың және 3 терек ағашы өсіп тұрды. Орман шетінде барлығы қанша қарағай ағашы өсіп тұрды?

72. ! * Дариға екі жыл бұрын 3 жасқа толды. Ал 5 жылдан кейін ол қанша жаста болады?

73. ! Тоғанда 4 ақ, 5 сұр қаз бен 1 үйрек жузіп жүрді. Тоғанда қанша қаз жүзіп жүрді? (9, 10,4,6 қаз)

74. ! Аулада 8 ақ, 3 шұбар тауық және бір балапан жүрді. Аулада барлығы қанша үлкен тауық жүрді? (11,12,4, 8 тауық)

75. Сыныпта 15 қыз және 5 ер бала болды. Екінші тоқсанда сыныпқа тағы 4 ер бала келді. Сыныпта қанша оқушы болды? (24,16,14,6 оқушы)

76. Менің 6 ұлым бар. Олардың әрбіреуінің туған әпкесі бар. Менің қанша балам бар? (6, 12,7, 13 бала)

77. ^ Айгүл еңбек сабағында 8 көк, ал Гүлмира 5 қызыл және 3 жасыл кішкене шам жасады. Қыздар барлығы қанша кішкене шамдар жасады? (6,0,16,10 кішкене шам)

78. ! Екі дос бірге жол жүру үшін бесінші вагонға отыруға келісті. Бірақ біреуі бесінші вагонға пойыздың басынан, ал екіншісі бесінші вагонға пойыздың соңынан мінді. Достар бір вагонда болуы үшін, бұл пойызда қанша вагон болуы керек?

79. ! Дәрігер науқасқа әр сағат сайын бір- бірден, үш дәрі егуді белгіледі. Барлық дәріні егу қандай уақыт аралығында аякталады?

80. ! 3 футболшы мен 3 хоккейші келді, барлығы 5 адам. Бұлай болуы мүмкін бе?

81. !!Түйеқұс Африка, Оңтүстік Америка және Аустралияда мекендейді. Африка түйеқұсы салмағы 115 кг-ға, аустралиялық Эму түйеқұсы 45 кг-ға, ал оңтүстікамерикалық Нанду 25 кг-ға дейін жетеді. Үш түйеқұстың салмағы қанша?

82. !!Қазақстандағы ең ұзын өзен – Ертіс өзені. Оның Қазақстан аумағындағы ұзындығы 1700 км, ал одан сырт аумақта 2548 км құрайды. Ертіс өзенінің жалпы ұзындығы қандай?

83. !!Орман топырағының бір гектарынан 106 жұлдызпішінді бактерия, 103 инфузория және 104 шұңғылша амёба түрлері табылды. 1 га орман топырағынан барлығы қанша қарапайымдылар дарағы табылды?

Сандарды бірнеше бірліктерге арттыруға (азайтуға) арналған есептер
Жай есептер

1. Сауытта 5 қызыл және одан 2-ге көп жасыл алма бар. Сауытта қанша жасыл алма бар?

2. Бірінші қатарда 7 көрермен, екіншіде одан 3 көрермен артық отырды. Екінші қатарда қанша көрермен отырды?

3. Гүлбағында 7 түймедақ және одан 2-ге көп гүлкекіре өсті. Гүлбағында қанша гүлкекіре өсті?

4. ! Автотұрақта «Нан» деген жазуымен 3 жүк көлігі және 5 жеңіл көлік тұрды. Автотұрақта қанша жеңіл көлік тұрды?
5. Антон бірінші күні 5 түлкіжем саңырауқұлағын жинады, екінші күні майқұлақ саңырауқұлағының 4-уін артық жинады. Антон екінші күні қанша саңырауқұлақ жинады?
6. Сәнияда 10 жабыстырма, ал Сәуледе 5 жабыстырмаға кем болды. Сәуледе қанша жабыстырма болды?
7. Сары кесіндінің ұзындығы - 4 см, ал қызылдікі одан 5 см-ге артық. Қызыл кесіндінің ұзындығы қандай?
8. Балабақшада үшдөңгелекті 8 велосипед бар, ал екідөңгелекті велосипед одан 4-ке кем. Балабақшада қанша екідөңгелекті велосипед бар?
9. Бақшаның ұзындығы 6 метр, ал ені одан 2 метрге кем. Бақшаның ені қандай?
10. Апам 17 бәліш пісіргеннен кейін, оған тағы 4 бәліш пісіру қалды. Сонда апам қанша бәліш пісіреді?
11. Мектептің бірінші қабатындағы дәліздің ұзындығы 12 метрге тең, ал екіншісіндегі одан 5 метрге кем. Екінші қабаттағы дәліздің ұзындығы қандай?
12. Шаянның 10 аяғы, ал араның одан 4-ке кем аяғы бар. Араның қанша аяғы бар?
13. Бірінші үйде 90 терезе бар, ал екінші үйде одан 10 терезеге аз. Екінші үйде қанша терезе бар?
14. Бір машинамен бір күнде 40 т тыңайтқыш, ал екінші күні одан 15 т кем әкелінді. Екінші күні қанша тыңайтқыш әкелінді?
15. Бір қалада 24 кітапхана бар, ал басқа қалада одан 16 кітапханаға көп. Екінші қалада қанша кітапхана бар?
16. Бір қорапта 15 кг, екіншісінде одан 4 кг артық кәмпит бар. Екінші қорапта қанша кәмпит бар?
17. Балабақшаның бір тобында 27 бүлдіршін бар. ал екіншісінде одан 3 бүлдіршінге аз. Екінші топта қанша бүлдіршін бар?

18. *Мерекеге 45 қызыл шар сатып алынды, көк шардың қызылдан 5-уі аз, ал жасылдың көктен 10-ы көп. Мерекеге қанша жасыл шар сатып алынды?
19. Құрылысқа 540 т цемент әкелді, ал құмды 120 т-ға аз әкелді. Құрылысқа қанша тонна құм әкелді?
20. Қаланың саябақ аумағына 745 ағаш отырғызылды, ал қала сыртына одан 250 ағаш артық егілді. Қала сыртына қанша ағаш егілді?
21. **Бірінші жүйекке оқушылар 40 көшет, ал екіншіге 30 көшет отырғызды. Қай жүйекке оқушылар көп көшет отырғызды және қаншаға көп? (10,70,20, 80 көшетке)
22. **Айман 30 пішінді еске сақтаса, Сәуле 10 пішінді есіне сақтады. Сәуле Айманға карағанда қанша пішін кем есіне сақтады? (20, 40, 10, 50 пішін)
23. **Бассейнде таңертең 16 топ, ал кешке 10 топ шұғылданады. Кешкіге карағанда таңертең қанша топ артық шұғылданады? (26, 6, 10, 16 топқа)
24. **Түске дейін бабалар 30 көшет, ал түстен кейін 10 көшет кем суарды. Балалар түстен кейін қанша көшет суарды? (20,40, 10, 30 көшет)
25. **Аспанға 10 ұшақ көтерілді және аэродромда 17 ұшақ қалды. Аспанға көтерілген ұшақтарға карағанда, аэродромда қанша ұшаққа көп қалды? (27,7,10,17 ұшаққа)

Жанама түрдегі жай есептер

26. Сыныпта ақ түсті гүлдерге арналған 5 құмыра бар, бұл қоңыр түстілерге карағанда 3 құмыраға кем. Сыныпта қанша қоңыр түсті құмыра бар?
27. Бір қорапта 18 қарындаш бар, бұл екіншісіндегіден 6 қарындашқа кем. Бірінші қорапта қанша қарындаш бар?
28. Үлкен тобатайда 6 литр сүт бар, бұл кішкентай тобатайдағы сүтке карағанда 3 литрге көп. Кішкентай тобатайда қанша литр сүт бар?

29. Бір батон нан 500 г тартады, ол екіншіге қарағанда 200 г-ға ауырлау. Екінші батонның салмағы қандай?

30. Бір қойын дәптер 60 теңге, яғни басқасына қарағанда 20 теңгеге арзан тұрады. Басқа қойын дәптері қанша тұрады?

31. Үй иесі 7 кг қияр тұздады, бұл қызанаққа қарағанда 2 кг кем. Үй иесі қанша кг қызанақ тұздады?

32. Таня 12 торкөз дәптер сатып алды, бұл кеңжол дәптерге қарағанда 5 дәптерге көп. Таня қанша кеңжол дәптер сатып алды?

33. *Асқарда 53 белгі бар, бұл Болаттағыдан 13 белгіге көп. Болатта қанша белгі бар?

34. Қораптардың бірінде 12 кг кәмпит бар, бұл екіншісіне қарағанда 6 кг артық. Екінші қорапта қанша кәмпит бар?

35. Қораптардың бірінде 18 кг кәмпит бар, бұл екіншісінен 8 кг кем. Екінші қорапта қанша кәмпит бар?

36. Үй тауығы жылына 300 жұмыртқа табады, бұл дала тауығына қарағанда 270 жұмыртқаға артық. Дала тауығы қанша жұмыртқа табады?

37. © Мәрияш бір минутта 10 рет, ал Данияр одан 1 рет кем езу тартты. Данияр қанша рет езу тартты?

38. © Сарышымшық күніне 100 км ұшып өтеді, ал Мәрияш болса, түсінде одан 200 км-ге артық ұшады. Мәрияш түсінде қанша километр ұшып өтеді?

39. © Үстелдің үстінде 6 таза шай кесесі тұрды, ал таза емесі одан 1 -ге аз болды. Баян бір күнде қанша кесе шай ішті?

Құрама есептер

40. Сауытта 5 қызыл алма бар еді, ал жасыл алма одан 2-ге артық болды. Сауытта барлығы қанша алма болды?

41. Гүлбағында 7 түймедақ және одан 2-ге артық гүлкекіре өсті. Гүлбағында барлығы қанша гүл өсті?

42. Автотұрақта «Нан» деген жазуы бар 3 жүк көлігі және одан 5-уі көп жеңіл көлік тұрды. Автотұрақта барлығы қанша көлік тұрды?

43. Аслан бірінші күні 5 ақ саңырауқұлақ жинаса, екінші күні шалғынды түбіртектегі саңырауқұлақтың одан 4-ін көп жинады. Аслан екі күнде барлығы қанша саңырауқұлақ тапты?

44. Сәнияда 10 жабыстырма, ал Сәуледе оған қарағанда 5 жабыстырмаға аз болды. Қыздарда қанша жабыстырма болды?

45. Сары кесіндінің ұзындығы 4 см, ал қызылдікі одан 5 см-ге ұзын. Екі кесіндінің ұзындығы қандай?

46. Балабақшада үшдөңгелекті 8 велосипед болды, ал екідөңгелектің оған қарағанда 4-уі кем. Сонда барлығы қанша велосипед болады?

47. Бақшаның ұзындығы 6 метр, ал ені одан 2 метрге кем. Бақшаның ұзындығы мен енінің қосындысы қандай?

48. Бірінші үйде 90 терезе, ал екіншісінде одан 10 терезеге кем. Екі үйде қанша терезе бар?

49. Шаянның 10 аяғы бар, ал араның аяғы одан 4-ке аз. Екеуінің аяғын қосқанда қанша аяқ бояды?

50. *Сатушы көрме сөреге 7 данадан 3 қатар апельсин және 4 данаға артық алма қойды. Сатушы қанша жеміс қойды?

51. Бір кітапта 35, ал екіншісінде одан 15-ке артық бет бар. Екі кітапта қанша бет бар?

52. Жаңа жылға балалар 12 құттықтау қағазын толтырды, ал 8-наурызға 18 құттықтау қағазын артық жазды. Балапар қанша құттықтау қағазын жазды?

53. Аспашамда 15 үлкен шам бар, ал кішкентайлары оған қарағанда 7-ге аз. Аспашамда барлығы қанша шам бар? .

54. Аспашамда 8 кішкентай шам болса, үлкені одан 7 данаға көп. Аспашамда барлығы қанша шам бар?

55. Бір қалада 24 кіпшана, ал екіншісінде 16 кітапханаға артық. Екі қалада барлығы қанша кітапхана бар?

56. Бір машинамен 40 т тыңайтқыш әкелді, ал екіншісімен одан 15 т аз әкелінді. Екі машинамен қанша тыңайтқыш әкелінді?

57. Бір қорапта 15 кг кәмпит, ал екіншісінде одан 4 кг көп. Екі қорапта қанша кәмпит болады?

58. *Балабақшаның бір тобында 27 бүлдіршін бар, ал екіншісінде одан 3 бүлдіршінге аз. Екі топта қанша бүлдіршін бар?

59. *Мерекеге 25 қызыл шар сатып алынды, көк шардың қызылға қарағанда 5-уі аз, ал көк шардан 10 жасыл шар артық. Мерекеге барлығы қанша шар сатып алынды?

60. *Еңбек сабағына түрлі түсті 10 беттік 4 бума қағазды сатып алды, ал ақ түстісі одан 15 бетке көп болды. Қанша ақ түсті және түрлі түсті қағаз сатып алынды?

61. Сүт дүңгіршегіне 100 литр сүт әкелді, сүтке қарағанда айранды 50 литрге аз, ал қатықты айраннан 20 литрге көп әкелді. Дүңгіршекке қанша литр сүт өнімі әкелінді?

62. Бір қалада 14 ескерткіш, ал екіншісінде бдан 8 ескерткішке аз. Екі қалада қанша ескерткіш

63. !Дөңгелек гүлзарға 24 түп раушан гүлін отырғызды, сопақшасына дөңгелекке қарағанда 12 түп аз, ал ромб тәріздес гүлзарға дөңгелек және сопақ гүлзарлардың қосындысынан 18 түп аз екті. Ромб тәріздес гүлзарға қанша түп раушан гүлін отырғызды?

64. Оля түрлі түсті қағазды 80 теңгеге, ал Салтанат дәл сондай қағазды 55 теңгеге сатып алды. Салтанатқа қарағанда Оля 5 бетке көп сатып алды. Қыздардың әрбіреуі қанша бет қағаз сатып алды? (5 және 14, 27 және 11, 16 және 11, 16 және 5 бет)

Жанама түрдегі құрама есептер

65. Бір қорапта 12 кг кәмпит бар, бұл екіншіге қарағанда 6 кг-ға артық. Екі қорапта барлығы қанша кәмпит бар?

66. Бір қорапта 18 кг кәмпит бар, бұл екіншіге қарағанда 8 кг-ға аз. Екі қорапта барлығы қанша кәмпит бар?

67. Бір машинамен бір күнде 40 т тыңайтқыш тасымалдады, бұл екіншіге қарағанда 15 т-ға аз. Екі машинамен қанша тыңайтқыш тасымалданды?

68. Еңбек сабағына 10 беттен 4 бума түрлі түсті қағаз сатып алынды, бұл ақ түсті қағаздан 15 бетке көп. Қанша түрлі-түсті және қанша ақ қағаз сатып алынды?

69. Бір қалада 24 кітапхана бар, бұл екіншісіне қарағанда 5 кітапханаға көп. Екі қалада қанша кітапхана бар?

70. Үй иесі 17 кг қияр тұздады, бұл қызанақтан 12 кг-ға аз. Үй иесі қанша килограмм қияр мен қызанақ тұздады?

71. Таня 32 торкөз дәптер сатып алды, бұл кеңжолға қарағанда 15 дәптерге көп. Таня барлығы қанша дәптер сатып алды?

72. Асқарда 53 белгі бар, бұл Болаттікіне қарағанда 18 белгіге көп. Балаларда барлығы қанша белгі бар?

73. * Бау-бақшада 12 түп ақ раушан гүлі бар, бұл қызыл түстісіне қарағанда 3 түпке аз. Бау-бақшада барлығы қанша түп раушан гүлі бар?

74. * Бау-бақшада таңқурайдың 64 бұтасы бар, бұл қарлығанға қарағанда 35 бұтаға көп. Бау-бақшада таңқурай мен қарлығанның қанша бұтасы бар?

75. Бір алманың салмағы 100 г, оның салмағы басқа алмадан 300 г-ға аз, Екі алманың салмағын табыңдар.

76. Бір альбомда 350 марка бар, бұл басқа альбомдағыдан 100 маркаға көп. Бұл альбомдарда барлығы қанша марка бар?

77. Асханада 300 шұңғыл тәрелке бар, бұл кішкентайға қарағанда 70 тәрелкеге аз. Асханада барлығы қанша (кішкентай және шұңғыл) тәрелке бар?

78. Бір бумада 500 бет, бұл екіншісіне қарағанда 200 бетке көп. Бұл бумаларда барлығы қанша бет бар?

79. !Үш көпес квас сусынының 7 толық, 7 жартылай толық, 7 бос - барлығы 21 бөшкесің өзара бөліп алғысы келеді. Әрбіреуінде бірдей көлемде квас пен бөшкелер болу үшін не істеу керек?

80. !Төрт дос: Айдос, Берік, Сеня және Қайрат төрт қабатғы үйдің әр түрлі қабатында тұрады. Айдос Беріктен жоғары, бірақ Сенядан төмен, ал Қайрат Беріктен төмен тұрады. Олардың әрбіреуі қандай қабатта тұрады?

81. ! Екі әке мен екі бала үш апельсинді өзара бөлісті. Кімге қаншадан келді?

82. Азаматта 14 торкөз дәптер бар, бұл кеңжолға қарағанда 3 дәптерге көп. Азаматта қанша кеңжол дәптер бар? (25,17,11,31)

83. © Данияр мен Дәурен балды қатты ұнатады. Олар балара ұясының балының дәмін татып көрмекші болады. Дәуренді баларасы 13 рет шағып алады, бұл Даниярдікіне қарағанда 4 шағуы артық. Балапар шаққан жерге қанша бастыру салды?

84. © Маржан бір кеш ішінде 30 дана кәмпиттен 2 қорап шоколад жеп алды, бұл түнде жегеніне қарағанда 1 қорапқа аз. Маржан таңертең мектепке неге келмеді?

85. © Маша бір минутта 99 рет, ал Дима одан 1 рет артық езу тартты. Балалар бірігіп минутына қанша рет езу тартты?

86.© Жәнібек 2 қар түйірін жасады, ал Саша одан 3-ін артық жасады. Егер Жәнібек пен Саша әрбір түйірді мүлт етпей қыздарға тигізген болса қанша сыныптастары оларға ренжуші еді?

87. © Шымшық күніне 150 км-ді ұшып өтеді, ал Вова өз арманында одан 700 км-ге артық ұшып өтеді. Вова шымшықпен бірге қанша километрді ұшып өтеді?

88. © Жәмила 18 коттеждің суретін, ал Құмар одан 2-ін артық салды. Балалар қандай «жылжымайтын байлыққа» ие болды?

89. Шілде айында оңтүстік шөл далада ауаның орташа температурасы 29 градус, ал солтүстік орманды далада - 10 градусқа төмен. Шілде айында орманды даладағы ауаның орташа температурасы қандай?

90. Алматы қорығында құстардың 200 түрі, ал Қорғалжын қорығында - 115-ке артық түрі бар. Қорғалжын қорығында құстардың қанша түрі бар?

91. Жержүзінің ең биік нүктесі - Джомолунгма тауының биіктігі 8848 м құрайды. Ал Қазақстандағы Хан-Тәңірі шыңы одан 1853 м төмен. Хан-Тәңірі шыңының биіктігі қандай?

Белгісіз қосындылар мен қалдықтарды табуға арналған есептер

1. Кішкене қыз екі күнде кітаптың 10 бетін оқып шықты. Бірінші күні ол 2 бет оқыды. Екінші күні ол кітаптың қанша бетін оқыды?

2. Сауытта 8 алма болды. 5 алманы жеп қойды. Сонда қашпа алма қалды?

3. Оқушыға 6 есепті шығару керек. Ол 4-ін шығарды. Енді қанша есеп шығару қалды?

4. Екі күнде саяхатшы 8 км жол жүрді. Бірінші күні ол 5 км жүріп өтті. Саяхатшы екінші күні қанша км жол жүріп өтті?

5. Самат пен Берік көлден 10 мөңке балығын аулап алды. Берік 4 балық ауласа, Самат қанша балық аулады?

6. Ұя басқан тауықгың 7 балапаны бар. Оның 2- уі қара, ал қалғандары сары балапан. Сары түсті балапан қанша?

7. Отбасылық дәрігердің 9 емделушісі бар. Ол 6 емделушіге барып шықты. Дәрігерге қанша емделушіні қарап шығу қалды?

8. Аулада 8 бала ойнап жүрді. Олардың 4-уі ұл бала, қалғандары қыз бала. ұл балалармен бірге қанша қыз бала ойнады?

9. Үстелдің үсгінде 8 шыныаяқ тұрды. Олардың 2-уі сынып қалды. Қанша шыныаяқ қалды?

10. Еңбек сабағына деген жиынтықта әртүрлі 30 бет қағаз бар. Оның 12 беті ақ қағаз. Жиынтықта қанша бет түрлі түсті қағаз бар?

11. Үйдің төбесінде 19 көгершін үшып жүрді. Олардың арасында 3 сұр, қалғандары ақ түсті көгершін болды. Қанша ақ түсті көгершін үшып жүрді?

12. Кітаптың 30 беті бар. Катя оның 20 бетін оқыды. Оқып шығуға қанша бет қалды?

13. Сыныпта 15 бөлме өсімдігі бар. Кішкентай қыз 8 өсімдікті суарды. Оған тағы қанша өсімдікті суару қалды?

14. Шамтізбекте 70 шам бар. Олардың 35-і сары, қалғандары қызыл. Шамтізбекте қанша қызыл түсті шам бар?

15. Далада 100 жөке және үйеңкі ағашын отырғызды. Үйеңкі 30 түп болды. Ал жөке қанша түп болды?

16. Бір көшеде 56 үй тұр. Егер оның 18-і ағаш үй болса, тас үй қанша?

17. Бір күнде бекеттің жанынан 42 пойыз өтеді. Егер оның 37-сі тауар пойызы болса, жолаушы пойызы қанша болғаны?

18. Бау-бақшада 43 түп раушан гүлі бар, олардың 12-сі шай раушан гүлі. Қалған раушан гүлі қанша түп?

19. Саябақта 35 аттракцион бар, олардың 15-і ересектерге арналған. Бапаларға арналған қанша аттракцион бар?

20. Ажардың дәптерінде 45 баға болды. Бес деген — 32 баға, қалғандары - төрт деген баға. Төрт деген баға қанша?

21. Үйге ағылшын тілінен 40 сөз жаттауға берілген болатын. Әлия тек 15 сөзін ғана жаттады. Әлияға әлі қанша сөз жаттау керек?

22. Автобуста 29 адам келе жатты. Аялдамада 15 адам шығып кетті. Автобуста қанша адам қалды?

23. Марат достарымен бірге қараторғайларға арнап 28 ұя жасады. Қараторғай ұясының 12-ін орнатты. Тағы нешеуін орнату қалды?

24. Сыныпта 36 оқушы бар. Концертке 17 оқушы қатысты. Қанша адам концертке қатысқан жоқ?

25. Мадияр 63 нобай сурет салды. Ол ең жақсы 25 суретті бірінші сынып оқушыларына сыйға тартты. Мадиярда қанша нобай қалды?

26. © Сержанның анасы 8 самса пісірді. Сержан аулаға шығып, 5 самсаны достарына бөліп берді. Таңырқаған анасы қанша қалған самсаны көрді?

27. © Ағашта 7 шымшық отырды. Қарындары ашқан кезде 3 шымшық ұшып кетті. Ағашта тамаққа тойған қанша шымшық отырды?

28. © Сәкенге 20 есеп шығару керек. Ол Мақсаттан 2 есепті көшіріп алды. Бірақ, енді Сәкеннің өзіне әлі қанша есеп шығару керек?

29. © Маратқа 30 жабыстырма сыйға тартты. Ол 13 жабыстырманы маңдайына жабыстырып алды. Альбомға жабыстыру үшін онда қанша жабыстырма қалды?

30. © Арманның сөресінде 50 кітап тұр. Ол тек бір кітапты ғана оқып шықты. Арманның назарын қанша кітап күтуде?

31. Марқакөл және Батыс Алтай қорықтарында барлығы 1285 өсімдіктер түрі өседі. Марқакөл қорығында 721 өсімдіктер түрі бар. Батыс Алтай қорығында өсімдіктердің қанша түрі өседі?

32. Қазақстанда 693 жерасты сулары кен орындары барланды, олардың 70-і -артезиан, қалғандары арынды емес. Неше арынды емес су көздері барланды?

33. Тянь-Шаньда 1 009 мұздық бар, бұл Жоңғар Алатауындағы мұздықтар санынан 360-ка кем. Жоңғар Алатауындағы мұздықтардың саны қанша?

**Азайғыш, азайтқыш және айырманы табуға
арналған есептер**

Жай есептер

1. Мәликаның 9 дәптері болды. Ол бірнеше дәптерді жазып аяқтағанда, оның әлі, 5 дәптері қалды. Мәлика қанша дәптерді жазып бітірді?
2. Тәрелкеде 8 шабдалы болды. Бірнеше шабдалыны жеп қойған кезде, тәрелкеде 3 шабдалы қалды. Сонда қанша шабдалы желінді?
3. Дүкен сөресінде 10 қуыршақ тұрды. Бірнеше қуыршақты сатқаннан кейін, 5 қуыршақ қалды қанша қуыршақ сатылды?
4. Жөндеу жұмыстарына 7 орама тұсқағаз сатып алынды. Бөлмені жабыстырып біткенде, 3 орама тұсқағаз қалды. Жөндеуге қанша орама тұсқағаз кетті?

5. Бау-бақшаны көгалдандыруға 9 көшет сатып алынды. 4 көшетті отырғызды. Отырғызуға қанша көшет қалды?

6. Орман алаңқайында 7 түлкі ойнап жүрді. Бірнеше түлкі қашып кеткен кезде, 2 түлкі қалды. Қанша түлкі қашып кетті?

7. Сауытта жаңғақтар жатты. Одан 5 жаңғақты алған кезде, 2 жаңғақ қалды. Сауытта қанша жаңғақ жатты?

8. Сауытта 6 жаңғақ жатты. Одан бірнеше жаңғақты алған кезде, 3 жаңғақ қалды. Сауыттан қанша жаңғақ алынды?

9. Сәнияның күнделігінде 3 «бес» деген баға тұрды. Сәния тағы бірнеше бестік алғаннан кейін, олардың саны 7 болды. Сәния тағы қанша «бес» алды?

10. 6 орындық сырланған болатын. Тағы бірнеше орындықты сырлаған кезде, олардың саны 10 болды. Тағы қанша орындық сырланды?

11. Сыныпта 25 оқушы бар. Бірнеше бала ауырып қалған кезде, мектепке 22 оқушы келді. Қанша бала ауырып қалды?

12. Өткеншекте 27 бала ойнап жүрді. Бірнеше бала түсіп кеткен кезде, өткеншекте 20 адам қалды. Өткеншектен қанша бала түсіп кетті?

13. Автобуста бірнеше адам келе жатты. Автобуска аялдамадан 11 адам мінген кезде, 33 адам болды. Автобуста бастапқыда қанша адам келе жатты?

14. Автобуста 14 адам келе жатты. Аялдамадан бірнеше адам кіріп, автобустағы адамдардың саны 27 болды. Автобусты қанша адам кірді?

15. Мектеп манайында 25 терес өсіп тұрды. Күзге қарай тағы бірнеше терек отырғызылғанда, олардың саны 40-қа жетті. Күзде қанша терек отырғызылды?

16. Бөшкеде 50 шелек су болды. Одан суаруға бірнеше шелек су алған кезде, оның ішінде 30 шелек су қалды. Бөшкеден қанша шелек су алынды?

17. Спорт залда 16 адам шынығып жатты. Тағы бірнеше адам келген кезде, онда 38 адам болды. Спорт залға қанша адам келді?

18. Ләйлә түсіп қалған бірнеше жапырақты кептіріп қойды, оның 12-сін досына сыйлады. Бұдан кейін онда әлі 25 жапырақ қалды. Ләйлә қанша жапырақ кептірді?

19. Тікұшақтан 12 адам шыққан кезде, оның ішінде 2 адам қалды. Тікұшақта қанша адам болды?

20. 32 кг қиярды сатқаннан кейін, әлі 12кг-ын сату қалды. Дүкеншіде қанша килограмм қияр болды?

21. Монтер жөндеу үшін 42 метр электр сымын жұмсады. Оның әлі 18 метр сымы қалды. Монтерде қанша метр электр сымы болды?

22. Гараждан 29 машина кеткен кезде, онда 11 машина қалды. Гаражда қанша машина болды?

23. Аспанға 10 ұшақ көтерілді, ал аэродромда 17 ұшақ қалды. Аэродромда қанша ұшақ болды? (17, 10,27,7 ұшақ)

24. Әскери аэродромда 42 ұшақ болды. Әскери тапсырмамен бірнеше ұшақ ұшып шықты, сонда аэродромда 28 ұшақ қалды. Тапсырмаға қанша ұшақ ұшып кетті? (28,14,21,70 ұшақ)

25. Арал теңізінің бастапқы тереңдігі 62 метрге тең болды. Құрғақшылық пен ретсіз қолдану салдарынан су деңгейі төмендеп, 39 метрге дейін түсті. Арал теңізінің су деңгейі неше метрге төмендеді?

Құрама есептер

26. Аман бірнеше қорап тоқаш сатып алды. Ол үйіне 4 қорабын қалдырды, 3 қорапты әжесіне апарды, ал 6 қорабын достарына таратты. Аман қанша қорап тоқаш сатып алды?

27. Бірнеше құты қияр тұздалды. 13 кг қиярды жеп, салаттарға 5 кг қолданған соң, қалғаны 15 кг болды. Қанша қияр тұздалды?

28. Залда 34 қызыл және 45 көк орындық болды. Егер бірінші залда 23 орындық қалса, басқа залға қанша орындық тасылды?

29. Ілияс альбомда 25 ергежейлі мен 16 чебурашканың суретін салды. Ол 9 ергежейліні эльфке және 5 чебурашканы аюға өзгертті. Қанша ергежейлі мен чебурашка қалды?

30. Бау-бақшада 45 бақытгүлі бар. Олардың 18-і үлкен гүлбағында, ал қалғаны 3 кішкентай гүлбағында теңдей етіп өсіріледі. Кішкентай гүлбағында қанша бақытгүлі өсірілуде?

31. Мектеп ауласында 35 ұл және 7 қыз бала жұмыс істеді. Бірнеше адам кетіп қалған кезде, онда 17 адам қалды. Қанша адам кетіп қалды? (25, 5, |5,17)

32. ©! Жаңа сырланған 12 парта мен сырланбаған 5 парта болатын. Марат жаңа сырланған бірнеше партаға отырған кезде, таңбасыз 7 парта қалды. Барлығы қанша және қайтадан қанша парта сырлау керек?

33. © Мүсілім сабаққа даяр болмаған кезде, өз жауабын «э-э-э-э...» әрпінен бастайтын. Бір күнде ол барлығы 24 рет «э-э-э-э...» депті. Соның 8-ін математика сабағында, география сабағында 5 рет ал қалғанын қазақ тілі сабағында айтып шығыпты. Мүсілім қанша рет қазақ тілі сабағында, «э-э-э-э...»деді?

34. Бамбук ең тез өсетік өсімдік екені баршаға мәлім. Оның жас өскінінің биіктігі - 3 м 20 см. Келесі күні оның биіктігі 4 м 10 см-ге дейін жетті. Сонда бір тәулік ішінде бамбук қаншаға өседі екен?

35. Бәйтеректің «алтын шарына» дейінгі биіктігі -97 м, ал жалпы биіктігі 105 метрге тең. Сонда «алтын шардың» диаметрі қанша екен?

**Айырымды және еселі салыстыруға
арналған есептер**
Жай есептер

1. Бау-бақшада 8 бұта таңқурай және 5 бұта қарақат бар. Қарақатқа қарағанда таңқурай қанша бұтаға көп?
2. Жазда 4 кг саңырауқұлақ кептіріп, 10 кг тұздалды. Тұздалғанға қарағанда қанша саңырауқұлақ аз кептірілді?
3. Дүкенге 10 жәшік құрма мен 7 жәшік жүзім әкелді. Дүкенге жүзімге қарағанда, қанша жәшік құрма көп әкелінді?
4. Аман 7 жаста, ал Мәдина 10 жаста. Мәдина Аманнан қанша жас үлкен?
5. Болат 8 саңырауқұлақ, ал Анар 10 саңырауқұлақ тауып алды. Анармен салыстырғанда, Болат қанша саңырауқұлақ аз тапты? |

6. Үйдің биіктігі 16 метр, ал қораның биіктігі 4 метр. Қора үйден қанша метр төмен?

7. Емен діңгегінің құлашы 10 метр, ал баобаб діңгегінің құлашы - 50 метр. Баобаб ағашы діңгегінің құлашы қанша метрге артық?

8. Пойыз Астанадан Алматыға дейін 2 күн, ал Алматыдан Мәскеуге дейін 4 күн жүреді. Астанадан Алматыға дейінгі пойызға қарағанда, Алматыдан Мәскеуге дейін жүретін пойыз қанша күнге ұзақ жүреді?

9. Анам 7 кг карамель және 3 кг шоколад кәмпитін сатып алды. Анам шоколад кәмпитті карамельге қарағанда қанша килограммға аз сатып алды?

10. Аспашамда 15 үлкен және 8 кішкентай шам бар. Үлкенге қарағанда кішкентай шам қаншаға аз?

11. Мектеп буфетінде 35 орындық, 7 үстел бар. Үстелге қарағанда, орындықтар қаншаға көп?

12. Мектеп буфетінде 30 орындық, 5 үстел бар. Үстелге қарағанда, орындықтар неше есе көп?

13. Бір баланың салмағы 36 кг, екіншісінікі -29 кг. Бірінші баланың салмағы қанша кг көп?

14. Ер адамның қадамы 75 см, ал жас баланың қадамы 50 см болады. Жас баланың қадамы ер адамнан қаншаға аз?

15. Көрмеде екі асқабақ болды: біреуі 40 кг, ал екіншісі 37 кг тартады. Бірінші асқабақ қанша килограмға ауырлау болды?

16. Әжесі 56 жаста, ал немересі 10 жаста. Немересі әжесінен қанша жас кіші?

17. Анасы 30 жаста, ал қызы 5 жаста. Анасы қызынан қанша жас үлкен?

18. Қазақстанда 8,5 мың үлкен және кіші өзендер, 48 мың көлдер бар. Көлдер саны өзендерден қаншаға көп?

19. Ең жүйрік құс - сапсан қыраны. Оның жылдамдығы 320 км/сағ дейін жетеді, ал еур қарлығаштың ең үлкен жылдамдығы - 160 км/сағ. Қыранның жылдамдығы қарлығаштың жылдамдығынан неше есе артық?

Құрама есептер

20. Кәдінің салмағы 2 кг, ал асқабақ 4 кг тартады. Асханаға осындай 9 кәді және 6 асқабақ әкелді. Кәдіге қарағанда, асқабақ қанша килограмға көп?

21. Мадияр 4 күнде 12 бет оқып шықты, ал Амангелді 30 күн ішінде 18 бет оқыды. Мадиярға қарағанда, Амангелді күніне қанша бет көп оқиды?

22. Кәді 2 кг, ал асқабақ 4 кг тартады. Асханаға осындай 4 кәді мен 8 асқабақ әкелді. Бір асқабақ бір кәдіден неше есе ауыр? Барлық асқабақтан барлық кәді қанша есе ауыр?

23. ! Мұрат, Серік және Дәурен эстафетадан жүлделі орындар алды. Мұрат бірінші болған жоқ, ал Дәурен бірінші де және екінші де келген жоқ. Балалардың әрқайсысы қандай орын алды?

24. ! Балалар бір-бірінен кім неше жаста екенін сұрай бастады. Марат Бауыржаннан кіші болып шықты, бірақ Қанаттан үлкен. Бауыржан Бейбіттен кіші, ал Дастан Қанаттан кіші. Балалардың қайсысы барлығынан үлкен? Кім барлығынан кіші?

25. ! Анар, Байжан, Баян және Ғалымжан барлығы 10 балық ұстап алды, оған қоса олардың әрбіреуі ең болмағанда бір балықтан ұстады және сонымен қатар әрбіреуі әртүрлі көлемдегі балықты аулап алды. Анар барлығынан көп ал Баян - барлығынан аз ұстады. Кім ең көп балық ұстады: ұлдар ма, әлде қыздар ма?

26. ! Қалаға қарай 3 автомобиль, ал оларға, қарсы 5 автобус келе жатты. Қандай көлік қалаға тезірек жетеді?

27. ©! Марат пен Ілияс бір-бірімен 2 сағат хоккей ойнады. Алдымен үйіне Марат, ал бір сағаттан кейін Ілияс кетті. Марат Ілиястан неше сағат артық ойнады?

28. Ұрғашы құрбақа 2 біріккен таспа түрінде болатын, 150 уылдырық салады, аталығы оларды аяғына орап алып, дернәсілдері пайда болғанша өзімен бірге алып жүреді. Ал жасыл бақа 6000-ға жуық уылдырық салады. Жасыл бақа құрбақаға қарағанда неше есе артық уылдырық салады?

Кестелік көбейту мен бөлуге арналған есептер
Тең бөліктерге және құрамы бойынша бөлу

Жай есептер

1. Карусельдің 1 қайығына 6 адам отыра алады. Сонда 4 қайыққа қанша адам отырады?
2. Көйлектің 6 түймесі бар. Осындай 4 көйлекте қанша түйме бар?
3. Бір дәптер 8 теңге тұрады. Осындай дәптердің 5-і қанша тұрады?
4. Әрбір 5 тәрелкеде - 7 алмадан. Барлығы қанша алма бар?
5. Карусельдің 4 қайығын 24 адам отыра алады. Бір қайыққа қанша адам отыра алады?

6. Карусельдің 1 қайығына 6 адам сыяды. 24 адамды отырғызып қыдырту үшін қанша қайық керек?

7. Бір орамада a бума қағаз бар. Ал 3 орамада қанша бума қағаз бар?

8. Әр сынып бөлмесіне 3 орындықтан 12 жаңа орындық әкелді. Қанша сыныпқа жаңа орындық қойды?

9. 15 дәптерді 5 оқушыға тең таратып берді. Сонда әр оқушы қанша дәптерден алады?

10. Оқушыларға 10 дәптерді 2 дәптерден таратып берді. Дәптерге қанша оқушы ие болды?

11. Бір қорапта 8 қарындаш бар. Егер барлығы 24 қарындаш болса, қанша қорап сатып алынды?

12. Үш гүлшоғында 9 қызғалдақ бар. Егер әр гүлшоғында қызғалдақтар тең болса, бір гүлшоғында қанша қызғалдақ бар?

13. Егер:

a. 5 бірдей дәптер 7 теңгеден;

b. 7 қарындаш 9 теңгеден;

c. 9 кәмпит 8 теңгеден;

9. a қарындаштар b теңгеден болса, әрқай-сысының бағасы қанша болады?

14. Дүкенге әрқайсысында 15 кг-нан 3 жәшік сәбіз әкелінді. Барлығы қанша килограмм сәбіз әкелінді?

15. Егер:

a. 5 дәптер 35 теңге;

b. 7 қағаз түйрегіш 56 теңге;

c. 6 өшіргіш 42 теңге;

d. c добы a теңге тұрса, бір заттың бағасы қаншадан болады?

16. Жүп-жұбымен 14 баланы сапқа тізіп қойды. Сонда қанша жүп болды?

17. Бір заттың бағасы 7 теңге болса, ал барлығына 42 (49, 21, 14, 63, c) теңге төленсе, қанша зат сатып алынды?

18. Бір заттың бағасы 9 теңге болса, 18 (27, 9, 45, 54, a) теңге төленсе, қанша зат сатып алынды?

19. Бір жарыс машинасында 4 жарысқа түсуші бар. Осындай 7 машинада қанша жарысушы бар?

20. Бір пакетте 15 құпықтау қағазы бар. Осындай c пакеттерде қанша құттықтау қағазы бар?

21. 2 тәрелкеге теңдей етіп 18 самсаны салып қойды. Әрбір тәрелкеде қанша самса бар?

22. Бір жәшікте 15 кг кәмпит бар. Осындай 4 жәшікте қанша килограмм кәмпит бар?

23. Себетке 35 допты орналастырғанда, әр себетте 7 доптан болып шықты. Сонда неше себет болды?

24. Әр қатарға 8 бұтадан 9 қатар қарақат отырғызды. Қанша бұта қарақат отырғызды?

25. Кітаптың 24 беті бар. Алмас күнде бірдей көлемде бет оқып, 6 күн ішінде бұл кітапты оқып бітірді. Алмас күнде қанша беттен оқыды?

26. Сахнада 27 оқушыны 3 қатардан жайғастырды. Әр қатарда қанша оқушы болды?

27. Бір будада a шалғам болды. Осындай 6 будада қанша шалғам болды?

28. 4 самсаға 16 шиені теңдей етіп салды. Әрбір самсада қанша шие болды?

29. Бір тобатайда 5 литр сүт бар. 9 тобатайда қанша сүт бар?

30. 5 тәрелкеге әрбіреуіне 5 алмадан қойды. Барлығы қанша алма қойды?

31. Сатушы 3 сатып алушыға 2 кг-нан алма өлшеп берді. Сатушы барлығы қанша алма өлшеді?

32. Сатушы 8 сатып алушыға 4 кг-нан мандарин өлшеп берді. Сатушы барлығы қанша мандарин өлшеді?

33. 25 кг печенье 5 пакетке салынды. Сонда қанша пакет қажет болды?

34. 16 сыйлықты теңдей етіп 4 пакетке орналастырды. Әр пакетте қанша сыйлық бар?

35. 7 тәрелкеге 4 жұқа наннан салды. Қанша жұқа нан салынды?

36. 7 қорапқа теңдей етіп 56 кг құрманы буыптүйді. Әр қорапта қанша құрма бар?

37. Бағбан бір күнде зиянкестерден 8 жеміс ағашын өңдейді. 56 ағашы бар бау-бақшаны ол қанша күнде өңдеп бітіреді?

38. Бір қойдан 6 кг жүн қырқады. 7 қойдан қанша жүн қырқуға болады?

39. Ойын үшін 30 оқушы *c* командаға теңдей етіп бөлінді. Әр командада қанша баладан болды?

40. Бес қабатты үйдің подъезінің әрбір қабатында 4 пәтерден бар. Әр подъезде барлығы қанша пәтер бар?

41. 35 жаңа орындық сатып алынып, 7 сыныпқа бірдей етіп орналастырылды. Әрбір сыныпқа қанша орындықтан қойды?

42. Ардагерлерді құттықтау үшін балалар әрқайсысында 9 қалампырдан 5 гүлшоғын сатып алды. Балалар барлығы қанша қалампыр сатып алды?

43. Қораптарға 42 кесені алты-алтыдан буып- түйіп қойды. Барлығы қанша қорап болды?

44. Кітапханаға 35 оқулық әкеліп, 7 сөреге қойды. Бір сөреге қанша оқулықтан қойылды?

45. Дәптер тысының бағасы 7 теңге. *c* тысқа қанша төлеу керек?

46. Бір бетте 10 жабыстырма бар, олар 50 теңге тұрады. Бір жабыстырма қанша тұрады?

47. 4 жабыстырма 32 теңге тұрады. 1 жабыстырма қанша тұрады?

48. Мектеп асханасына әр тәрелкеге 2-ден құймақ қойды. Қанша тәрелке қажет болды?

49. Ағаш ұстасы әр күнде 8 орындық жасап отырды. Ол 48 орындықты неше күнде дайындайды?

50. 63 раушан гүлінен әрқайсысында 7 данадан гүлшоқтар жасады. Қанша гүлшоғы жасалды?

51. Әрқайсысында 7 дана раушан гүлі бар 9 гүлшоғын жасады. Гүлшоқтарды жасауға қанша раушан гүлі қажет болды?

52. 9 гүлшоғын 63 раушан гүлінен жасады. Әр гүлшоғында қанша раушан гүлі бар?

53. 30 алманы 5 тәрелкеге теңдей етіп салып қойды. Әр тәрелкеде қанша алма бар?

54. Амазонкада виктория-регия деп аталатын ең ірі су өсімдігі өседі. Оның жапырағының диаметрі 2 м, ол 50 кг-ға дейін салмақты көтере алады. Осы өсімдіктің 5 жапырағы қандай салмаққа шыдай алады?

Құрама есептер

55. Бірдей 6 жәшікте 42 кг қараөрік бар. Осындай екі жәшікте қанша килограмм қараөрік бар?

56. 20 алмұртты 4 тәрелкеге теңдей етіп салып қойды. Сосын әрқайсысына тағы 2 алмадан салды. Сонда бір тәрелкеде қанша жеміс болды?

57. Анам әрбіреуінде 6 данадан 4 орама ирис сатып алды. Ол барлық кәмпітгі үш бапаның арасында теңдей етіп бөліп берді. Әр бала қанша кәмпіт алды?

58. 40 литр шырынды 8 құтыға құйды. 35 литр шырынды құюға осындай құтының қаншасы қажет болады?

59. Фабрикада 63 литр сырды 9 құтыға құйды, 35 литр сырды құюға қанша құты қажет болды?

60. Бірінші сынып оқушысы Саша - 3 кітап, ал екінші сынып оқушысы Мадияр 3 есе көп оқыды. Балалар қанша кітап оқып шықты?

61. 9 қабатты үйдің 2 подъезі бар. Әр қабатта 4 пәтерден орналасқан. Үйде қанша пәтер бар?

62. Тәрелкелерге 9 алмадан 18 алмаңы және әр тәрелкеге 4 алмұрттан 12 алмұртты салды. Қанша тәрелке қажет брлады?

63. Балалар хорына ұл балалар мен қыз балалар қатысады. Әр қатарда 7 адамнан тұрады. Қыздар 14, ал ұл балалар одан 3 қатарға көп. Хорда қанша ұл бала бар?

64. Жарыста әр қатарда 7-ден 14 қыз және 3 қатарға көп ұл балалар сапқа тұрды. Жарысқа қанша бала қатысты?

65. Шайға 7 данадан 5 тәрелке ірімшік аралас тәтті тоқаш пен 5 данадан 3 тәрелке бисквиттік тәтті тоқаш әкелді. Шайға барлығы қанша тәтті тоқаш салды?

66. !2 шыныаяқ пен 2 құмыраның салмағы 14 табақшаның салмағымен бірдей тартады. Бір құмыраның салмағы бір шыныаяқ пен бір табақшаға тең. Қанша табақшаның салмағы бір құмыраға тең болады?

67. !Алмұрт алмадан ауырлау, бірақ апельсиннен жеңіл. Алма шабдалыдан ауырлау, ал апельсин ананастан жеңіл. Ең ауыр және ең жеңіл жемісті тап.

68. Бір жүйектен 18 кг, ал екіншісінен 54 кг сәбіз жиналды. Барлық сәбізді әр себетке 8 килограмнан бөліп салды. Сонда қанша себет болды? (72,4,576,9).

69. © Үшінші сыныпта 30 оқушы бар. Күніне оларда 5 сабақ болады. Егер әрбір оқушы әр сабақта бір бағадан алса, онда мұғалімдерге күнделікке қанша баға қоюға тура келеді?

70. © Мектепте 800 оқушы бар. Егер әр оқушы сыныпта салмағы 100 грамм қажет емес шимай дәптер қалдырса, онда 6 оқу күнінде түрлі жарамсыз қағаздардың салмағы қандай болады?

71. © Маршруттық автобуста 12 отыратын орын бар. Бірақ 3-сыныптың оқушылары баратын болса, онда орындар 3 есе көп болады. Үшінші сыныптың оқушылары жүретін кезде маршруттық автобуста қанша орын болады?

72. Оңтүстік Америкадағы анаконданың ұзындығы 10 м 50 см-ге дейін жетеді. Егер анаконданың бір оралымы 2 м 10 см болса, ол неше рет шиыршықталып оралады?

73. Ең жуан ағаш - баобаб; оның құлаштағы жуандығы 25,5 м. Егер адамның құлашы орташа алғанда 150 см екені белгілі болса, баобабты құлаштап алу үшін неше адам қажет?

Санның бірнеше есе артуына (азаюына) арналған есептер
Жай есептер

1. Кітапхананың оқу залында 8 үстел бар, ал орындықтар одан 4 есеге көп. Оқу залында қанша орындық бар?

2. Көк сауытта 7 жаңғақ, ал сары сауытта көкке қарағанда 5 есе көп жаңғақ жатты. Сары сауытта қанша жаңғақ жатты?

3. Көк сауытта 16 жаңғақ, ал сарысында одан 2 есе аз болды. Сары сауытта қанша жаңғақ болды?

4. Үстелдің үстінде 18 түрлі түсті қарындаш жатыр, ал қара қарындаш -одан 6 есеге аз. Қара қарындаш қанша?

5. Қауын 3 кг, ал қарбыз одан 3 есе көп тартады. Қарбыз қанша тартады?

6. Суретші көрмеге 7 натюрморт суретін, ал пейзажды одан 5 есеге көп салды. Суретші қанша пейзаж суретін салды?

7. Әкесі 32 жаста, ал ұлы 8 жаста. Ұлы әкесінен неше жас кіші?

8. Әпкесі 15 жаста, ал інісі одан 5 есе кіші. Інісі нешеде?

9. Бір сөреде 7, ал екіншісінде одсй 3 есе көп кітап тұр. Екінші сөреде қанша кітап тұр?

10. Жиынтықта 24 түрлі түсті қарындаш бар, ал қара қарындаштар 8 есеге аз. Жиынтықта қанша қара қарындаш бар?

11. Әкесі 28 жаста, ал ұлы 7 жаста. Әкесі ұлынан неше есе үлкен?

12. Бір қорапта 30 шырша ойыншығы бар, ал екіншісінде - одан 6 есеге аз. Екінші қорапта қанша ойыншық бар?

13. Бір қорапта 50, ал екіншісінде 6 есеге көп шырша ойыншығы бар. Екінші қорапта қанша ойыншық бар?

14. Бір қорапта - 30, ал екіншісінде 5 шырша ойыншығы бар. Біріншіге қарағанда, екінші қораптағы ойыншық қанша есеге аз?

15. Бақыттың күнделігінде 32 «бес» және 8 «төрт» бар. Беске қарағанда, төрт неше есеге аз?

16. Мереке үшін пісірілген кремді бар 35 тәтті тоқаш сатып алынды, ал шоколадты кремді одан 5 есе аз алды. Шоколадты кремді тәтті тоқаш қанша?

17. Радиодан 24 эстрадалық ән және 6 есе аз романс жіберді. Радиодан қанша романс жіберді?

18. Теледидардан бір аптаның ішінде 15 фильм және 3 есе аз мультфильм көрсетті. Теледидардан қанша мультфильм көрсетті?

19. Ауылдан қалаға дейін жүк көлігі 150 км жүрді, осыдан кейін оған өзінің жүрген жолына қарағанда, үш есе аз жол жүру қалды. Оған жүруге қалған қашықтықты тап.

20. Дүкенге 320 кг алма, алмұртты - 4 есе аз, ал алмұртқа қарағанда, өрікті 5 есе көп әкелді. Дүкенге қанша өрік әкелінді?

21. Ауылда 4 мектеп, ал қалада одан 9 есе көп мектеп бар. Қалада қанша мектеп бар?

22. Концерттік костюмдерді тігуге, 50 метр қызыл жібек және 2500 см ақ жібек сатып алынды. Қандай жібекті көп сатып алды және неше есеге?

23. Таңертеңгілік асқа, Жеңіс 400 г сары май, 200 г ірімшік сатып алды. Жеңіс ірімшікке қарағанда, сары майды қанша есеге көп алды?

24. Астанадан Алматыға дейін пойыз 2 күн, ал Алматыдан Мәскеуге дейін 4 күн жүріп барады. Астанадан Алматыға дейінгіге қарағанда, Алматыдан Мәскеуге дейінгі пойыз қанша есеге көп жүреді? (2,3,4,5 есеге)

25. Эвкалипт - ең тез өсетін ағаштардың бірі. Ол жылына 5 метрге өседі. Эвкалиптің биіктігі 100 метрге дейін жету үшін неше жыл өтуі қажет?

26. Сарышымшық әр күн сайын 5 грамм жем жейді, ал түйеқұс - 320 есе артық. Осы екі құсқа 10 күнге барлығы қанша жем қажет?

Құрама есептер

27. Ойыншықтар жиынтығында 5 машина бар, ал солдат ойыншықтар 3 есеге көп. Осындай 4 жиынтықта қанша ойыншық бар?

28. Бір жиынтықта 6 шыныаяқ және 6 табақша бар. Осындай 5 жиынтыққа қанша шыныаяқ және табақша бар?

29. Ауылда 4 мектеп бар, ал қалада - 9 есе көп. Қала мен ауылдағыны бірге қосқанда қанша мектеп болады?

30. Бақшадан 300 кг картоп, ал сәбіз 2 есе аз жиналды. Барлығы қанша көкөніс жиналды?

31. Дүкенде фильмдері бар 48 диск болды, ал фильмдері бар дискілерге қарағанда, ойындарымен - 6 есе аз, ал ойындары бар дискілерге қарағанда, сөздікпен 2 есеге аз болды. Сөздігі бар қанша диск болды?

32. Хрестоматияда 21 ертегі, повестер – 3 есе аз, ал повестке қарағанда, әңгімелер – 2 есе көп. Хрестоматияда қанша әңгімелер бар?

33. Сервизде 18 тәрелке бар, тәрелкеге қарағанда шыныаяқ - 3 есе аз, ал шыныаяққа қарағанда салат салатын ыдыс - 2 есеге аз. Сервизде қанша салат салатын ыдыс бар?

34. *Дарын 16 ертегі оқыды, ертегіге қарағанда, әңгімелерді 3 есе көп оқыды. Ал әңгімелерге қарағанда өлеңдерді 2 есе аз оқыды. Дарын қанша өлеңдер, әңгімелер, ертегілер оқып шықты?

35. Мерекеге пісірілген креммен 25, ал шоколад кремімен 4 есе көп тәтті тоқаш сатып алынды. Барлығы қанша тәтті тоқаш сатып алынды?

36. Супермаркетте үш сөреге 860 қорап шырын орналастырды. Бірінші сөреге 140 қорап, екіншісіне біріншіге қарағанда - 2 есе көп. Ал үшіншіге - қалғандарын. Үшінші сөреде қанша қорап шырын тұр?

37. Дүкеннің 3 бөлімінде 75 адам жұмыс істейді. Ойыншық бөлімінде - 16 адам, балалар киімі бөлімінде - одан 2 есе көп, ал қалғандары - кітап бөлімінде істейді. Кітап бөлімінде неше сатушы жұмыс істейді?

38. Циркте 3 жылқы мен 5 ешкіге 51 кг шөп беріп тұрды. Әр жылқыға 12 кг шөп берілді. Әр ешкіге қанша кг шөп берілді?

39. Суретші көрмеге 70 натюрморт салды, ал пейзаж суретін - 5 есе көп. Суретші барлығы қанша сурет салды?

40. Сатушы сөреге әр қатарға 20 данадан 12 қатар апельсин, ал алманы 3 есеге көп қойды. Сатушы сөреге барлығы қанша жеміс қойды?

41. Ауылдан қалаға дейін жүк көлігі 150 км жүріп келді, содан соң өзінің жүрген жолына қарағанда, үш есе аз жүру қалды. Қаладан ауылға дейінгі арақашықтықты тап.

42. Үлкен аспашамда 20 шамнан 3 қатар, ал кішкентайында 4 есе аз шам бар. Үлкен және кішкентай аспашамда қанша шам бар?

43. Жөндеу жұмыстарына 3 кг-нан 4 құты ақ сыр және одан 2 есе көп көгілдір сыр сатып алынды. Қанша майшыты (эмульсия) сатып алынды, егер ол көгілдір сырдан 6 есе аз екені белгілі болса?

44. Үлкен аспашамда 20 шамнан 3 қатар бар, ал кішкентайында - 5 есе аз. Үлкен және кішкентай аспашамда барлығы қанша шам бар?

45. Радиодан 36 эстрадалық ән және одан 6 есе аз романс жіберді. Барлығы қанша музыкалық шығарма жіберді?

46. Супермаркеттің үш сәресіне қораптағы шырындар орналастырылды. Бірінші сәреге 140 қорап, екіншісіне біріншіге қарағанда - 2 есе көп, ал үшіншісіне - қалғандары. Егер үшінші сәреде бірінші мен екінші сәредегінің қосындысындай шырын болса, үш сәреде қанша қорап шырын болды?

47. Гүлдер көрмесіне 644 өсімдік ұсынылды. Бірінші залда 187 өсімдік, екіншіде - екі есе көп, ал қалғаны үшінші залға қойылды. Үшінші залда қанша өсімдік қойылды?

48. Теледидардан бір аптаның ішінде 42 көркем фильм және 3 есе аз мультфильм көрсетті. Барлығы бір аптада қанша фильм көрсетілді?

49. Дүкенге 320 кг алма, алмұрт 4 есе аз, ал өріктер алмұртқа қарағанда 5 есе көп әкелінді. Дүкенге барлығы қанша жеміс түрі әкелінді?

50. *Саңырауқұлақ жинаушылар орманға 40 адамнан екі автобуспен және әрбіреуінде 5 адамнан 4 машинамен барды. Машинаға қарағанда, автобуспен қанша есе адам көп барды?

51. Сауытта 120 тәрелке бар, шыныаяқтары тәрелкеге қарағанда 4 есеге аз, ал салат салатын ыдыс шыныаяқтан - 2 есе аз. Барлығы сауытқа қанша ыдыс бар?

52. Альбом 40 теңге, ал кітап бдан 3 есе қымбат тұрады. Барлығы қанша теңге тұрады? (83 теңге, 160 теңге, 120 теңге, 53 теңге)

53. Теплоход 6 сағатта 180 км жүрді, ал машина 4 сағатта 360 км жүріп өтті. Теплоходтың жылдамдығы машинаның жылдамдығынан қанша есеге аз? (5,4,2,3 есеге)

54. ® Лашын балапандарын ұясында 30 күн, ал қаршыға - 3 есе ұзақ тамақтандырады екен. Сонда қаршыға балапандарын ұясында неше күн тамақтандырады?

Жанама түрдегі жай және құрама есептер

55. Әкесі 36 жаста, яғни баласынан 9 есе үлкен. Баласы неше жаста?

56. Әкесі 36 жаста, яғни баласынан 9 есе үлкен. Әкесі мен ұлының бірге қосқандағы жасы қанша?

57. Данияр 12 ағашты қопсытып қазды, бұл әкесінің қазып алғанына қарағанда 5 есе аз. Әкесі қанша ағашқа көп қопсытты?

58. Данияр 12 ағашты қопсытып қазды, бұл әкесінің қазып алғанына қарағанда 5 есе аз. Әкесі мен Данияр бірігіп, қанша ағаштың түбін қопсытты?

59. Бір қорапта 120 кг кәмпит бар, екіншісіне қарағанда бұл 3 есе аз. Екі қорапта қанша килограмм кәмпит бар?

60. ! Бір күнде бір тігінші 120 жастыққап тікті, екіншіге қарағанда бұл 3 есе көп. Бірінші тігінші қанша есе жылдам тікті?

61. Бір тігінші бір күнде 120 жастыққап тікті, екіншіге қарағанда бұл 3 есе көп. Екі тігінші бірге қанша жастыққап тікті?

62. ! Бақылау жұмысынан Мүнира, Маржан, Мәдина және Мәрияш «5», «5», «4» және «3» деген баға алды. Мүнира Мәдинаға қарағанда жоғарылау баға алды, ал Маржан Мәрияш секілді баға алды. Сонда кім үш алды?

63. Шахмат клубында 360 бала айналысады. Бұл қыздарға қарағанда 3 есе көп. Шахмат клубында қанша қыз бала бар? (1080,357,120,363 қыз)

64. Екі қайықта 12 адам отырды. Бұл бір қайыққа қарағанда 2 есе көп. Бір қайықта қанша адам отырады? (10,6,14, 8 адам)

65. Ағамда 18 фломастер бар. Бұл әпкеме қарағанда 2 есе көп. Әпкемде қанша фломастер бар? (36,20,9,16)

66. © Санжар түскі ас дайындауға бел буды. Ол 5 минут нан турады (саусағын жаралап алды!), жұмыртқаны нанға қарағанда 2 есе ұзақ қуырды (саусағын күйдіріп алды!), сорпаны жұмыртқадан 5 есе ұзақ пісірді (тағы саусағын күйдіріп алды!). Санжардың түскі ас дайындауына қанша уақыт кетті және оның қанша жарақаты болды?

67. © Сыныпта 25 оқушы: Айгүлдер - 3, Нағима есімді қыздар 2 есе көп, Армандар - 5, қалғандары - Раушандар. Егер сынып жетекшісінің есімі аталған есімдердің бірінші әріптерінен құралса, оның аты кім?

Бірлікке келтіруге арналған есептер

1. 45 тоқаш 5 қаңылтыр табаға сыяды. Осындай 7 табаға қанша тоқаш сыяды?

2. Үш қаңылтыр табаға 36 бәліш сыяды. 96 бәлішті орналастыруға қанша қаңылтыр таба қажет болады?

3. Сомын кілтінің 5 жиынтығында 80 әртүрлі кілт бар. Осындай 7 жиынтықта қанша кілт бар?
4. Сомын кілтінің 5 жиынтығында 80 әртүрлі кілт бар. 144 кілттен осындай қанша жиынтық құруға болады?
5. 4 қорапта 48 темір пластинка бар. 10 қорапта осындай қанша пластинка бар?
6. Екі қорапқа 48 солдат ойыншығы сыяды. Осындай 4 қорапқа қанша солдат ойыншығы сыяды?
7. Шеберге төрт бірдей жаға дайындау үшін 8 тері қажет болады. Осындай 6 жаға дайындауға қанша тері қажет болады?
8. 5 құтыда 15 литр шырын бар. Осындай 9 құтыда неше литр шырын болады?
9. 5 құтыда 15 литр шырын бар. 9 литр шырынға қанша құты қажет?
10. Әр қойдан теңдей етіп, бір жылда апты қойдан 36 кг жүн қырқады. 24 кг жүн алу үшін осындай қанша қой қырқу керек?
11. Бір күнде әр сиырдан бірдей етіп, үш сиырдан 36 литр сүт алынады. 96 литр сүт алу үшін осындай қанша сиыр сауу керек?
12. Бірдей 6 жәшікте 48 кг жүзім бар. 40 кг жүзім үшін осындай қанша жәшік керек болады?
13. Бірдей 5 қапқа 450 кг ұн салынды. Осындай үш қапта қанша килограмм ұн бар?
14. Бірдей үш жүк вагонымен 45 т көкөніс әкелуге болады. 90 т көкөністі тасымалдау үшін осындай қанша вагон керек болады?
15. Үй иесі 165 г майды үш күнде жұмсады. Сол есеппен 10 күнге қанша май қажет болады?
16. 4 буда печенбенің салмағы 600 г тартады. Осындай 6 буданың салмағы қанша тартады?
17. 450 теңгені 5 кг сәбізге төледі. 8 кг сәбізге қанша төлеу керек?

18. 8 сиырға бір қыста 480 ц сүрлем қажет болады. Егер ол осындай есеппен 240 центнер сүрлем қорын жинаса, фермерде қанша сиыр болғаны?

19. 6 килограмм сәбіз үшін 540 теңге төлеу керек. 990 теңгеге қанша килограмм сәбіз сатып алуға болады?

20. Консерві құтысы бар екі бірдей жәшіктің салмағы 140 кг тартады. Консервісі бар жәшікке қарағанда қырыққабаты бар бір бөшке 50 кг-ға ауыр тартады. Қырыққабаты бар төрт бөшке қанша тартады?

21. Бірдей 6 жәшікте 72 кг алма бар. Осындай 5 жәшікте қанша алма бар? (12,60,24,48 кг)

22. Анам 200 теңгеден 2 жейде және 3 көйлек сатып алды. Ол барлығын сатып алуға 1600 теңге төледі. Ол бір көйлекке қанша төледі? (500, 1500,2000,400 теңге)

23. 3 қорапта 15 кг печенье бар. Осындай 8 қорапта қанша кг печенье бар? (5,120,40, 13 кг)

24. Төрт дәптер 360 теңге тұрады. Осындай 7 дәптер қанша тұрады? (520,630,480, 550 теңге)

25. Үш қалам 96 теңге тұрады. Осындай 2 қалам қанша тұрады? (64,32,30,60 теңге) !

26. ! Төртінші сынып оқушылары Астана мен Алматы қалаларына саяхатқа шықты. Астанаға- 12 оқушы, ал Алматыға 18 оқушы барды, оның үстіне төрт бала екі қалаға да барды. Саяхатқа барлығы қанша оқушы қатысты?

27 ! Қйрық үш қырықаяқ
Ауланы қыдырып,
Әндерін шырқады.
Олардың қызыл етігі,
Қолғаптары тағы бар,
Қояндары - шылбырда!
Етіктері және бар,
Қолғаптары тағы бар,
Қояндары тағы бар,
Сонда қанша қырықаяқ?
Есепте де, жауап бер!
Аз ба, әлде көп пе?

28. © Сұлтанның кеудешесінің екі қалтасында бірдей 46 түрлі теміртерсектер жиналған. Осындай темір-терсектер желеткенің 4 қалтасында, жейденің 3 қалтасында. шалбардың екі қалтасында, бәрі қанша болады? Ал егер орташа есеппен бір темір 100 г тартса, онда Сұлтанның салмағына қосымша қандай салмақ қосуға болады?

29. © Бірінші сыныптын 12 оқушысы үш шанамен сырғанап жүрді. Егер екінші сыныптын оқушылары опардан ірілеу және бір шанаға 2 есе аз сыятын болса, 5 шанамен қанша оқушы сырғанады?

30. 4 бірқазан бір күнде 12 кг-ға дейін балық жейді. Сонда бір аптаның ішінде әр бірқазан неше килограмм балық жейді?

31. Мысыр пирамидаларын 30 жыл бойы он мыңдаған адамдар тұрғызды. Осы уақыт аралығында 2 млн 310 мың блоктар салынды. Егер блоктарды салу жылдамдығы орташа алғанда бірқалыпты болды десек, алғашқы 3 жылында қаншасын салыпты?

32. Ұзындығы 6500 км Ұлы Қытай қорғанының 25000 қарау мұнаралары бар. Қорғанның әр километрінде орта есеппен алғанда неше қарау мұнарасы бар?

«Болды», «алды», «қалды» түріндегі есептер
Жай есептер

1. Сауытта 7 жаңғақ болды. Тортты безендіруге 5 жаңғақ алды. Сауытта қанша жаңғақ қалды?

2. Сауытта 10 алма жатты. Ол алманың 7-ін жеп қойды. Сонда қанша алма қалды?

3. Үйге 5 баған есепті шығару тапсырылды. Айгүл оның 3 бағанын шығарды. Оған әлі қанша баған есепті шығару керек?

4. Анарда 9 кәмпит болды. Ол құрбысына 3 кәмпит берді. Анарда қанша кәмпит қалды?

5. Балалар қараторғай үйшігін жасады. Олар 10 үйшіктің 8-ін іліп қойды. Оларға қанша қараторғай үйшігін ілу қалды?

6. Оқушыға Т.есеп шығару керек. Ол 4-ін шығарды. Оған әлі қанша есеп шығару керек? ,

7. Сынып бөлмесінде гүлімен 15 қыш құмыра тұр. Осы қыш құмыраның 10-ын еңбек бөлмесіне ауыстырды. Сыныпта гүлі бар қанша қыш құмыра қалды?

8. Кітаптың 40 беті бар. Серік оның 20 бетін оқыды. Енді оған әлі қанша бет оқу керек?

9. Көшетханада 50 гладиолус өсіп тұрды. Гүлшоғына 20 гладиолусты кесіп алды. Сонда қанша гладиолус өсіп тұр?

10. Ұзындығы 250 м матадан ұзындығы 105 м кесек кесіп алды. Неше метр мата қалды?

11. Стадионның мінбесінде 720 орын бар. Егер де 150 бос орын қалса, қанша билет сатылды?

12. Ағашта 12 қарға мен 5 сауысқан отырды. Барлық сауысқан және соншама қарға ұшып кетті. Қанша қарға қалды?

Құрама есептер

13. Мектеп асханасына әрбіреуінде 3 кг-нан 3 құты повидло сатып алынды. Бәлішке 5 кг жұмсалды. Қанша повидло қалды?

14. Дүкенге 8 кг-нан 4 жәшік тары жармасын және 6 кг-нан 2 жәшік ұнтақ жармасын әкелді. Жарманың 50 кг сатты. Қанша жарма қалды?

15. Ательеге 40 метр мата әкелді. Әрбіреуіне 6 метр мата кететін 3 көрпенің тысын тіккеннен кейін қанша мата қалады?

16. Ательеге бір орама мата әкелді. Көрпенін 5 тысын тіктті. Әр көрпенің тысына 4 метр мата кетті. Егер әлі 46 метр қалса, орамада қанша мата болды?

17. Солтүстік трибунала 500 орын, ал оңтүстігінде 300 орын бар. 550 орын бос емес. Қанша орын бос?

18. Дәрняда 800 теңге болды. Ол 480 теңгеге кітап және 8 теңгеден бірнеше дәптер сатып алғаннан кейін онда 120 теңге қалды. Ол қанша дәптер сатып алды?

19. Егер 25 теңгеден 2 тоқаш және 60 теңгеден 3 ірімшік сатып алса, сатып алушы 500 теңгеден қанша ақша қайырып алады?

20. Анамда 200 теңгеліктен 4 қағаз ақша болды. Ол 250 теңгеден 2 бәліш сатып алды. Онда қанша ақша қалды?

21. Кинотеатрда 500 көрермен болды. 30 бала мен 230 ересек адамдар шыққаннан кейін, онда тағы бірнеше адам қалды. Қанша көрермен шықпай қалды?

22. Анам 8 теңгеден 30 дәптер және 70 теңгеден 4 альбом сатып алды. Егер сатып алуға дейін оның 1000 теңгесі болса, онда қанша ақша қалды?

23. Сатушыда 20 кг-нан 5 жәшік мандарин және 60 кг апельсин болды. Бірнеше килограмм сатылғаннан кейін, тағы 92 кг жеміс қалды. Қанша килограмм жеміс сатылды?

24. Бапалар мектеп бақшасының өнімін жинауға көмектесті. Әрбіреуінде 20 кг болатын 35 жәшік қызанақ теріп алды. Олар қызанақты тасымалдауға қолайлы болу үшін 8 килограмдық 10 кішкентай жәшікке салып, алып кетті. Сонда қанша қызанақ қалды?

25. Сынып бөлмесін сырлау үшін әрбіреуінде 3 кг-нан 3 құты және 6 кг көгілдір сыр сатып алынды. Жөндеуден кейін 1 кг сыр қалды. Қанша кг сыр жұмсалынды?

26. Кеңсе тауарлары дүңгіршегінде әр будада 30 дәптерден 8 буда дәптер бар. Бір күнде 234 дәптер сатылды. Тағы қанша дәптер сату керек?

27. Вагоннан 440 ц көмірді түсірген кезде, оның ішінде түсіргеннен 2 есе аз көмір қалды. Вагонда қанша центнер көмір болды?

28. Жібек мата кееіндісінің ұзындығы 85 метр болды. Оның бестен бір бөлігін сатып жіберді. Қанша метр мата қалды?

29. Мақсатта 1000 теңге болды. Ол 120 теңгеден 3 блокнот сатып алды. Оған қанша ақша қайтарып беру керек?

30. Құрылыс алаңында 1 тонна құм болды. Жұмыскерлер ерітіндіні даярлау үшін 25 кг-нан 4 рет құм, содан кейін тағы 45 кг-нан 2 рет құм алды. Алаңда қанша құм қалды?

31. Әже 150 теңгеден 2 килограмм қияр, 200 теңгеден 1 килограмм қызанақ және 100 теңгеден 2 түйін сарымсақ сатып алды. Содан кейін, ол кісіде 230 теңге қалды. Әжеде қанша ақша болды?

32. Тоқаш пісіру үшін ұны бар қаптан 9 кг-нан 3 рет ұн алды. Осыдан кейін қапта 27 кг ұн қалды. Қапта қанша килограмм ұн болды?

33. Орамада 420 метр мата болды. Жетіден бірін кесіп алды. Орамада қанша метр мата қалды?

34. Мерекеге әрбіреуінде 50 шардан 12 бума шар сатып алды. Шарлардың оннан бірі қолданылмай қалды. Залды әшекейлеу үшін қанша шар қолданылды?

35. Қапта 12 кг ұн болды. 5 кг-ын жұмсағаннан кейін, қапқа тағы 4 кг ұн салды. Қапта қанша килограмм ұн болды? (11,21, 3,13 кг)

36. Сыныпта 12 қыз бала мен 7 ұл бала болды. Екінші тоқсанда сыныпқа тағы 3 қыз бен 4 ұл келді. Сыныпта қанша оқушы болды? (23, 16, 1Г, 26 оқушы)

37. Динараның 8 сары және 6 қызыл шары болды. Ол құрбысына 5 шар берді. Динарада қанша шар қалды? (19,3,9, 7 шар)

38. Көкөніс қоймасында 6 т көкөніс бар. Дүкенге әрбіреуінде 30 кг-нан 22 жәшік сәбіз және әрбіреуінде 50 кг-нан 8 қап картоп жөнелтті. Қоймада қанша килограмм көкөніс қалды? (4848, 4940,4960, 3940 кг)

39. Бөшкеден таңертең 6 шелек, ал кешке 8 шелек су алғанда, онда әлі 23 шелек су қалған еді. Бөшкеде қанша шелек су болды? (37, 9, 25, 15 шелек)

40. ©Мектеп аумағында 32 ұл мен 10 қыз бала жұмыс істеп жүрді. Бірнеше адам кетіп қалған кезде, онда 17 адам қалды. Қанша адам кетіп қалды? (25,5,15,17)

41. ! 2 жіпке 455 моншақтан тізді, содан кейін қобдишада әлі 167 моншақ қалды. Қобдишада қанша моншақ болды?

42. ! Мақсат өзіне ойыншық, Бекарыс - суреттері бар кітап, ал Ахмет - ағаш ұстасының станогін сатып алды. Барлығы қосылып, 248 теңге жұмсады, бұл олардың әрқайсысы алдыңғыдан бес есе көп жұмсағанын көрсетті. Әр баланың сатып алған заты қанша тұрады?

43. Кітап қарындаштан 3 есе, ал альбом қарындаштан 5 есе қымбат тұрады. Кітап қарындаштан 280 теңгеге қымбат. Альбом қанша тұрады?

«Баға», «мөлшер», «күн» туралы есептер ***Жай есептер***

1. Егер бір заттың бағасы 9 теңге болса, әр 5 (6, 7, 6) дана заттың сатып алу бағасын анықта.

2. Бір заттың бағасы - 8 теңге. Егер олардың бағасы 16 (40, 72, d) теңгеге тең болса, сатып алынған заттың санын анықта.

3. Сатып алынған заттардың әрқайсысы 5 дананы құрайды, ал бағапары 20 (25, 30, к) теңгеге тең, әр заттың бағасын анықта.

4. Бірдей бағаға қарындаш пен дәптер сатып алды. 5 қарындаш 45 теңге тұрады, ал барлық дәптер үшін 63 теңге төледі. Қанша дәптер сатып алды?

5. Мәриям 80 теңгеден 6 қалың дәптер сатып алды. Барлық сатып алынған затына ол қанша ақша төледі?

6. Әлемде өсірілген ең үлкен асқабақтың салмағы 205 кг болды. Егер оны 1 кг-нан бөлшектеп, әр килограммын 150 теңгеге сатса, оның құны қанша болушы еді?

Құрама есептер

7. Жасұланның 630 теңгесі болды. Ол таңертеңгілік асқа 90 теңге төледі де, қалған ақшасына 90 теңгеден дәптерлер сатып алды. Жасұлан қанша дәптер сатып алды?

8. Егер кітаптардың бағасы бірдей болатын болса, Сәуле әңгімесі бар 5 дана кітапқа 500 теңге төледі, ал ертегісі бар 7 кітапқа ол қанша төлейді?

9. 4 самсаға 200 теңге төледі. 350 теңгеге қанша самса сатып алуға болады?

10. Егер дәптерлердің бағалары бірдей болса, 40 теңгеге 5 дәптер сатып алынса, 56 теңгеге қанша дәптер сатып алуға болады?

11. Балабақшаға қара қарындаштар мен сурет салуға арналған альбомды бірдей мөлшерде сатып алды. 12 теңгеден барлық қарындашқа 360 теңге төледі. Егер біреуінің бағасы 25 теңгеге тең болса, барлық альбом қанша тұрады?

12. Бағасы 9 теңгеден 5 дәптер, 30 теңгеден 7 фломастер және 50 теңгеден 6 альбом қанша тұрады?

13. Үй иесі әрбіреуі 90 теңгеден 6 шынаяқпен пен 3 тәрелке сатып алды. Егер үй иесі барлық сатып алынған затқа 750 теңге төлесе, бір тәрелке қанша тұрды?

14. 22 теңгеден екі қалың дәптерге және 7 қарындашқа 100 теңге төледі. 1 қарындаш қанша тұрды?

15. Сабина 84 теңгеге бір данасы 12 теңгеден және 350 теңгеге бір данасына 70 теңгеден ашық хат сатып алды. Сабина қанша ашық хат сатып алды?

16. Дүңгіршекте 21 теңгеден ашық хат пен 8 теңгеден дәптер сатты. Бір күнде 420 теңгеге ашық хат және 400 теңгеге дәптер сатылды. Барлығы бірге қанша ашық хат пен дәптер сатылды?

17. Балабақшаға бірдей көлемде қуыршақ пен ойыншық көлік сатып алынды. Ойыншық көлікке - 360 теңге, қуыршаққа 720 теңге төледі. Егер бір мәшине 60 теңге тұрса, бір қуыршақ қанша тұрады?

18. 2 метр сәтеннің бағасы 3 метр жібекпен бірдей тұрады. Егер 1 метр жібек матасы 210 теңге тұрса, 1 метр сәтен қанша тұратынын біліп ал.

19. Балалар сеансына бірінші, екінші қатардағы кинотеатр билеттерін бірдей бағаға сатып алды. Бірінші қатардағы 7 билетке 350 теңге төледі. Екінші қатардағы 9 билет қанша тұрады?

20. Бақтияр дүкеннен 8 теңгеден 7 жай және 24 теңгеден 2 қалың дәптер сатып алды. Барлық сатып алынған затқа ол қанша ақша жұмсады?

21. Еңбек сабағы 5 метр жібек жиектемесін және 3 метр шілтер сатып алды. Барлық сатып алынған затқа 225 теңге төледі. Егер бір метр шілтер 35 теңге тұрса, 1 метр жиектеме қанша тұрады?

22. Мектеп асханасына бірдей бағамен 12 бөлке ақ және қара нан сатып алды. Ақ нанға 385 теңге, ал қарасына - 275 теңге төледі. Мектеп асханасына қанша бөлке ақ және қара нан сатып алынды?

23. Екі орамда 140 м бау бар. Бір орам 430 теңге, ал екіншісі одан 160 теңгеге арзан тұрады. Әр орамда қанша метр бау бар? (80 және 60, 86 және 54, 130 және 290,700)

24. ! Егер Данияр бір шоколад сатып алса, оның 30 теңгесі қалады, ал оған әлі екі шоколад алу үшін 90 теңге жетпейді. Шоколад қанша тұрады?

25. © Болат кәсіпкерлікпен шұғылдануды шешті. Ол өзінің жинақ сандықшасын ашып, 500 теңгесіне сағыз бен жабыстырма сатып алды. Сағыздың бір данасын ол 40 теңгеден, ал жабыстырманы 10 теңгеден сатты. Егер Болат сағыз бен жабыстырманы бірдей сатып алып, бірақ тауардың бағасын сату кезінде 2 есеге көтеріп, тек жабыстырманың барлығын таратып беріп, сағыздарды жоғалтса, ол қандай пайда тапты?

26. © Буратино жолдан 100 теңге күміс тауып алды. Ол әрбіреуі 30 теңгеден 3 балмұздақ, 40 теңгеге шоколад және 20 теңгеге шайнайтын сағыз сатып алды. Буратино неге көңілсіз? (Буратиноға табылған ақша жете ме? Оған «өз қалтасынан» әлі қанша ақша қосу керек болады?)

27. Алтай маралынан алынатын өнімнің ең бағалысы - оның бұғы мүйізі. Еркек дарағы мүйізінің салмағы 25 кг-ға дейін. Бұғы мүйізінің нарықта үлкен сұранысқа ие болуын өз пайдасына жарату үшін, қаскүнем адамдар 1 кг-ын 1500 доллар бағаға сатуда. Бір маралдың мүйізін сата отырып, олар мемлекетімізге қандай шығын келтіреді? Маралды өлтірудің жалпы зияны қандай? (Осы ойды дамыта отырып, қорытынды жаса)

28. Хайуанаттар бағындағы маймыл тәулігіне 2 кг дейін банан жейді. 5 маймылға бір аптаға қанша банан қажет және 1 кг-ы 250 теңге тұратын болса, қанша ақша төленеді?

Екі көбейтіндінің қосындысын табу

1. Әрбір құтыда 4 кг-нан 4 құты қой бүлдірген тосабын және бір құтыда 3 кг-нан 2 құты таңқурай тосабын сатып алды. Барлығы қанша килограмм тосап сатып алды?

2. Асханаға 25 кг-нан 2 қап ұн және 5 кг-нан 4 пакет ұн әкелді. Барлығы қанша ұн әкелді?

3. Кәді - 2 кг, ал асқабақ 3 кг тартады. Асханаға осындай 9 кәді мен 6 асқабақ әкелді. Асханаға қанша килограмм кәді мен асқабақ әкелді?

4. Балаларға Жаңа жылға әрбіреуінде 25 кг 2 қорап печенье мен әрбіреуінде 15 кг 3 жәшік кәмпит таратып берді. Балалар қанша тәтті алды?

5. Мектеп асханасында 8 орындық 6 үстей және 12 орындық 1 үстел бар. Мектеп асханасында бір уақытта барлығы қанша бала тамақтана алады?

6. Шкафтың екі сөресінде 7 кітаптан, ал шкафтың басқа үш сөресінде - әр сөреде, 3 есе көп кітап тұр. Екі шкафтың барлық сөресінде қанша кітап тұр?

7. Оқушы 7 теңгеден 5 түйрегіш және 8 теңгеден 3 дәптер сатып алды. Барлық сатып алынған зат қанша тұрады?

8. Тігінші дүкеннен әрбіреуіне 4-ден 5 көйлекке және әрбіреуіне 5-ден 3 сарафанға түймелерсатып алды. Тігінші барлығы қанша түйме сатып алды?

9. Мектептің концерттік залында әрбіреуінде 9-дан 4 қатар жұмсақ орындық және әр қатарға 8-ден 5 қатар қатты орындық қойды. Барлығы қанша орындық қойды?

10. Мектеп бау-бақшасына әрбіреуінде 7-ден үш қатар қайың және 6-дан 2 қатар терек отырғызды. Мектеп баубақшасына барлығы қанша ағаш отырғызды?

11. Гүл дүкенінде әрбіреуінде 7 данадан 5 шоқ ақ қалампыр және әрбіреуінде 5 данадан 6 шоқ қызыл қалампыр етіп, гүлшоқтарды жасады. Сонда барлығы қанша қалампыр қажет болды? .

12. Жаңа жылға шыршаны безендіру үшін әр қорапта 15 шардан 20 қорап қызыл шар және қорабында 10 данадан 15 қорап алтын түсті шар сатып алынды. Барлығы қанша шар сатып алынды?
13. Дүкенге әрбіреуінде 6 данадан 30 қорап кішкентай кесе және 500 данадан үлкен кесе әкелді. Дүкенге барлығы қанша кесе әкелді?
14. Мектепті жөндеуге әрбіреуінде 5 кг 24 құ- ты ақ сыр және әрбіреуінде 3 кг 12 құты көгілдір сыр сатып алынды. Барлығы қанша килограмм сыр сатып алынды?
15. Әрбіреуі 120 теңгеден 4 буда печенье және 90 теңгеден 5 тәтті тоқаш сатып алды. Барлық сатып алынған зат қанша тұрады?
16. Бір қыз 18 теңгеден 5 м бау және 27 теңгеден 3 м жиектеме сатып алды. Қыз бала барлығына қанша ақша төледі?
17. 30 теңгеден 4 самса және 60 теңгеден 5 тоқаш сатып алынды. Барлығы қанша тұрады?
18. Дүкенге 15 метрден 7 орама жұқа сым және 40 метрден 6 орама жуан сым әкелді. Дүкенге барлығы қанша сым әкелінді?
19. Дүкенге әрбіреуінде 15-тен 5 буда балалар журналын және 25-тен 3 буда сән журналын әкелді. Дүкенге барлығы қанша журнал келіп түсті?
20. Оқушылар бірінші күні 16 көшеттен 3 қатар көшет, ал екінші күні бір қатарға 12 көшеттен 4 қатар отырғызды. Оқушылар барлығы қанша көшет отырғызды?
21. 6 орындықтан 3 қатар және 5 орындықтан қатар орындық қойды. Барлығы қанша орындық қойылды?
22. Ішінде 20 кәмпіті бар 3 қорап және 10 кәмпіті бар тағы осынша қорап сатып алды. Барлығы қанша кәмпіт сатып алды?
23. Кітапханаға 8 оқулықтан 4 буда оқулық және тағы 13 оқулық әкелді. Барлығы қанша оқулық сатып алды?
24. Үйде 5 адамнан тұратын 10 отбасы және 3 адамы бар сонша отбасы тұрады. Үйде қанша адам тұрады?
25. Сөреде 8 томнан 4 шығарма жинағы және 9 томнан тұратын осынша шығарма тұр. Сөреде барлығы қанша кітап тұр?

26. 6 тәтті тоқаштан 3 бума және 8 тәтті тоқаштан 4 бума сатып алынды. Барлығы қанша тәтті тоқаш сатып алынды?

27. Саябақта 50 түрлі гүлі бар 12 гүлзар және 40 гүлі бар осыншама гүлзар бар. Гүлзарлардың барлығында қанша гүл бар?

28. Подъезде 3 бөлмеден 19 пәтер және 4 бөлмеден сонша пәтер бар. Барлық пәтерде қанша бөлме бар?

29. Спортзалға әрбіреуінде 5 гантельден 14 топтама және тағы 12 гантель сатып алынды. Спортзалға қанша гантель сатып алынды?

30. Алғашқы күні велосипедші 12 км/сағ 5 сағатта жүріп өтті, екінші күні - 15 км/сағ 8 сағатта жүрді. Екі күнде велосипедші қанша километр жол жүріп өтті?

31. Жылыжайдан дүкенге әрбір жәшікте 20 кг-нан 22 жәшік қызанақ пен әрбіреуінде 25 кг-нан 40 жәшік қияр жөнелтілді. Дүкенге қанша килограмм көкөніс жіберілді? (2400, 1440, 2440 1840 кг)

32. !Торғын мен Мәдина 2 оқжаңбырық саңырауқұлағын, 2 қарасаңырауқұлақты және 2 терекқұлақты тауып, оларды үш кездеме бөлігінің бойымен, яғни пайда болған үш қатардың әрқайсысында әрбір түрден 2 саңырауқұлақ болатындай етіп орналастырды, Олар бұны қалай жасады?

33. ! Джон аспазшыға 7 котлет қуыру керек, ал табаға тек 3 котлет қана сыяды. Әрбір котлетті бір жағында 5 минут және екінші жағында 5 минут қуыру керек. Джон аспазшы барлық котлетті қандай аз уақытта қуырып болады?

34. © Батыр қысқы демалыс кезінде коньсымен 10 күн бойы 7 сағаттан, шаңғымен 10 күн бойы 8 сағаттан, ал шанамен 10 күн бойы 5 сағаттан сырғанады. Батыр барлық 10 күн бойы неше сағат ұйықтады? Ал 1 күнде неше сағат ұйықтады?

35. © Сәкен тәтті компот пен тәтті тоқаштан кейін далаға шықты. Оған тез арада әрбіреуінде 150 данадан 2 топ шыбын, әрбіреуінде 200-ден 3 бригада маса және 15 мүшелік 1 ара отбасы ұшып келді. Егер Сәкен үйге жуынуға қашып кетпесе, жәндіктер оны неше рет шағып алар еді?

Екі бөлімнің қосындысын табу

1. 9 қызыл дөңгелекті және 8 сары дөңгелекті тиісінше 2-3-тен қорапқа орналастырды. Онда қанша қорап болды?
2. Ұлдарға 2 шардан 6 жасыл шар таратты және 9 қызыл шарды қыздарға 3 шардан таратып берді. Барлығы қанша бала шар ұстап тұрды?
3. Буфетте әрбір сервизде 6 данадан 18 шайға арналған шыныаяқтар және әрбір сервизде 4 данадан 12 кофеге арналған шыныаяқтар тұр. Буфетте барлығы қанша шыныаяқ тұр?
4. Мектептің спортзалына әрбір жиынтықта 4 гантельден 16 гантель және бір жиынтықта 4 әртүрлі добы бар 24 доп сатып әкелді. Қанша жиынтық гантель мен доп сатып алды?
5. Шатырға 72 саяхатшыны 9 адамнан, ал 56 саяхатшыны 7 адамнан орналастырды. Сонда қанша шатыр қажет болды?
6. Стақандарға 2 литр компотты 200 грамнан құйды және 3 литр какаоны да осындай сыйымдылықтаты стақандарға құйды. Қанша стақан қажет болды?
7. 24 л шие шырынын әрбіреуі 3 л құтыға және осыншама алма шырынын әрбіреуі 6 л құтыға құйды. Барлығы қанша құты қажет болды?
8. Жәшіктерге әрбіреуіне 8 кг-нан 32 кг қиярды салып қойды, ал 45 кг қызанақты 5 кг-нан салып қойды. Барлығы қанша жәшік керек?
9. Теміржолдың бір жағына әрбір қатарға 50 теректен 100 терек, ал екінші жағына әрбір қатарға 60 қарағайдан 120 қарағай отырғызды. Барлығы қанша қатар ағаш отырғызылды?
10. 30 литр сүтті әрбір тобатайға 3 литрден, ал 10 литр сүтті әрбір құтыға 2 литрден құйды. Қанша құты және тобатай қажет болды?
11. Саябақтың бір жағына әрбір қатарға 30-дан 120 көгілдір шырша, ал екінші жағына әрбір қатарға 50 қарағайдан 150 қарағай отырғызды. Барлығы қанша қатар ағаш отырғызды?
12. Әрбір тобатайға 15 литрден 45 л сүт құйды, ал 18 л сүтті әрбіреуі 3 литр құтыға құйды. Онда қанша тобатай мен қанша құты қажет болды?

13. Кітапханаға бір бумада 8 данадан 64 оқулық және бір бумада 30 данадан 120 көркем әдебиет кітаптарын әкелді. Барлығы қанша бума кітап әкелінді?

14. Жарысқа әрбір орамада 9 данадан 27 көк түсті футболка және әрбір орамада 8 данадан 32 қызыл түсті футболка әкелді. Жарысқа барлығы қанша орама футболка әкелді?

15. Мектеп бау-бақшасында балалар бірінші күні 60 кг алма терді және оларды әрбір жәшікке 12 кг-нан салды, ал екінші күні 36 кг теріп, жәшіктерге 18 кг-нан салып қойды. Екі күнде алмаға қанша жәшік керек болды?

16. Жұмыскерлер екі пойызбен құрылысқа кетті. Бір пойызда әрбір вагонында 60 адамнан 850 адам, ал екіншісінде әрбіреуінде 60-тан 840 адам кетті. Жұмыскерлерді жөнелту үшін қанша вагон қажет болды? (120,31,17,10)

17. Кәдімгі қолтырауынның ұзындығы 19 м 50 см, ал екі аллигатордың ұзындығы 11 м 60 см. Егер қолтырауындар мен аллигаторлардың ұзындықтары орта шамамен алғанда біркелкі десек, кәдімгі қолтырауын мен аллигатордың жалпы ұзындығы қанша?

18. Батыс Африкада бойы 2 м-ге дейін жететін ең үлкен маймыл горилла, ал Мадагаскарда бойы 20 см-ге дейін жететін ең кішкентай маймылдар мекендейді. Бес үлкен гориллалар салмағы 1000 кг, ал елу кішкентай маймылдар - 12 кг 500 г. Бір кішкентай маймыл мен горилланың жалпы салмағы қандай?

19. Қызанақ немесе томаттың Отаны - Оңтүстік Америка. Онда ірі селекциялық сұрыптытоматтан басқа ұсақ арамшөп түріндегі томатта кездеседі. 4 ірі селекциялық томаттың сапмағы 3 кг 800 г, ал 14 ұсақ арамшөп түріндегісінікі - 28 г. Бір селекциялық және бір ұсақ арамшөп томатының салмағы және екеуін бірге қосқандағы салмағы қандай болады?

Кері есептер

20.

	1 собықтың салмағы	собықсаны	Барлық 1 собықтар 1 салмағы
Жүгерінің үлкен собығы	300 г	?	900 г 1
Жүгерінің кіші собығы	100 г	3 дана	

21.

	1 автобустағы саяхатшылардың саны	Топ Саны	Барлық саяхатшы
Үлкен автобустар	30 адам	2 топ	120 адм
Кіші автобустар	15 адам	?	

22.

	1 үйдегі пәтерлер саны	Үйлер саны	Барлық пәтер
Кішкентай үйлер	?	5 үй	340 пәтер
Үлкен үйлер	100 пәтер	3 үй	

23.

	1 жәшіктегі құтының саны	Жәшік саны	Барлық Құты

Ет консервісі	24 құты	1. жәшік	84 құты
Көкөніс консервісі	?	2. жәшік	

24. ! Балалар екі әткеншекке мінді. Бірінші әткеншектің әрбір қайықшасында 4 адамнан 36 адам, ал екіншісінің кабинкасында - 27 адам отырды. Әр кабинкада бір қайықшаға қарағанда 1 адам аз болды. Екі әткеншекте қанша қайықша мен кабина бар?

25.! Байжан әжесіне дүкеннен заттар сатып алуға көмектесті. Ол бір будада 200 грамнан 600 г май, әр будасында 500 грамнан 1500 г қарақұмық, бір бөлкесі 700 грамдық 2100 г нан мен әрбір будада 400 грамнан 1200 г печенье сатып алды. Байжан көмекші әжесіне қанша бөлке нан және қанша буда апара жатыр?

26. !140 кг жүзім 3 кг және 2 кг пакеттерде өлшенген болатын. 3 кг пакеттерге қарағанда, 2 кг жүзім пакетінің саны екі есе көп болды. Жүзімді қанша пакетке салды?

27. © Жаңа жылға әр тоғанаққа 25 данадан 200 шар сатып алды және оларды үрлеу мен залға іліп қоюды Ардаққа сеніп тапсырды. Жұмысты қабылдауға келген кезде, тек үш шар ілініп тұрғанын көрді. Ардаққа сұрақ қой және ол үшін жауап дайында.

28.© Мадиярға қорқынышты түс кірді. Оған әрбір топта 3-тен таяқтары бар 15 жалмауыз және өзеннен бір топта 6-дан 24 қолтырауын жортып келе жатты. Егер Мадияр оянбағанда, ол қанша топ жалмауыз бен қолтырауынды санап үлгерер еді?

29. © Үшқалақ Серік дуалдан құлап түскен кезде, ол тыным алу арасында 5 минуттан 15 минут айқайлады. Ал анасы жырып алған тізесін көк дәрімен жаққан кезде, ол тыным алу арасында 2 минуттан 20 минут айғайлады. Үшқалақ Серік барлық осы уақытта қанша тыным алып үлгерді?

Есептерді теңдеудің көмегімен шешу

1. Сауытта жаңғақтар болды. Одан 5 жаңғақты алған кезде, онда 2 жаңғақ қалды. Сауытта қанша жаңғақ болды?

2. Сауытга 7 жаңғақ жатты. Одан бірнеше жаңғақты алған кезде, онда 2 жаңғақ қалды. Сауыттан қанша жаңғақ алды?
3. Мәликада 10 дәптер болды. Ол бірнеше дәптерді жазып бітіргенде, онда 6 дәптер қалды. Мәлика қанша дәптер жазып бітірді?
4. Тәрелкеде 9 шабдалы болды. Бірнеше шабдалыны жеп қойған кезде, тәрелкеде 3 шабдалы қалды. Қанша шабдалыны жеп қойды?
5. Дүкен сөресінде 8 қуыршақ тұрды. Бірнеше қуыршақты сатқан кезде, 5 қуыршақ қалды. Қанша қуыршақ сатылды?
6. Жөндеуге 6 орам тұсқағаз сатып алды. Бөлмені жабыстырып болғаннан кейін, 2 орам тұсқағаз қалды. Жөндеуге қанша орам тұсқағаз кетті?
7. Сауытга 9 алма жатты. Одан бірнеше алма алған кезде, онда 1 алма қалды. Сауыттан қанша алма алды?
8. Сәуленің күнделігінде 3 «бес» деген баға болды. Сәуле тағы бірнеше «бес» алғаннан кейін, олардың саны 5 болды. Сәуле тағы қанша «бес» алды?
9. 6 орындық сырланған болатын. Тағы бірнеше орындықты сырлаған кезде, олардың саны 9 болды. Тағы қанша орындық сырланды?
10. Қарбыз бен қауынның салмағы 12 кг. Қарбыздың салмағы 9 кг. Қауынның салмағы қаншаға тең?
11. Сыныпта 25 оқушы бар. Бірнеше бала ауырып қалған кезде, мектепке 20 оқушы келді. Қанша бала ауырып қалды?
12. Әткеншекке 28 бала мінді. Бірнеше бала түсіп қалған кезде, әткеншекте 21 адам қалды. Қанша бала түсіп қалды?
13. Автобуста бірнеше адам келе жатты. Автобуска 14 адам кірген кезде, 32 адам болды. Автобуста қанша адам келе жатты?
14. Автобуста 14 адам келе жатты. Аялдамадан бірнеше адам мінді, сонда автобуста 25 адай болды. Автобуска қанша адам кірді?
15. Мектеп жанында 20 терек өсіп тұрды. Күздігүні тағы бірнеше терек отырғызған кезде, олардың саны 43-ке жетті. Күздігүні қанша терек отырғызылды?

16. Бөшкеде 40 литр су болды. Одан суаруға| бірнеше шелек алған кезде, онда 31 шелек су қалды. Бөшкеден қанша шелек су алынды?

17. Спортзалда 18 адам шұғылданды. Залға тағы бірнеше адам келген кезде, онда 32 адам болды. Спортзалға қанша адам келді?

18. Лаура жерге түскен бірнеше жапырақты кептіріп, 15 жапырақты құрбысына сыйлады. Осыдан кейін онда 27 жапырақ қалды. Лаура қанша жапырақ кептірді?

19. Тікұшақтан 12 адам шыққан кезде, онда 3 адам қалды. Тікұшақта қанша адам болды?

20. 36 кг қиярды сатқаннан кейін, сатуға 17 кг қалды. Сатушыда қанша килограмм қияр болды?

21. Монтер жөндеуге 43 метр сым жұмсады. Оның әлі 17 метр сымы қалды. Монтерде қанша метр сым болды?

22. Гараждан 19 машина шығып кеткеннен кейін, онда 24 машина қалды. Гаражда қанша машина болды?

23. Екі сыныпта 71 адам. Бір сыныпта 32 оқушы. Басқа сыныпта қанша оқушы?

24. Екі сөреде 45 кітап. Оның біреуінде 20 кітап. Екінші сөреде қанша кітап тұр?

25. Бір сыныпта 37 бала оқиды. Олардың 18-і қыз бала. Сыныпта қанша ұл бала оқиды?

26. Сатушыда 40 шар болды. Оның 25 шары - қызыл, ал қалғандары - ақ түсті. Сатушыда қанша ақ түсті шар бар?

27. Трамваймен 30 адам келе жатты. Аялдамадан бірнеше адам түсіп қалған кезде, трамвайда 23 адам қалды. Қанша адам шығып кетті?

28. Бір қайық 6 адам таси алады. 24 адамды тасу үшін қанша қайық керек?

29. Әскери аэродромда 34 ұшақ бар. Әскері тапсырмаға бірнеше ұшақ ұшып кеткенде аэродромда 18 ұшақ қалды. Тапсырмаға қанша ұшақ ұшып шықты? (28,62,16,22)

30. Тыстау шеберханасына 25 кітап әкелді. Бірнеше кітапты тыстаған соң, 8 кітаптан 2 бума кітап қалды. Қанша кітап тысталды? (9,41,16,17),

31. Пішенде 140 кг шөп болды. Әрбір сиырға 3 кг шөптен берген кезде, 20 кг қалды. Барлығы қанша сиыр болды? (40, 53,360,60)

32. Мектеп аумағында 30 оқушы жұмыс істеп жүрді. Сабаққа бірнеше оқушы кетіп қалғаннан кейін, аумақта 20 оқушы қалды. Сабаққа қанша оқушы кетіп қалды? (40,10, 50,60 оқушы)

33. Бала досына 6 марка сыйлағаннан кейін, онда 54 марка қалды. Баланың барлығы қанша маркасы болды? (48, 58, 54,60 марка)

34. Айжан бір сан ойлады. Егер одан 10-ды алып тастаса, 40 болады. Айжан қандай сан ойлады? (30, 50,20, 60)

35. !Молдағали, Сәкен, Болат, Төлеген және Қуат мұражайдың ашылуына дейін келіп, кезекке тұрды. Егер Молдағали кезектің ортасында тұрса, ол Сәкен мен Қуаттың арасында тұрушы еді, ал егер Молдағали кезектің соңында тұрса, онда оның жанында Болат тұрар еді. Бірақ Молдағали өзінің достарының алдына тұрды. Егер Қуат Сәкеннен кейін тұрғаны белгілі болса, кім кімнен кейін тұрды?

36. !Руслан балық аулап жүрді. Ол өзенге жаяу жүріп барды, ал қайтарда велосипедпен келді. Барлық жолға ол 55 минут жұмсады. Келесіде ол өзенге дейін және қайтар жолды велосипедпен жүруге 30 минут уақыт жұмсады. Екі жаққа да жаяу жүруге Русланға қанша уақыт қажет болады?

37. !Егер әрбір қайыққа 3 адамнан алса, онда жағада 6 адам қалады. Ал егер 4 адамнан алса, онда жағада 3 адам болады. Қанша қайық және адам болды?

38. Бірнеше бақылдауық пен 5 шиқылдақ кездесті. Олардың барлығы 27 болды. Қанша бақылдауық болды?

39. © Аяз ата мен Ақшақар балаларға 150 сыйлық апара жатты. Орманда оларға қасқыр жолығып. бірнеше сыйлықтарын алып қойды. Аязтаның қолында бар-жоғы 2 сыйлық қалды, ал Ақшақарда тек қасқырдың артынан қуған ағасының таяғы ғана болды. Қасқыр қанша сыйлықты арқалап қашты? Ақшақар оны қуып жете алды ма?

40. © Айым - жылауық қыз. Оның бірнеше көз жасы болды. Таңертең ол жылап, 5 көз жасын жұмсады, сонда онда тағы 21 көз жасы қалды! Айым бір күнге қанша көз жасын дайындады?

Үшінші қосылғышты табуға арналған есептер

1. Балалар жаңажылдық 94 ойыншық жасады. Олардын 32-сі кішкене шам, жұлдызшалар олардан 9 данаға аз, ал қалғандары - шартылдақтар. Балалар қанша шартылдақ жасады?

2. Шоқта 9800 ағаш бар. Олардың 2000-ы қайың, қайыңға қарағанда қарағай 2 есе көп, ал қалғандары - шыршалар. Шоқта қанша шырша бар?

3. Балаларға арналған үш спорт мектебінде 2 400 бала бар. Бірінші мектепте - 600 бала, екіншісінде біріншіге қарағанда 400 балаға көп. Қалғандары - үшінші мектепте. Үшінші мектепте қанша бала шұғылданады?

4. Анықтама бюросы 3 сағат ішінде 100 анықтама берді. Бірінші сағатта - 45 анықтама, екінші- де біріншіге қарағанда 3 есеге аз. Үшінші сағатта қанша анықтама берілді?

5. Балалар қала саябағына 3600 ағаш отырғызды. Олар 360 қарағай, одан 30-ға кем шырша, ал қалғанына қайың отырғызды. Балалар қанша қайың отырғызды?

6. Спортшылар үш ойын ішінде қарсыластың қақпасына 98 шайба кіргізді. Бірінші ойында - 12 шайба, екіншіде - 2 есе көп, ал қалғанын үшінші ойында кіргізді. Үшінші ойында қанша шайба кіргізілді?

7. Үш ойында қарсыластың қақпасына 42 гол кіргізілді. Бірінші ойында - 22 гол, екіншіде - 2 есе аз, ал қалғанын үшінші ойында кіргізді. Үшінші ойында қанша гол кіргізілді?

8. Балалар үш күнде 2500 кг макулатура жинады. Бірінші күні - 1250 кг, екіншіде біріншіге қарағанда 5 есе аз, ал үшіншіде қалған макулатураны жинады. Үшінші күні балалар қанша макулатура жинады?

9. *Үш күнде балалар 2500 кг макулатура жинады. Бірінші күні олар 800 кг, екіншіде үшіншіге қарағанда 700 кг аз жинады. Үшінші күні балалар қанша макулатура жинады?

10. *Үш күнде балалар 2500 кг макулатура жинады. Бірінші күні - 500 кг, екіншіде - қалғанына қарағанда 700 кг аз, ал қалғанын үшінші і күнде жинады. Үшінші күнде балалар қанша макулатура жинады?

11. Шоқта 7200 ағаш өсіп тұр. Олардың ішінде 1200-і қайың, қарағай қайыңға қарағанда 2 есе көп, ал қалғаны - шыршалар. Шоқта қанша шырша бар? (2400,6000,3600,4800 шырша)

12. ! Қайық пен кішкене кеме екі кемежайдан бір-біріне қарама-қарсы бағытта жолға шықты. Кішкене кеме 318 км 500 м жүзді, ал қайық одан 68 км 300 м аз жүрді, осыдан кейін олардың арақашықтығы 26 км болды. Кемежайлардың арақашықтығын тап.

13. !Орынбасардың қанша сіңілісі болса, сонша ағасы да болды. Ал бір баланың інісі де жоқ. Отбасында ұл мен қыз қанша?

14. © Қалалардың арақашықтығы 823 км. Осы қалалардан бір-біріне қарама-қарсы бағыттағы құтқару станциясына артынан қуған арыстаннан шошынған **Қалай** және артынан қуған жолбарыстан шошынған **Қайда** зымырап келе жатты. Егер Қалай 324 км 327 м зуылдап өтсе, ал Қайда одан 28 км 753 м аз жүрсе, олардың арақашықтығы қандай болады?

15. © Анасы Баянға ертеңгілік асқа салмағы 500 г бутерброд жасап берді. Онда 100 г сары май, майдан екі есе көп шұжық және шұжық пен майды бірге алғандағыдан 3 есе аз көкөніс бар. Қалғаны - бөже нан. Баян (анасы қарамай тұрғанда) шұжықты - Ақтөс деген күшігіне, майды - мысыққа, көкөністі Гоша тотыға берді... Бірақ осы кезде анасы кіріп қалды да, қалған бутербродты өзіне жеуге тура келді. Баян қанша (және нені!) жеді?

16. Қазақстандағы жаңа - Батыс Алтай, Алакөл және Қаратау қорықтарының жалпы көлемі 111 мың га-ды құрайды. Алакөл қорығынмң көлемі 20,7 мың га, Қаратау қорығының көлемі Алакөл қорығынан 13,6 мың га артық. Батыс Алтай қорығының көлемі қандай?

17. Қазақстан территориясының көлемі бойынша ең аумақтысы - шөл дала, шөлейт және далалы жерлердің жалпы қосындысы 87%-ды құрайды. Шөлейт территорияның - 14%-ын, ал далалы жер 29%-ын құрайды. Шөлдің үлесі қандай?

5. Бірдей бағаға 5 торкөз дәптер мен 3 кең жол дәптер сатып алынды. Барлық дәптерге 64 теңге төледі. Бір дәптер қанша тұрады?
6. Әрбір киімге теңдей етіп, 4 жамылғы мен 5 шапанға 54 түйме тікті. Бір киімге қанша түйме тікті?
7. Таңертең дүкеннен 3 жәшік, ал кешке осындай 2 жәшік жүзім сатылды. Барлығы 50 кг жүзім сатылды. Бір жәшікте қанша килограмм жүзім бар?
8. Бір бөлмеге жапсырма жүргізуге 3 кесек тұсқағаз, ал екіншіге осындай 5 кесек тұсқағаз сатып алынды. Барлығы 96 метр жабыстырма сатып алынды. Бір кесекте қанша метр тұсқағаз бар?
9. Бірдей бағаға 5 торкөз дәптер және 3 кең жол дәптер сатып алынды. Барлық дәптерге 64 теңге төленді. Барлық торкөз дәптер мен барлық кеңжол дәптер қанша тұрады?
10. Әр киімге теңдей етіп, 3 жамылғы мен 4 шапанға 63 түйме тікті. Барлық жамылғы мен барлық шапанға қанша түйме тікті?
11. Таңертең дүкен 3 жәшік, ал кешке осындай 2 жәшік жүзім сатты. Барлығы 50 кг жүзім сатылды. Таңертең және кешке қанша жүзім сатылды?
12. Бір бөлмені жапсыруға 6 орама тұсқағаз, ал екіншісіне осындай 5 орама сатып алынды. Барлығы 88 метр тұсқағаз сатып алынды. Бірінші бөлмеге және екінші бөлмеге қанша метр тұсқағаз сатып алынды?
13. Жатақхананың бірінші қабатында - 6 бірдей бөлме, екінші қабатында 4 осындай бөлме бар. Осы бөлмелердің барлығында 60 адам тұрады. Әрбір қабатта қанша адам тұрады?
14. Бірінші күні сапарға - 3 кішкене кеме, екіншіде 5 кішкене кеме шықты. Әрбір кішкене кеме бірдей жолаушы тасымалдайды. Кішкене кемедің барлығы 800 жолаушы тасымалданды. Осы күндердің әрбіреуінде қанша жолаушыдан тасымалданды?

15. Жандосқа көшірме суреттермен - 3 пакет, ал Витяға дәл осындай 2 пакет сыйға тартты. Пакеттерде барлығы суреттері бар 60 бет болды. Әрбір балаға қанша суреттері бар пакет берді?

16. Бір мектепте - 4 бастауыш сыныбы, ал басқасында 5 бастауыш сыныбы бар. Барлық сыныптарда оқушылардың саны бірдей, барлығы - 270 оқушы. Әр мектепте қанша бастауыш сынып оқушылары оқиды?

17. Бір жүргізуші бір күнде 5 сапар жасады, ал басқасы - 3 сапар. Әрбір сапарда бірдей астық тасыды. Екіншіге қарағанда, бірінші жүргізуші 30 т астық көп тасыды. Әрбір жүргізуші қанша астық тасыды?

18. Екі қаладан екі машина бір-біріне қарама- қарсы шықғы, арақашықтықтары 1700 км болатын. Бірінші машинаның жылдамдығы - 90 км/сағ, екінші машинаның жылдамдығы - 80 км/сағ. Кездескенге дейін екі машина қандай қашықтық жол жүреді?

19. Шай ішуге тәттілер салынған сауытғы дайындап қойды. Әрбір сауытқа - 10 шоколад, 12 карамель және 8 мармелад кәмпитін салды. Барлығы 120 кәмпит салды. Қанша мармелад, карамель және шоколад кәмпиті болды?

20. 150 г сусынды дайындауға 5 шырын бөлігін, 4 минералды су және 1 бөлік жеміс шәрбатын араластырды. Сусында шырын, су және шәрбат қанша грамм?

21. Бірінші автокөлік 100 км жолға 11 литр. бензин жұмсайды, ал екіншісі - 15 литр. Екі көлікке 400 км жолға 104 л бензин берілді. Әрбір автокөлікке қанша литр берілді?

22. Екі қалада - барлығы 385 үй. Екі қалада бір кварталдың үйлер саны бірдей. Бірақ үлкен қалада - 30 квартал, ал кішкентайда - 25 квартал. Әрбір қалада қанша үйден бар?

23. Жолдың әрбір 3 метріне 7 тақта қойды. Бірінші жолдың ұзындығын 15м қылып, екіншісін 3 метрге ұзынырақ етіп қалады. Әрбір жолға қанша тақта кетті?

24. Екі бау-бақшада - 1320 гүлден. Екі бау- бақшаның бір гүлзарындағы гүлдер саны бірдей. Бірақ үлкен бақшада - 40 гүлзар, ал кішісінде - 20 гүлзар. Әрбір бау-бақшада қанша гүл бар?

25. Шкафтың әрбір 3 сөресіне 8 табақшадан қойды. Бірінші шкафта 6 сөре, екіншіде 9 сөреге көп. Әрбір шкафқа қанша табақша қойды?

26. Театрдың екі залында -3300 орын. Бір қатардағы орындар саны екі залда бірдей. Бірақ үлкен залда - 60 қатар, ал кішісінде - 50 қатар. Әрбір залда қанша орын?

27. Аллеяның әрбір 5 метріне 3 ағаш отырғызды. Бірінші. аллеяда 25 метр ұзындыққа ағаш отырғызды, ал екіншісінде 10 метрге ұзынырақ отырғызылды. Әрбір аллеяға қанша ағаш отырғызылды?

28. Екі ауылда 1860 тұрғын тұрады. Екі ауылда да бір көшедегі тұрғындардың саны бірдей. Бірақ үлкен ауылда - 17 көше, ал кішісінде - 14 көше. Әрбір ауылда қанша тұрғын тұрады?

29. Пәтердің әрбір бөлмесіне 2 орындықтан қойды. Екі бөлмелі пәтерлерге - 16 орындық, ал үш бөлмелі пәтерлерге 8 орындыққа көп қойды. Қанша екі бөлмелі және үш бөлмелі пәтер болды?

30. Екі үйде - 1500 пәтер. Бір подъездегі пәтерлер саны екі үйде бірдей. Бірақ үлкен үйде - 16 подъезд, ал кішісінде - 9 подъезд. Әрбір үйде қанша пәтер бар?

31. Әрбір алма ағашынан 27 кг алмадан жинады. Бірінші қатарда 45 алма ағашы болды, ал екіншіде -72 алма ағашы. Әрбір қатардан қанша килограмм алма жиналды?

32. Екі автотұрақта - барлығы 1360 автокөлік. Бір қатардағы автокөлік саны екі автотұрақта бірдей. Бірақ үлкен автотұрақта - 22 қатар, ал кішісінде -12 қатар. Әрбір автотұрақта қанша автокөлік бар?

33. Екі автотұрақта -1560 автокөлік. Бір қатардағы автокөліктер саны екі автотұрақта бірдей. Бірақ үлкен автотұрақта - 32 қатар, ал кішісінде - 12 қатарға аз. Әрбір автотұрақта қанша автокөліктен бар?

34. 4 ақжаймаға 16 метр мата кетті. Осындай 8 ақжаймаға қанша метр мата кетеді? (8, 32,2, 12 метр)

35. 12 қаламды 12 адамға бөліп берді. Әрбір ер азаматқа - 2 қаламнан, әрбір екі әйелге - 1 қаламнан, әрбір төрт балаға 2 қаламнан жетті. Барлығы қанша ер азамат? Барлығы қанша әйел? Барлығы қанша бала?

36. Үй иесі бірдей бағаға 5 қасық және 3 шанышқы сатып алды. Қасыққа ол 350 теңге төледі. Үй иесі шанышқыға қанша теңге төледі? (210, 220,560, 200 теңге)?

37. 1500 жақтауды сырлау керек. Бір бояушы бригадасы бұны 15 күнде істей алады, ал басқасы -10 күнде. Осы жұмысты екі бригада бірге қанша күнде орындай алады? (60,6,25,250 күн)

38. Екі түптеуші 180 кітап түптеді. Бірінші түптеуші күніне 5 кітаптан 75 кітап түптеді. Екінші түптеушінің жұмыс күні біріншінікіндей болса, ол күніне қанша кітап түптеді? (7,165,12,6 кітап)

39. © Әрбір 4 мысық 9 котлет жейді. Алдымен 12 мысықты, ал содан кейін тағы 8 мысықты тамақтандырды. Барлық мысыққа қанша котлет қажет болды?

40. Жапонияның таулы өзендерінде алып саламандралар мекендейді. Жеті осылай саламандраның салмағы 140 кг. Бір саламандраның салмағы қанша? 12 жапондық саламандралар салмағы қанша?

41. Баларасы орта есеппен алғанда тәулігіне 12 сағат еңбектене, 7200-ге жуық гүлге қонады. Сонда 1 минут ішінде ара неше гүлге қонады?

42. Он колорад қоңызы 30 күннің ішінде 2100 см^2 картоп жапырағын жейді. Картоп алаңындағы 1000 колорад қоңызы бір күннің ішінде картоп жапырағының қандай көлемін жейді?

Арифметикалық орта мәнді табу

1. Бір бұтадан 3 кг қарақат терілді, екіншідей - 2 кг, ал үшіншіден - 4 кг. Бір бұтадан орташа есеппен қанша килограмм қарақат теріп алынды?

2. Бір ағаштан 12 кг алма теріп алынды, екіншіден - 8 кг, ал үшіншіден - 7 кг. Бір ағаштан орташа есеппен қанша килограмм алма жиналды?

3. Бір қорапта 11 қарындаш болды, екіншіде 9, ал үшіншіде - 13 қарындаш. Әр қорапта бірдей і көлемде болу үшін қанша қарындаштан қою керек?

4. Бірінші күні балалар көрмеге 23 сурет салды, екіншіде - 12, ал үшіншіде - екіншіге қарағанда 2 суретке аз. Бір күнде баладар орта есеппен қанша сурет салды?

5. Балалар бірінші күні мектеп бақшасынан 76.кг картоп жинады. Екінші күні біріншіге қарағанда 24 кг көп, ал үшінші күні - 100 кг. Күніне жиналған картоптың арифметикалық орта мәнін тап.

6. Мотоциклші бірінші сағатта 60 км/сағ жылдамдықпен, екінші сағатта - 70 км/сағ жылдамдықпен, ал үшіншіде 20 км/сағ жүрді. Мотоциклшінің орташа жылдамдығы қандай?

7. Мотоциклші бірінші сағатта - 60 км/сағ жылдамдықпен, екінші сағатта — 70 км/сағ жылдамдықпен, ал үшіншіде екінші сағатқа қарағанда 20 км/сағ аз жылдамдықпен жүрді. Үш сағатта мотоциклшінің орташа жылдамдығы қандай?

8. Мотоциклші бірінші сағатта — 60 км/сағ, екінші сағатта біріншіге қарағанда - 10 км/сағ аз, ал үшінші сағатта екінші сағатқа қарағанда 20 км/сағ аз жылдамдықпен жүріп келе жатты. Үш сағаттағы мотоциклшінің орташа жылдамдығы қандай?

9. Бірінші тобатайда - 12 литр сүт, екіншіде 2 есе аз, ал үшіншіде, біріншіге қарағанда 3 есе аз. Үш тобатай ішіндегінің арифметикалық орта мәнін тап.

10. Бір бригада бір күнде 107 м жолды жөндеді, екінші бригада -108 м жолды, ал үшінші бригада екі бригаданы бірге алғанда 70 метрге аз. Үш бригада жұмысының арифметикалық орта мәнін тап.

11. Бір бригада бір күнде 107 м жолды жөндеді, екінші бригада - 7 м аз, ал үшінші бригада болса, екі бригаданы бірге алғандағыдай. Үш бригада жұмысының арифметикалық орта мәнін тап.

12. Бірінші жәшікте 24 кг алма болды, екіншіде - 14 кг аз, ал үшіншіде - екіншіге қарағанда 2 есе көп. Бірдей болу үшін әрбір жәшікке қанша кг алмадан салу керек?

13. Бірінші жәшікте 24 кг алма болды, екіншіде біріншіге қарағанда 12 кг көп, ал үшіншіде екіншіге қарағанда 2 есе аз. Бірдей болу үшін әрбір жәшікке қанша кг алмадан салу керек?

14. Бірінші жәшікте 34 кг алма болды, екіншіде -14 кг аз, ал үшіншіде екіншіге қарағанда 19 кг көп. Бірдей болу үшін, әрбір жәшікке қанша кг алмадан салу керек?

15. *Егер салмағы 35 кг бірінші жәшіктен 5 кг алма алса, онда екінші жәшікте сонша болады, ал егер 5 кг алма қосса, онда үшінші жәшіктегідей болады. Үш жәшіктің арифметикалық орта мәнін тап.

16. ! Бір бөренені тоқарамен 12 минут кесті, екіншісін 3 минутқа артық, ал үшіншісін бірінші мен екіншіні бірге алғандағыдан - 3 есе аз. Егер жұмыс жылдамдығы бес есе азайса, бір бөренені қоларамен кесуге қанша минут қажет болады?

17. ! Үш балықшы 75 алабұға ұстап алып, балық сорпасын жасады. Бірінші балықшы үшіншіге қарағанда екі есе көп алабұға берді, ал екінші біріншіге қарағанда - 4 есе аз. Қалған балықты олар өзара теңдей бөліп алғанда, оларда 18 балықтан бодцы. Балық сорпасына әрбір балықшы қанша балықтан берді?

18. Кассада бірінші сағатта Астанаға 340 билет сатылды, екінші сағатта - 320 билет, ал үшінші сағатта - 330 билет. Кассада сағатына орташа есеппен қанша билет сатылды? (310, 320, 330, 340 билет)

19. © Бірінші сынып оқушысы жүз метрді 24 «секундта, екінші сынып оқушысы 15 секундта жүгіріп өтеді. Ал Ғалым иттен қашып, 3 секундта жүгіріп өтті. Үш оқушы уақытының арифметикалық орта мәнін тап.

20. © Қанатта 384 жабыстырма болды, Болатта Қанатқа қарағанда 2 жабыстырмаға көп, ал Ринатта Қанат пен Болаттағыны бірге алғандағыдан 541 жабыстырмаға аз. Егер олар бөліссе, Қанат, Болат және Ринат қанша жабыстырмадан алады?

21. Ең үлкен піл тасбақасының салмағы 400 кг, жайман тасбақасы одан 10 есе кем, ал теңіз тасбақасы кайман тасбақасынан 30 кг кем. Осы үш тасбақаның орташа салмағы қанша?

22. Үш африкалық піл тәулігіне - 360 кг азық, ал бес үндістандық 750 кг азық жейді. Пілдер рационның орташа арифметикалық мәнін тап.

23. Бамбуктың бір түрі аптасына 3 м 50 см, ал екінші түрі 4 м 90 см өсті. Екі бамбук түрінің бір күнде өсуінің орташа арифметикалық мәнін тап.

**Айырымдық салыстыру (көбейтіндінің, бөліндінің)
Ауызша есептер**

1. Шахматтан мектептің құрама тобында 3 қыз және 9 ұл болды. Қыздарға қарағанда ұлдар қанша есеге көп болды?
2. Шахматтан мектептің құрама тобында 3 қыз және 9 ұл болды. Қыздарға қарағанда ұлдар қаншаға көп болды?
3. Бірінші үйде 24 адам тұрды, ал екіншісінде -16 адам. Біріншіге қарағанда екінші үйде қанша есе аз адам тұрды?
4. Бірінші үйде 24 адам тұрды ал екіншісінде- 6 адам. Біріншіге қарағанда екінші үйде қанша адамға аз тұрды?
5. Буфетте -15 көк және 5 қызыл шыныаяқ. Қызылға қарағанда көк шыныаяқ қанша есеге көп?
6. Буфетте - 15 көк және 5 қызыл шыныаяқ. Қызылға қарағанда көк шыныаяқ қаншаға көп?
7. Дүңгіршекте 9 сары және 27 сұр футболка жатыр. Сұр футболкаға қарағанда сары футболка қанша есеге аз?
8. . Дүңгіршекте 9 сары және 27 сұр футболка жатыр. Сұр футболкаға қарағанда сары футболка қаншаға аз?
9. Үстелдің үстінде 24 газет және 3 журнал жатты. Газетке қарағанда журнал қанша есеге аз?
10. Үстелдің үстінде 24 газет және 3 журнал жатыр. Газетке қарағанда журнал қаншаға аз?
11. Көкектің өз жұмыртқасын басқа құстың ұясында тастайтыны баршаға мәлім. Бұл басқа құс үшін оңайға түспейді, өйткені көкек балапанының 120 г салмағы басқа барлық шыққан балапандарға қарағанда 2 есе ауыр. Егер

шыққан балапандардың барлығы 3 екені белгілі болса, басқа құс балапанының салмағы қандай?

Құрама есептер

12. Мәрияш 8 теңгеден 7 дәптер, ал Сәуле 6 теңгеден 8 дәптер сатып алды. Кім артық ақша жұмсады және қаншаға?

13. Асханаға әрбіреуінде 7 кг-нан 5 жәшік макарон және әрбіреуінде 8 кг-нан 6 жәшік жарма әкелді. Қайсысын көп әкелді және қаншаға?

14. Гүл дүкенінде әрбіреуінде 7 данадан 5 ақ қалампыр гүлшоғын және әрбіреуінде 5 данадан 6 қызыл қалампыр гүлшоғын жасады. Қандай қалампыр көп және қаншаға?

15. Дүкенге 15 метрден 6 орама жіңішке сым және 50 метрден 5 орама жуан сым әкелді. Қандай сымды көп әкелді және қаншаға?

16. Концерттік коспомдерді тігуге әрбіреуі 12 метрден 5 көк жібек мата және әрбіреуі 15 метрден 3 қызыл жібек мата әкелді. Қандай матаны көп сатып алды және қаншаға?

17. Саябаққа қатарға 24 ағаштан 4 қатар қайың көшетін және әрбір қатарға 19 ағаштан 5 қатар шетен көшетін отырғызды. Қандай көшетті көп отырғызды және қаншаға?

18. Бірдей 4 үйде 32 подъезд. Бір үйге қарағанда, осындай 5 үйде қанша подъездге көп?

19. 4 бірдей үйде 32 подъезд. Бір үйге қарағанда, осындай 5 үйде қанша есеге подъезд көп?

20. Медет 4 күнде 12 бет оқып шықты, ал Бақыт 3 күнде 18 бет оқыды. Медетке қарағанда Бақыт күніне қанша бетке көп оқыды?

21. Медет 4 күнде 12 бет оқып шықты, ал Бақыт 3 күнде 18 бет оқыды. Медетке қарағанда Бақыт күніне қанша есе көп бет оқыды?

22. Әрбір құтыда 4 кг-нан 4 құты құлпынай қайнатпасы және әр құтыда 3 кг-нан 2 құты таңқурай қайнатпасы сатып алынды. Таңқурайға қарағанда қанша кг көп құлпынай қайнатпасын сатып алды?

23. 30 литр сүтті әрбіреуіне 3 литрден тобатайларға құйды, ал 10 литр сүтті әрбір құтыға 2 литрден құтыларға құйды. Құтыға қарағанда қанша көп тобатай қажет болды?

24. Бір бригада 4 күнде 820 м жолды, ал екіншісі 5 күнде 550 м жолды жөннеді. Басқасына қарағанда бригадалардың біреуі бір күнде қанша метрге жолды көп жөннеді?

25. Құрылыс алаңында 1 тонна құм болды. Ерітіндіні дайындауға жұмыскерлер 25 кг құмнан 4 рет, ал сосын тағы 55 кг құмнан 3 рет алды. Жұмсағанға қарағанда қаншаға көп құм қалды?

26. Жаз бойы бір бала 32 сурет жасап, 3 ақ- қара фотоүлдір және 30 суретке 2 түрлі түсті фотоүлдір жұмсады. Түрлі түстіге қарағанда, бала ақ-қара суретті қаншаға көп жасады?

27. Бақшадағы ағаштар қатармен отырғызылған: алма - 20 ағаштан 6 қатар, алхоры - 30 ағаштан 7 қатар. Қандай ағаш көп және қаншаға?

28. Еңбек сабағына 70 теңгеден 12 буда ермексаз және 120 теңгеден 3 жиынтық қатырма қағаз сатып алды. Барлық қатырма қағазға қарағанда, барлық ермексазға қанша көп төледі?

29. Батырдың екі альбомында 150 фотосуреттен, ал Нағиманың үш альбомында 200 фотосуреттен бар. Кімде фотосурет көп және қаншаға?

30. Асханаға 475 кг ұн әкелді: әрбіреуінде 25 кг ұннан 3 қап, ал қалған ұн - 50 кг-дық үлкен қаптарда. 25 кг-дық ұн қаптарына қарағанда үлкен қаптарды қаншаға артық әкелді?

31. Әмиянда 200 теңгеден 4 қағаз ақша болды. Жанна 300 теңгеден 2 қорап «Рахат» кәмпитін және 170 теңгеге «Қазақстан» шоколадын сатып алды. Жаннада қанша ақша қалды?

32. Балалар мектеп бақшасынан астық жинауға көмектесті. Олар әрбіреуінде 15 кг 45 жәшік қызанақ терді. Тасымалдауға қолайлы болу үшін кішкентай жәшіктерге орналастырып, әрбіреуінде 10 кг қызанақтан 12 жәшік жіберді. Қанша қызанақ қалды?

33. Бір ғаламшарда 40 жасыл адамдар тұрады. Олардың 12-сі өлең айтады, 28-і билейді, ал 5-і қайғырғандықтан, ананы да, мынаны да істемейді. Қанша жасыл адам билейді, өлең айтады?

34. Думан және Даниал өзара жарысты. Думан 1000 000 банкнот салып, өзінің 10 досына таратты. Даниал 2 000 000 салып, ол да өзінің 200 досына таратып берді. Думанның әрбір досы Даниалдың әрбір досынан қаншаға «бай»?

35. Бір қарбыздың салмағы 5160 г, ал қауын салмағы 3 есе аз. 5 қарбыздың салмағы 5 қауынның салмағынан қанша есеге көп? (3, 5,15,20 есе)

36. © Меруерт 3 қорапқа 120 кәмпит салды, ал Дина 9 қорапқа өзінің 180 кәмпитін салды. Меруертке қарағанда Динада қанша есеге көп қорап болды?

37. Қазақстан даласының ең ірі құсы - дуадақ. Ол тәулігіне 100 г-ға дейін түрлі тұқымдар жейді. Ал ең кең тараған құс торғай. Ол тәулігіне 50 есе аз тұқым жейді. Бір аптада дуадақ жейтін тұқымның салмағы торғай жейтін тұқымнан қаншаға көп?

38. Сұр шілдің ұясында 24 жұмыртқаға дейін болуы мүмкін, ал күшігенде біреу-ақ. Сұр шілдің 5 ұясында күшігеннің 30 ұясына қарағанда жұмыртқалар неше есе көп?

Кестеден тыс көбейту және бөлу

1. Қалың дәптерде 120 бет. Осындай үпі дәптерде қанша бет?

2. 9 қабатты үйде 5 подъезд бар. Әр қабатта 4 пәтерден. Үйде қанша пәтер бар?

3. Студент қытай тілінің 5 сабағында 60 сөз жаттап алды. Егер ол бір сабақта бірдей көлемде жаңа сөз жаттаса, 12 сабаққа қанша сөз жаттайды?

4. Үлкен автобуспен 60 саяхатшы келді, бұл кішкентайға қарағанда үш есе көп. Кішкентай автобуспен қанша саяхатшы келді?

5. Шолпан данасына 12 теңгеден 72 теңгеге ашық хат сатып алды. Шолпан қанша ашық хат сатып алды?

6. Дүңгіршекте 24 теңгеден ашық хат сатты. Бір күнде 480 теңгеге ашық хат сатты. Қанша ашық хат сатылды?

7. Берікте әрбір қорапта 25 дискіден 75 дискі бар. Берікте қанша қорап дискі бар?
8. a кг ұнды әрбіреуіне b кг-дық қапқа өлшеді. Қанша қап болды?
9. Жазғы лагерьге 306 адам келді. Оларды бірдей 3 корпусқа орналастырды. Әр корпусқа қанша бала бар?
10. Бес қорапта 500 дискі. Осындай 7 қорапта қанша дискі бар?
11. 100 теңгеге 4 бірдей дәптер сатып алды. 500 теңгеге осындай дәптерлердің қаншасын сатып алуға болады?
12. Бір тәулікте - 24 сағат. 10 (12, 30) тәулікте қанша сағат болады?
13. 5 пакет сүтке 600 теңге төледі. Осындай 7 пакетке қанша ақша төлеу керек?
14. Жаңа жылға деп бір қорапқа 20 сыйлықтан орады. 1000 сыйлықты орауға қанша қорап қажет болады?
15. 100 литр сүтті 4 тобатайға құюға болады. 1000 литр сүтке қанша тобатай қажет болады?.
16. Фабрикада күніне 16 компьютерлік және 24 мектеп орындығын дайындайды. 30 жұмыс күнінде барлығы қанша орындық дайындайды?
17. Төрт бөшкеде 800 литр су бар. Осындай бес бөшкеде қанша литр су бар?
18. 6 метр матадан 3 жастыққап шығады. 180 метр матадан қанша жастыққап тігуге болады?
19. Бір балмұздақ 60 теңге тұрады. 360 теңгеге қанша балмұздақ сатып алуға болады?
20. 900 теңгеге 30 шоколад батончигін сатып алды. Бір шоколад батончигі қанша тұрады?
21. Нан зауытында 450 буда тоқашы 9 қорапқа теңдей орналастырды. 250 (800, 750) буда тоқашты орналастыруға осындай қанша қорап қажет болады?

22. Оқушылар 2 т 7 ц 84 кг қызанақ жинады. Осы қызанақтың төртінші бөлігін әрбіреуіне 24 кг себеттерге салды. Қызанақтарды жинауға барлығы қанша себет қажет болды? (58, 87, 29, 870 себет)

23. ! Әжемнің қояндары мен тауықтары бар. Оларда барлығы 240 аяқ және 100 бас болды. Әжемде қанша қоян және қанша тауық бар?

24. © Күбішеде 210 бақа көңіл көтеріп жатты. Бақаның үшінші бөлігін Мәдияр торлы дорбамен ұстап алып, өзенге жіберді. Ал қалған бақаларда ол басқа торлы дорбаға салды. Әр торлы дорбада қанша бақадан болды?

25. © Бақыт арықтау үшін еденге күрішті шашып тастады. Әрбір күрішке ол еңкейді, қолына алды, түрегеліп, сіріңке қорабына салды. Бір күріш дәнін көтеруге ол 10 секунд жұмсады. Егер үзіліссіз және шаршамай жұмыс істейтін болса, 3600 күріш дәнін Бақыт қанша уақытта көтеретінін есепте.

26. Жер жүзінде 21000 балықтар түрі, 7000- ға жуық бауырмен жорғалаушылар түрі белгілі. Балықтар түрі бауырмен жорғалаушылар түрінен неше есе көп?

27. Жерден Күнге дейінгі арақашықтық 150 млн км. Жер диаметрі 12 756 км-ге тең. Күнге дейінгі арақашықтық Жер диаметрінен неше есе артық?

28. Балапандарын асырау үшін қараторғай оларға күніне 180 рет жем әкеледі, ал қарлығаш - 2 есе жиі. Қарлығашқа балапандарын тамақтандыру үшін ұясына аптасына неше рет келу қажет?

Қосындыны санға көбейту

1. Үш сыныптан шеңберге 2 қыз және 4 ұл баладан тұрды. Шеңберге барлығы қанша балалар тұрды?

2. Үш қыз 5 қызыл және 3 көк дөңгелек кесіп алды. Қыздар барлығы қанша дөңгелек кесіп алды?

3. Бір қорапта 15 жасыл және 25 қызыл моншақ бар. Осындай 10 қорапта қанша моншақ бар?

4. Әрбір сыныпта 10 қыздан және 12 ұлдан оқиды. 10 сыныпта (1-10-сын.) қанша бала оқиды?

5. Бақшада әр қатарға 10 көшеттен 7 қатар алмұрт пен 8 қатар алма отырғызды. Барлығы қанша көшет отырғызды?
6. Дүңгіршекте әрбіреуінде 10 данадан 3 буда жай конверт және әрбіреуінде 10 данадан 5 буда «авиа» конверттер бар. Дүңгіршекте барлығы қанша конверт бар?
7. Дүйсенбі дүкенге әрбіреуінде 50 данадан 7 буда дәптер, сейсенбі тағы сондай 2 буда әкелді. Дүкенге барлығы қанша дәптер әкелінді?
8. Мектепке әрбіреуінде 50 данадан 5 қорап ақ бор және әрбіреуінде 20 данадан осыншама қорап түрлі түсті бор сатып алды. Мектепке барлығы қанша бор сатып алынды?
9. Шанышқы 69 теңге тұрады, ал пышақ - 81 теңге. 10 шанышқыдан және 10 пышақтан тұратын жиынтық қанша тұрады?
10. 12 адамнан тұратын саяхатшылар тобы әрбір саяхатшыға 3 құты қойылтылған сүттен және 5 құты консервіленген еттен алды. Саяхатшылар барлығы қанша консерві құтысын алды?
11. Бір будада 60 орауыш көк жіп және 90 орауыш ақ жіп бар. Осындай 4 (5, 7, 9, 10) будада қанша орауыш жіп бар?
12. 30 теңгеден 4 жай қарындаш пен 60 теңгеден 4 қалам сатып алынды. Барлық сатып алынған зат қанша тұрды?
13. Дүкеннің үш сәресінде 160 дискі балалар фильмдері және тағы үш сәреде 40 дискі комедиямен тұр. Сәреде барлығы қанша дискі тұр?
14. Би үйірмесіне 5 қалпақ және үшкіл орамал жиынтығын алды. Егер бір қалпақтың бағасы 120 теңге, ал үшкіл орамал 80 теңге тұратыны белгілі болса, барлық сатып алынған зат қанша тұрады?
15. 20 саяхатшы сапарға шықты, олар өздері мен бірге 5 құты балық және 7 құты ет консервісін алды. Саяхатшылар барлығы қанша консерві алды?
16. Дүкенге 15 килограмнан 30 жәшік қызанақ және 25 жәшік қияр жөнелтті, қиярдан да әрбір жәшікте - 15 кг. Дүкенге қанша килограмм көкөніс жіберді? (725,625,925, 825 кг)

17. !мотоциклші түске дейін 55 км/сағ жылдамдықпен 4 сағат жүрді, ал түстен кейін - 62 км/сағ. Егер мотоциклші өзінің жылдамдығын 5 км/сағ ұлғайтса, 5 күнде қандай арақашықтықты жүріп өтеді?

18. !Екі балада - 5 жаңғақтан, ал үшіншісінде - 2 жаңғақ. Бір үймеде екіншіге қарағанда 4 жаңғақ артық болу үшін, барлық жаңғақты қалай екі үймеге бөлу керек?

19. © Дәулет математикадан бақылау жұмысынан қорыққайдыктан, оған күндіз-түні дайындалды. Дайындыққа ол үш күн бойы түске дейін 15 сағаттан және түстен кейін 9 сағаттан кетірді. Бақылау жұмысында Дәулетке не болды?

20. © Іші ауырып қалған маймылды ауруханаға әкелді. Ол 15 килограмнан 3 себет банан және әрқайсысында 20 данадан соншама себет ананас жеген. Маймыл салмағын қаншаға арттырды?

21. Қазақстанның далалы жерінде жазғы мезгілде орта шамамен алғанда 250 мм жауын-шашын, ал қыс мезгілінде 120 мм жауын-шашын түседі. Сонда үш жылда қанша жауын-шашын түседі?

22. Көк киттің салмағы 160 т-ға, ал кәдімгі киттікі 55 т-ға дейін болады. Үш көк кит пен үш кәдімгі киттің салмақтары қандай?

23. Даланың арасы ұясынан күніне 20 ретке дейін ұшып шығады, ал баларасы - 50 ретке дейін. 100 жұмысшы аралардан тұратын далаарасы мен баларасы ұяларындағы аралар күніне неше рет ұясынан шығатын болады?

Екі көбейтіндінің қосындысын табу

1. Шеңберге үш сыныптан екі қыздан және 2 сыныптан 3 ұлдан тұрды. Шеңберге барлығы қанша бала тұрды?

2. 6 орындықтан 3 қатар және 5 орындықтан 5 қатар қойды. Барлығы қанша орындық қойды?

3. 10 кәмпиттен үш қорап және 9 кәмпиттен 7 қорап сатып алады. Барлығы қанша кәмпит сатып алды?

4. Кітапханаға әрбіреуінде 12 кітаптан 8 буда кітап және 20 оқулықтан 9 буда оқулық сатып алды. Кітапханаға барлығы қанша кітап әкелді?
5. Буфетте 6 шыныаяқтан 3 ыдыс жинағы және 4 шыныаяқтан 2 ыдыс жинағы тұр. Барлық ыдыс жинағында қанша шыныаяқ бар?
6. Үйде 5 адамнан 10 отбасы және 4 адамнан 7 отбасы тұрады. Үйде қанша адам тұрады?
7. Туған күнге 24 тәтті тоқаштан 3 буда және 15 тәтті тоқаштан 5 буда сатып алды. Барлығы қанша тәтті тоқаш сатып алды?
8. Сауыншы 5 сиырдан 20 литр сүттен және 4 сиырдан 18 литр сүттен сауып алды. Барлық сиырдан сауыншы қанша литр сүт сауып алды?
9. Бкі алма ағашынан 24 кг алма, ал 4 алма ағашынан 28 кг алма жинады. Барлық алма ағашынан қанша алма жинады?
10. Үй иесінде 12 үйрек және 30 тауық бар. Әрбір тауыққа 130 г азықтан береді, ал әрбір үйрекке 30 грамға көп. Күн сайын барлық үйректер мен тауықтарға барлығы қанша азық береді?
11. Жүк көлігіне 200 жүк тақтай, ал қалыңынан 50-ін аз салып орналастырды. Қоймаға 3 жүк көлік қалың тақтаймен және 2 жүк көлік жуан тақтаймен жеткізілді. Қоймаға барлығы қанша тақтай жеткізілді?
12. Қала сыртында 3 жаңа және 4 ескі үй бар. Әрбір жаңа үйде 160 пәтерден, ал әрбір ескі үйде - 60 пәтерге аз. Бұл үйлерде барлығы қанша пәтерден бар?
13. Жазда үш сыныптан 40 оқушыдан лагерьге барады, ал 5 сыныптан 30 оқушыдан ауылдағы туыстарында демалатын болады. Барлығы қанша оқушы лагерьде және ауылда демалатын болады? (250,270,350, 370)
14. Үш дос - Сәкен, Батыр және Талғат бір сыныпта оқиды. Олардың бірі үйіне автобуспен барады, екіншісі - трамваймен, ал үшіншісі - троллейбуспен. Бір күні Сәкен сабақтан кейін өзінің досын автобус аялдамасына дейін шығарып салуға шықты. Олардың қасынан троллейбус өтіп бара жатқанда, үшінші досы терезеден: «Батыр, сен мектепте дәптеріңді ұмытып қеттің!» деп, айқай салды. Достардың әрбіреуі қандай көлікпен жүреді?
15. © Данияр әрбір сағатта 13 есептен 2 сағат және әрбір сағатта 16 мысалдан 4 сағат мысал шығарды. Егер барлық мысалдар мен есептердің

қосындысын Данияр бақылауда көмектескен барлық 30 оқушыға бөлсе, Данияр бақылау жұмысында қандай баға алады?

16. Дельфиннің жылдамдығы 55 км/сағ, ал семсер балықтікі - 110 км/сағ. Екеуі қосылғанда, қанша километр жүзеді, егер дельфин үздіксіз 2 сағат, ал семсер балық 3 сағат жүзгені белгілі болса?

17. Сазан суға - 1500-ге дейін уылдырық, ал кета 5 мыңға дейін уылдырық шашады. 4 ана-лық сазан мен 6 кета қосылып, қанша уылдырық шашады?

18 Солтүстік бұғылар - 400 дараққа дейін, ал Алтай маралдары 55 дараққа дейін үйірленіп тіршілік етеді. Солтүстік бұғылардың үш үйірінде және 7 марал үйіріндегі жануарлардың жалпы саны қанша болады?

Қалдықпен бөлу

1. 15 бірдей дискілерді екі қорапқа бөліп салу керек. Әрбір қорапта қанша дискіден болады? Қанша диск қалады?

2. 17 дискіні 4 қорапқа бірдей бөліп салу керек. Әрбір қорапта қанша дискіден болады? Қанша дискі салынбай қалады?

3. Фарфор фабрикасында әртүрлі тәрелкелерді түрлі көлемдегі қорапқа буып-түйді. Қанша қорап болады және қанша тәрелке қалады, егер 45 (49, 19, 29, 45) тәрелкені 6 (8, 5, 7, 8) тарелкеден қорапқа буып-түйсе?

4. Дәптершелерді әрбір будаға 8 данадан буып түйді. Егер 30 (34, 48, 55, 70, 91) дәптершелерді буып-түйсе, қанша қорап болады және қанша дәптершеден қалады?

5. Анасы 18 бәліш пісіріп, оларды 4 тәрелкеге бөліп салды. Бір тәрелкеде қанша бәліштен болды және қанша бәліш қалды?

6. Төлегенде 500 теңге болды. Ол бірнеше дәптерді 45 теңгеден сатып алды. Төлеген қанша дәптер сатып алды және онда қанша ақша қалды?

7. Дәптер салатын бума 90 теңге тұрады. Осындай қанша буманы 150 (250, 380, 540, 940) теңгеге сатып алады және әрбір жағдайда қанша ақша қалады?

8. 1221 қоянды тордың әрбіреуіне 40 бастан жайғастырды. Қанша тор қажет болады? Соңғы торда қанша қоян болады?

9. Қуыршақ елінде 2342 қуыршақ 38 қуыршақтан үйлерде тұрады. Қуыршақ елінде қанша тұрғын үй бар? Соңғы толық емес үйде қанша қуыршақ тұрады?

10. Аралар мамыргүлден 7700 г бал, жөке балды — 2300 грамға көп, ал гүлдіні мамыргүлге қарағанда - 1500 грамға көп жинап алды. Барлық балды 200 г сыйымдылығы бар құтыларға күйды. Қанша құты қажет болды? Толық емес құтыда қанша бал болды?

11. Кемеге 3220 баладан отырды және 800 каютаға бөлінді. Басқа бос каюта болмағандықтан, капитанның каютасына қанша бала орналасты? ‘

12. Әрбір минутта дінгектен 50 см бөлікте кеседі. Ұзындығы 8 м 24 см дінгек қанша минутта кесіліп болады және соңғы бөлікте қанша см қалады?

13. Шеберханада костюмге 6 метр жұмсай отырып, шаңғышыларға 24 бірдей костюм тікті. Екі орама мата жұмсады. Бір орамада 84 метр мата болды, ал екіншіінде 62 метр мата. Қанша метр мата қалды? (4,24,2,6 метр)

14. © Жәкеде 123 асық болды. Оған қонақ келе жатқанын көріп, ол асықтарды әрбіреуіне 30 данадан қорапқа тығып қойды. Жәке қонақтарға қанша асық қалдырды?

15. © Орал кішкентай мысықтан қашып, 15 км/сағ жылдамдықпен 1895 метр жүгірді. Орал қанша секундта демін алды?

16. Сарыарқаның ең жоғарғы нүктесі - Ақсораң тауының биіктігі 1565 м, ал Мұғалжар тауларының Үлкен Бақтыбай шыңының биіктігі — 657 м. Сонда Ақсораң Үлкен Бақтыбайдан неше есе биік?

17. Ең үлкен Анхель сарқырамасының биіктігі 1054 м, ал Ниагара сарқырамасының биіктігі - 51 м. Сонда Анхель Ниагарадан шамамен алғанда неше есе биік?

18. Тынық мұхиттағы ең терең Мариана шұңғымасының тереңдігі 11022 м, ал элемдегі ең терең Байкал көлінің тереңдігі — 1620 м. Мариана шұңғымасының тереңдігі Байкал көлінің тереңдігінен шамамен неше есе артық?

Қосындыны санға және санды қосындыға бөлу

1. Жарысқа 7 қызды және 9 ұлды 2 топқа бөлді. Әр топта қанша баладан?
2. Үстелдің үстінде 35 алма және алмұрт болды. 3 сауытқа алма, ал екі сауытқа алмұртты бірдей көлемде салды. Әр сауытта қанша жемістен бодды?
3. Бірінші сынып Оқушылары 12 жұмсақ ойыншық тікті, ал екінші сынып оқушылары - 16 ойыншық. Барлық ойыншықтарды екі топқа бірдей етіп, оларды балабақшаға сыйға тартты. Әр топ қанша ойыншықтан алды?
4. 17 қызыл шыныаяқ пен 19 көк шыныаяқты 4 үстелге бірдей етіп бөліп қойды. Әрбір үстелде қанша шыныаяқтан болды?
5. Жәшікте 32 кг сәбіз және картоп болды. 2 жәшікте сәбіз және 2 жәшікте - картоп. Әрбір жәшікте көкөніс мөлшері бірдей. Әрбір жәшікте қанша көкөніс болды?
6. Бумаларда бірдей көлеледе 25 ақ және түрлі түсті қағаз болды. Бір бумада - ақ қағаз, ал төрт бумада - түрлі - түсті. Әрбір бумада қанша беттен болды?
7. Дүкенге 40 жұп әйелдер және ерлер қолғабы түсті. 5 қорапта әйелдер, ал 3 қорапта - ерлер қолғабы. Әрбір қорапта қанша жұп қолғап болды?
- Сөмкелерде 28 дана математика және ағылшын тілі оқулықтары болды. 3 сөмкеде математика, ал 1 сөмкеде - ағылшын тілі оқулықтары. Әрбір сөмкеде оқулықтар саны бірдей. Әр сөмкеде қанша оқулық болды?
9. Буып-түюші 5 пакетке 50 қызыл және 150 ақ моншақ салды. Әрбір пакетте қанша моншақ?
10. Театрдың кассасында 80 ересектер бйлеті және 40 балалар билеті сатылды. Билеттерді үш мектеп теңдей сатып алды. Әрбір мектеп қанша билет сатып алды?
11. Театр кассасында 60 бйлет балалар және 30 билет ересектер спектакліне сатылды. Билеттерді теңдей үш зауыт сатып алды. Әрбір зауыт қанша билеттен алды?
12. Бірінші киім пішуші әйелде 25 метр мата, ал екіншісінде 15 метр мата болды. Әрбіреуіне 2 метрден жұмсап, барлық матадан олар көйлек пішіп шықты. Олар қанша көйлек пішті?

13. Хайуанаттар бағындағы 30 ақ және 60 жасыл тотыны бірдей етіп 3 торға отырғызды. Әрбір торда қанша тотыдан болды?
14. Кітапханашы 35 балалар журналын және 45 жасөспірімдерге арналған журнал әкелді. Барлық журналды ол 8 үстелге теңдей етіп жайды. Әрбір үстелде қанша журналдан болды?
15. Ұлдарға 54 және қыздарға 36 концерттік костюм тігілді. Барлық костюмді 3 шкапка бірдей іліп қойды. Әрбір шкафта қанша костюмнен болды?
16. Дүкенге бірдей қорапта 72 кг пірәндік және печенье әкелді. 3 қорапта пірәндік, ал 5 қорапта печенье болды. Әрбір қорап қанша салмақ тартты?
17. Балабақшаға текше пішінді 120 ойыншық әкелді. 5 қорапта сандары бар текшелер болса, ал 7 қорапта - әріптермен. Әрбір қорапта қанша текше ойыншық болды?
18. Маратта - 150 теңге, ал Дулатта -180 теңге. Олар данасына 30 теңгеден ойыншық жауынгер сатып алуды шешті. Олар бірге қанша ойыншық жауынгер сатып ала алады?
19. Тігін фабрикасында 360 метр ақ мата және 520 метр түрлі түсті мата болды. Әрбіреуіне 2 метр жұмсай отырып, барлық матадан жастыққап пішті. Барлығы қанша жастыққап тікті?
20. Бірінші жылыжайдан 320 кг қияр, ал екіншісінен 280 кг жинады. Барлық жиналған қиярды әрбіреуі 20 килограмнан жәшіктерге салды. Бұл үшін қанша жәшік қажет болды?
21. Дүкенде эстрадалық өлеңдер жазылған 900 аудиодискі мен симфония музыкасы жазылған 75 дискілерді 5 сөреге бірдей етіп жайып қойды. Әр сөреде қанша дискіден болды?
22. Шеруге қатысу үшін 270 ұл бала және 330 қыз бала тізбекке 20 адамнан сапқа тұрды. Қанша тізбек болды?
23. Құмыра шеберханасында бір айда - 520 сауыт, екіншіде 480 сауыт дайындады. Барлық бұйымды әрбір қорапқа 4 сауыттан буып-түйді. Бұл үшін қанша қорап қажет болды?

24. Оқушылар мектеп бақшасында 255 кг апорт сұрыпты алма және 365 кг ақ алма сұрыпын жинады. Барлық алманы әрбіреуіне 20 килограмнан жәшікке салды. Бұл үшін қанша жәшік қажет болды?

25. Үш кеңжол қалың дәптер және осындай торкөз екі дәптер 1000 бет құрайды. Әрбір дәптерде қанша бет бар?

26. Бір қолжазбаны машинист 4 күн, ал екіншісін 3 күн басты. Күн сайын бірдей көлемде баса отырып, ол осы уақытта барлығы 210 бет басты. Машинист қандай қолжазбаны және қанша бетке көп басты?

27. Бір алма ағашынан 68 кг алма, ал екіншісінен 44 кг жинады. Барлық алманы әрбіреуіне 14 кг жәшіктерге салды. Қанша жәшік қажет болды? (98,2,36,8 жәшік)

28. Үш ауылдан аудандық жарысқа спортшылар келе жатты. Екінші ауылдан 25 адамға аз болды, үшіншіден біріншіге қарағанда 5 спортшыға көп. Барлық спортшыларды 86 адамнан 5 корпусқа бөліп орналастырды. Әрбір ауылдан қанша спортшы болды?

29. © Мейірімді Барылдауық балдырдан ұстап алынған 1625 кішкентай құртты 12 алтын балыққа және 1 жасыл бақаға таратып берді. Оларға қанша құрттан тиді?

30. Ең ірі император пингвині -Субантарктика аймағында, ал көзілдірікті пингвин Африканың оңтүстік аралдарында мекендейді. Үш император және үш көзілдірікті пингвиндердің салмақтары 66 кг. Көзілдірікті пингвиннің сапмағы император пингвиніне қарағанда 10 кг-ға кем екені белгілі болса, пингвиндердің әр түрінің салмағы қандай?

31. Ғалымдар екі тышқан үйірінің қысқы азықтар қорын тауып алып, өлшесе, барлық салмағы 440 кг екен. Сары тышқанның 380 кг қоры бір бөлімде, ал орман тышқанының қоры 6-ға бөліп сақталған. Орман тышқаны қорының 1 бөлігінде қанша азығы болған?

32. Мидиялар суды сүзіп, су қоймасын тазартады. Суды тазарту үшін екі түрлі мидиялар: 1800 бір түрінен және 3200 екінші түрінен суға жіберілді. Барлық мидияларды желілік секцияларға, әрбіреуіне 200 данадан орналастырды. Мидиялардың әрбір түріне неше секциядан қажет болды?

Айырымды санға бөлу

1. Анасы 12 балалар кітабын сатып алды. 4 кітапты ол шкафка қойды, ал қалғанын ол 4 балаға теңдей таратып берді. Әрбір оқушы қанша кітаптан алды?
2. Мейірімді патша 146 ертегі сарайларын сатып алды, 6-ын ол ханшайымға сыйға тартты, ал қалғанын өзінің 10 айнымас қызметкерлері арасында бөліп берді. Әрбір қызметкер қанша сарайдан алды?
3. Орманға 15 құс ұшып келді, сосын 9-ы ұшып кетті, ал қалғаны 3 бұтаққа бірдей тізіліп отырды. Әрбір бұтаққа қанша құс отырды?
4. Сапарға төртінші сыныптын 24 оқушысы аттанды, олардың 16-сы қыздар, ұлдар төрт қайықта балық аулауға кетті. Бір қайықта қанша ұл бала болды?
5. Әмбебап дүкенге 2120 кеудеше мен қалпақ әкелді. 120 кеудешені бір қатарға ілді, ал қалпақты өлшемдеріне қарай 20 қорапқа буып-түйді. Әрбір қорапта қанша қалпақтан болды?
6. Асханада 57 оқушы түскі ас ішеді 9 оқушы үлкен үстелде отырады, ал қалғандары 8 кішкентай үстелдерге отырады. Әрбір кішкентай үстел басында қанша адам отыр?
7. *Әр таң сайын Айдар 10000 қадам, ал оның әпкесі 4000 қадамға аз жасайды. Секундына 2 қадам жасай отырып, өзінің қадамын жүру үшін, оның әпкесіне қанша минут қажет болады?
8. ! Мектептен үйге дейін 1256 қадам, мектептен дүкенге дейін - 56 қадамға аз. Егер Әсет балұздаққа мектептен дүкенге дейін 5 минут жүгірсе, ол минутына қанша қадам жасау керек? Егер қоңырау 15 минут болса, ал ол кезекте 2 минут тұрса және 7 минут балмұздақ жесе, сабаққа ол үлгере ме?
9. Екі күнде саяхатшылар 280 км жүріп өтті, оның бірінші күні - 160 км. Ал екінші күннің арақашықтығын олар 4 аялдаумен өтіп шықты. Екі аялдаманың арақашықтығы неге тең? (50, 40, 30, 20 км)
10. © Бір кішкентай елсіз аралда 1478 шошынған Робинзондар қалып қойды. Қорыққаннан 299-ы ағашқа мініп алды, ал қалғандары жабайы аңдардың шабуылына қарсы тұру үшін тізбекке 131 сапқа тұрды. Қанша тізбек болды?

11. Хайуанаттар бағына 127 маймыл әкелді, ең ірі 7-уі горилла, ал қалғандары - кішкентай маймылдар. Кішкентай маймылдарды торларға, әрқайсысына 15-тен бөліп отырғызды. Кішкентай маймылдар үшін барлығы қанша тор қажет болды?

12. Қазақстанда ашық әдіспен өндірілетін таскөмір қоры 39 млрд т құрайды. Бүгінгі күнге өндірілгені 19 млрд т. Жыл сайын 400 млн т көмір өндірілетін болса, қалған қоры неше жылға жетеді екен?

13. Арал теңізінің тереңдігі 52 м еді. Соңғы жылдары су 27 метрге таяздады. Жыл сайын су беті 100 см-ге «отыратын» болса, Арал неше жылда мүлдем құрғап кетуі мүмкін?

Саннан көбейтіндіні азайту

1. Үстелдің үстінде 8 алма жатты. Үш қыз екі алмадан алды. Қанша алма қалды?

2. Қорапта 24 қарындаш болды. Одан 4 қыз 3 қарындаш алды. Қорапта қанша қарындаш қалды?

3. 80 ағаш отырғызды, оның 14-і шырша, ал қалған 11-і қатарлап отырғызылған қайың. Қанша қатар болды?

4. Баудың ұзындығы - 5 метр. Одан 95 сантиметрден 2 бөлшек кесіп алды. Қалған бөлшектің ұзындығы қандай?

5. Сапарға 100 кішірек пакет кофе алды. Бір күнде 12 кішірек пакет жұмсады. Егер сапар 7 күнге ұзарса, қанша кішірек пакет қалады?

6. Үлдірде 36 кадр. Басып шығару кезінде бірнеше фотосурет сәтсіз болып шықты, қалғандары 4 фотосуреттен альбомның 8 бетіне орналастырылды. Қанша фотосурет сәтсіз шықты?

7. Мектеп асханасында 125 тәрелке дайындады. 8 үстелге 12 тәрелкеден қойды. Қанша тәрелке орналастыру қалды?

8. Шолпанда - 200 теңге. Ол 75 теңгеден 2 жазу кітапшасын сатып алды. Онда қанша ақша қалды?

9. Көкөніс базасында 300 жәшік қияр болды. Әрбір үш дүкенге 40 жәшіктен жөнелтті. Базада қанша жәшік қияр қалды?

10. Кітапханаға 800 жаңа кітап әкелді. 12 сө- ренің әрбіреуіне 40 кітаптан қойды. Әлі қанша кітап орналастыру керек?

11. Кемеде команда мен жолаушылар бар. Команда 200 теңізшіден тұрады. Жолаушыларды үш палубада 4 адамнан каюталарға орналастырды. Бірінші палубада - 1000 адам, екіншіде - 600 адамға аз, ап үшіншіде екіншіге қарағанда - 4 есе аз. Кемеде жолаушылар мен теңізшілерге қанша каютабар?

12. Дүкенге 2 890 қалам және фломастер әкеліп түсірді. Қалам 1810 болды, ал фломастерлер әрбіреуіне 12 данадан будаға салынған болды. Қанша буда фломастер дүкенге әкеліп түсірілді?

13. Қағаз қапшықта 35 кәмпит болды. Барлық кәмпиттің жетінші бөлігін Нағима өзіне алды, ал қалғанын үш кіші інілеріне бірдей таратып берді. Әрбір інісі қанша кәмпиттен алды?

14. Алуа 180 бет ақ және түрлі түсті қағаз сатып алды. 80 бет ақ болды, ал түрлі түсті қағаз 10 беттік жиынтықтан тұрды. Алуа қанша жиынтық түрлі түсті қағаз сатып алды? (10, 8, 12, 20 жиынтық)

15. © Әнуар және Қарлығаш ауылға жеңіл көлікпен кетті. Көліктің барлық төрт дөңгелегі 2400 м жүріп өтті. Бірінші дөңгелегі 300 м, ал қалғандары қалған жолды бірдей жүріп өтті. Үш дөңгелектің әрбіреуі қанша метрден жүріп өтті?

16. Балықшылар кальмар аулауға шықты. Олардың 3 тонналық түсімі үш алып кальмар мен әрқайсысы 50 кг-нан үш сегізаяқ болды. Барлық сегізаяқтарды қайта суға жіберді. Кальмардың таша салмағын табыңдар.

17. Қазақстан даласының құрғақ аймақтары топырағының қалыңдығы - 15см. Бір құйынды жел бекітілмеген топырақтың 2 см-не дейін әкетуі мүмкін. Жаз айлары орын алатын 5 құйынды желден кейін қалған топырақ қалыңдығы қандай болады?

18. Сахель - саванна және Сахара шөлінің арасымен өтетін 200 километрлік шекаралық аймақ. Сахель жыл сайын 50 км жылдамдықпен шөлге айналып келеді. Үш жылдан кейін Сахель туралы не айтуға болады?

Саннан бөлшекті табу есептері

1. Айгүлде - 8 кәмпит. Төртінші бөлікті ол ағасына берді. Ол ағасына қанша кәмпит берді?
2. 16 литр айранды 8 бөтелкеге бірдей құйды. Бір бөтелкеде қанша литр айран? Айранның қандай бөлігі бір бөтелкеде?
3. Шелекте 7 л сүт. Сүттің жетіден бірін ботқаға алды. Ботқаға қанша сүт алды?
4. 35 оқушының жетіден бір бөлігі концертке қатысты. Концертке қанша оқушы қатысты?
5. Асқабақтың салмағы 6 кг. Жарты асқабақтың салмағы неге тең?
6. Асханаға 25 кг қант әкелді. Қанттың бестен бір бөлігін жұмсап жіберді. Қанша кг қант жұмсады?
7. Орамада 48 м мата болды. Белдемшелерге сегізден бір бөлігін, ал көйлекке - белдемшені пішкеннен кейін қалғанның жетіден бір бөлігін жұмсады. Көйлекке қанша метр кетті?
8. Ұзындығы 12 метр бөренені 3 бөлікке кесті. Әрбір бөлікте қанша метр?
9. Қауынның салмағы 5 кг. Қауынның бестен бір бөлігі қанша килограмды құрайды?
10. Үйірмеге 39 оқушы қатысады. Үлгіген бір бөлігі - қыздар. Үйірмеде қанша қыз?
11. Жайылымда 60 бас мал жайылып жүр. Оның алтыдан бір бөлігі - қойлар, ал қалғандары - сиырлар. Үйірде қанша сиыр бар?
12. Дәптерде 24 бет. Қыз дәптердің сегізден бесін жазып бітірді. Қыз бала дәптердің қанша бетін жазып бітірді?

13. Дәптерде 24 бет. Қыз дәптердің сегізден бесін жазып бітірді. Қыз бала дәптердің қанша бетін жазып бітірді? Қыз балаға дәптердің қанша бетін жазып тастау қалды?

14. Мата кесіндісінің ұзындығы 75 метр. Бестен бір бөлігін сатып жіберді. Қанша метр мата қалды?

15. Үйде 18 қабат. Қабаттардың үштен бір бөлігіне тұрғындар қоныстады. Әлі қанша қабатты қоныстандыру қалды?

16. Мерекеге 15 қонақ келуге тиісті. Қонақтардың бестен бір бөлігі келді. Сонда қанша қонақ келмеді?

17. Саяхатшылар екі күнде 24 км жүрді. Бірінші күні олар барлық жолдың үштен екісін жүріп өтті. Екінші күні олар қанша километр жүрді?

18. Дүкенге 200 жай және 400 түрлі түсті қарындаш әкелді. Барлық қарындаштың алтыдан бір бөлігін сатып жіберді. Қанша қарындаш сатуға қалды?

19. Пәтердің ауданы 100 шаршы метрге тең. Қонақбөлме барлық ауданның бестен бір бөлігін алады. Қонақ бөлменің ауданын тап.

20. Көкөніс өсіруші 5 ц қияр жинады. Бесінші бөлігін әрбіреуіне 10 килограмнан жәшікке салды. Ол қанша жәшікті толтырды?

21. Оқушы кітаптың сегізден бір бөлігін оқып шықты. Егер кітапта барлығы 320 бет болса, қанша бет оқыды? Оған әлі қанша бет оқу қалды?

22. Көк жиектеменің ұзындығы қызыл жиектеменің төрттен бір бөлігін құрайды. Егер қызыл жиектеменің ұзындығы 40 см болса, көк жиектеменің ұзындығын тап.

23. Мектепте 700 оқушы. Оқушылардың жартысы спорттық секцияда шұғылданады, барлық оқушының жетіден бір бөлігі музыка үйірмесіне қатысады, ал қалғанының бесінші бөлігі хорда өлең айтуға барады. Әртүрлі үйірмелерде қанша бала шұғылданады?

24. Шаруа қожалығында 600 л сүт сауып алды. Сүттің алтыдан бір бөлігін сатып жіберді, ал қалған сүттің бестен бір бөлігінен ірімшік дайындады. Шаруа қожалығында әлі қанша литр сүт іске аспай қалды?

25. Ұзындығы 50 метр сымның оннан бір бөлігін кесіп алды, ал ұзындығы 30 метр сымның бестен бір бөлігін кесіп алды. Қандай кесіндіден және қаншаға көп кесіп алды? .

26. Автотұрақта 30 машина болды. Үштен бір бөлігін - қара, бестен бір бөлігін - ақ, ал қалғандарын күміс түстес машиналар құрады. Автотұрақта қанша күміс түстес машина тұрды?

27. Салмағы 36 кг. цементі бар қапшықтың төрттен бір бөлігін алды, ал салмағы 21. кг қапшықтың үштен бір бөлігін алды. Қай қапшықтан және қанша килограмға көп цемент алды?

28. Дүкенге 240 кг алма әкелді, алмұртты - барлық алманың үштен бір бөлігіндей әкелсе, ал өрікті алмұрт пен алманы бірге алғандағыдай әкелді. Дүкенге қанша килограмм жеміс әкелді?

29. Мектепте 750. оқушы. Барлық оқушылардың бестен бір бөлігі - үздік оқитындар. Мектепте үздік оқитындар қанша? Мектепте үздік оқымайтындар қанша?

30. Үй иесі 70 кг көкөніс тұздады. Барлық көкөністің бестен бір бөлігі - қырыққабат, ал қалғаны - қиярлар. Үй иесі қанша кг қияр тұздады?

31. Орамада 490 метр мата болды. Жетіден бір бөлігін кесіп алды. Орамада қанша метр мата қалды? Кесіп алғанға қарағанда қанша метр мата көп қалды? Ораманың жалпы метр санынан матаның қандай бөлігі орамада қалды?

32. Мектеп хорында 81 адам өлең айтады. Олардың үштен бір бөлігі - ұлдар, ал қалғаны - қыздар. Хорда қанша қыз өлең айтады?

33. Дүкенге 360 буда йогурт әкелді. Барлық йогурттың алтыдан бір бөлігі - өрік, екіден бір бөлігі - алхоры, қалғандары - құлпынай қосылған. Дүкенге қанша буда құлпынай йогуртын әкелді?

34. Мерекеге әрбіреуінде 50 шардан 12 буда үрлеме шар сатып алынды. Шардың оннан бір бөлігі қолданылмай қалды. Қанша шар қалды? Залды әшекейлеуге қанша шар қолданды? Мерекеге барлық шардың қандай бөлігін қолданды?

35. Тіктөртбұрыш түріндегі жер телімінің ұзындығы 49 м, ені 36 м. Бұл телімнің тоғыздан төртіне картоп, ал қалған аумағына сәбіз егілген. Сәбіз қандай аумаққа егілген?

36. Гүлбағының бір жағы шаршы пішіндес 8 м-ге тең. Гүлбағының барлық аумағына он алтыдан жетісіне түймедақ егілген, ал қалған бөлігіне шегіргүл егілген. Гүлбағы аумағының қандай бөлігіне шегіргүл егілген?

37. Мектеп ауласы тіктөртбұрыш пішіндес. Оның ұзындығы 28 м, ал ені 16м. Ауланың төрттен үш бөлігі спорттық аудан болады ал қалған аймағында жолдар мен гүлдер орналасқан. Осы қалған аймақтың өлшемін табыңдар.

38. Тіктөртбұрыш пішіндес бау-бақшаның ұзындығы 40 м, ал ені 20 м-ге тең. Сегізден бес бөлігіне алма ағашы, қалған жеріне алмұрт егілген. Бау-бақшаның қандай ауданына алмұрт егілген? Алмұрт егілген ауданы бау-бақшаның қандай бөлігін құрайды?

39. Қымбатта 360 теңге болды. Ол ақшаның сегізден бір бөлігін, сосын қалғанының жетіден бір бөлігін жұмсады. Ол барлығы қанша ақша жұмсады?

40. Оқушылар 1 т 8 ц 56 кг қызанақ жинады. Осы қызанақтардың төртінші бөлігін әрбіреуіне 16 кг себеттерге салды. Қызанақтарды буып-түюге барлығы қанша себет қажет болды? (58, 87, 29, 870 себет)

41. Қалалардың арақашықтығы 1200 км. Саяхатшы жолдың алтыдан бір бөлігін машинамен, қалған жолдың жартысын кішкене кемемен, ал қалған жолды - автоаял тәсілімен жүріп өтті. Саяхатшы автоаялмен қандай жол жүрді? (500, 200, 700, 300 км)

42. Мәдинаға ұзындығы 1 метр лента берді. Ол лентаның 10 см бөлігін. келесіде - екіден бірін, ал үшіншіде - қалғанының тоғыздан бір бөлігін кесіп алуы керек. Лентаның қалған бөлігінің ұзындығы қандай? (45,40, 50, 5 см)

43. Қала бағытына қарай жолда 30 машина, ал оларға қарама-қарсы 30 жүк келігі келе жатты. Автокеліктердің оннан бір бөлігі - қызыл, бестен бірі - кара, ал қалғаны ақ түсті болды. Қалаға қарай қанша автокөлік келе жатты?

44. © Құс мектебінде 13 бозторғай, 17 торғай, 25 шымшық оқыды. Барлық құстардың бесінші бөлігі үй тапсырмасын орындағысы келмей, ұшып кетті. Мектепте қанша құс қалды?

45. © Әнуар балық аулауға барып, үлкен шортан балық ұстап алды! Оның салмағы Әнуардың жиырмадан бір бөлігін құрады. Егер Әнуардың салмағы 40 кг-ға тең болса, шортанның салмағы қандай болды?

46. Әлемде акуланың 250-ге дейін түрі белгілі. $\frac{1}{5}$ бөлігі адам үшін қауіпті, ал $\frac{1}{25}$ бөлігі - айбарлы тірі жан өлтірушілер. Акулалардың неше түрі адам үшін қауіпсіз болып табылады?

47. Әлемдегі ең ірі қосжақгаулы ұлу - тридакна салмағы 240 кг-ға жуық. Денесінің салмағы жалпы салмағының $\frac{1}{8}$ бөлігін құрайды, ал қалғаны - бақалшақ жақтауларының салмағы. Сонда бақалшақ жақтауларының салмағы қандай?

48. Қазақстанда 835 омыртқалылар түрі мекендейді. Олардың $\frac{1}{17}$ бөлігі - бауырымен жорғалаушылар. Бауырымен жорғалаушылардың неше түрі бар?

Санды бөлшек бойынша табу есептері *Жай есептер*

1. Шелекте 7 литр сүт, яғни барлық сауылғанының сегізден бірін құрайды. Барлығы қанша литр сүт сауып алды?

2. Қыз дәптердің 2 бетін жазып тастады, яғни бұл барлық дәптердің алтыдан бірін құрайды. Дәптерде қанша бет болды?

3. Қарындаш 10 теңге тұрады, яғни бұл Айдостың әмиянындағы ақшаның бестен бір бөлігін құрайды. Айдоста қанша ақша бар?

4. Шахматшылар үйірмесінде 12 қыз бар, яғни бұл үйірменің барлық мүшелерінің үштен бірін құрайды. Үйірмеге барлығы қанша бала қатысады?

5. Жарты асқабақтың салмағы 2 кг-ға тең. Тұтас асқабақтың салмағы қанша?

6. Кітаптың үшінші бөлігі 25 бетке тең. Кітапта барлығы қанша бет бар?

7. Ағаштан жиналған алма өнімінің үштен бірін 31 кг құрады. Ағаштан қанша килограмм алма теріп алынды?

8. Арқанның ұзындығы неге тең болады, егер оның алтыдан бір бөлігі 4 метрді құраса?

9. Оқушы кітаптың сегізден бірін оқыды, яғни бұл 50 бетті құрайды. Кітапта қанша бет бар?

10. Қызыл жиектемнің ұзындығы көктің үштен бірін құрайды, Егер қызыл жиектемнің ұзындығы 50 см құраса, көк жиектемнің ұзындығын тап.

11. Велосипедші 250 метр жүріп өтті, яғни маршруттың төрттен бірін құрайды. Велосипедші қанша метр жүріп өтуі керек?

12. Айсбергтің су үстіндегі бөлігінің биіктігі 30 метр, бұл - барлық айсбергтің бестен бір бөлігі. Оның бар ұзындығы неге тең? (6, 24, 180, 150 метр)

13. Ергежейлі мангусттың денесі 29 см, бұл ең ірі ақ құйрықты мангуст денесі ұзындығының (құйрықсыз) $1/2$ -ін құрайды. Ақ құйрықты ірі мангуст денесінің ұзындығы қандай?

Құрама есептер

14. Сырлаушы іргенің 20 шаршы м-ін сырлады, яғни бұл барлық ірге ауданының бестен бірін құрайды. Оған әлі іргенің қанша шаршы метрін сырлау керек?

15. Қызыл жиектемнің ұзындығы көк жиектемнің үштен бір бөлігін құрайды. Егер қызыл жиектемнің ұзындығы 50 см құраса, көк және қызыл жиектемнің ұзындығын тап.

16. Машина 120 км жол, яғни барлық жолдың үштен бірін жүріп өтті. Барлық жол неге тең?

17. Бала 49 бетті оқып шықты, яғни бұл кітаптың сегізден жетісін құрады. Кітапта қанша бет бар?

18. Мен бір сан ойладым, оның төрттен үші 15-ке тең. Мен қандай сан ойладым?

19. Аламан өзінің төлін 16 күн көтереді, яғни түйелердің өз төлін көтеру кезеңінің жиырма бестен бірін құрайды. Түйелер төлдерін қанша күн көтереді?

20. Бір күн ішінде дүкенде 144 ірімшік сатылды, яғни әкелінген мөлшердің төрттен үшін құрады? Дүкенге қанша ірімшік әкелді?
21. Саяхатшылар бір күнде 15 км жүрді, бұл барлық жолдың бестен үшін құрайды. Жолдың арақашықтығын анықтаңдар.
22. Бір күнде саяхатшылар 2 км жүрді, бұл барлық жолдың төрттен екісін құрайды. Барлық жол қанша километр болады?
23. Дүкенде дәке орамасынан 15 метр, яғни барлық ораманың төрттен бірін кесіп алды. Ал қалдықтан тағы тоғыздан бірін алды. Орамада қанша дәке болды? Екінші рет қанша дәке кесіп алды?
24. Велосипедші 15 км жүріп өтті, бұл белгіленген жолдың төрттен бірін құрады. Ал қалған жолда ол сынған велосипедті сүйреді. Велосипедші қанша километр өту керек еді? Ол велосипедті қанша километр сүйреді?
25. Жеті бұлтты күн барлық ашық демалыс күндердің сегізінші бөлігін құрады. Қанша ашық күн болды? Барлығы қанша демалыс күн болды?
26. Анам өз ақшасының сегізден жетісін жұмсағаннан кейін 500 теңгесі қалды, оның бесінші бөлігін ол ойыншықтарға жұмсады. Анамда қанша ақша болды? Анам сатып алынған заттарға қанша ақша жұмсады?
27. Ұзындығы 24 см, ал ені ұзындығының алтыдан бес бөлігін құрайтын тіктөртбұрыш рамка жасауға ұзындығы қандай сым қажет болады?
28. Бөлменің ұзындығы 4 м, ал ені ұзындығының төрттен үшін құрайды. Осы бөлмені жөндеуде қандай ұзындықта ернеу қажет болады?
29. Тіктөртбұрыш пішіндегі бау-бақшаны иесі дуалмен қоршағысы келеді. Баудың ұзындығы 400 м, ал ені оның сегіздің бесін құрайды. Дуалдың ұзындығы қандай болуы керек?
30. Велосипедші 400 метр жүріп өтті, бұл бестен екісін құрайды. Велосипедші қанша метр сол жаққа және қайтар жаққа жүру керек?
31. Тіктөртбұрыш кілемнің ұзындығы 3 м, ал ені ұзындығының үштен екісін құрайды. Бұл кілемді көмкеру үшін ұзындығы қандай жиектеме алу керек?

32. Велосипедші 21 км/сағ жылдамдықпен 3 сағат, яғни барлық маршруттың төртінші бөлігін жүрді. Велосипедші маршрутының ұзындығы қандай? (525,252,225,552 км)

33.! Санның үшінші бөлігінің жартысы 5-ке тең. Бұл қандай сан?

34. Ағайынды Батыр, Төле және Медетте үш түрлі тоқаш бар: күріш, қырыққабат және алма қосылған. Медет алма қосылған тоқашты ұнатпайды және қырыққабатты жемейді. Батыр қырыққабат қосылған тоқашты ұнатпайды. Олар қандай тоқаштарды таңдайды?

35. !© Маймыл Мака бананнан ботқа пісіріп, аңдарға тарата бастады: мартышкаларға бестен бірін, бұл 10 қасық болды; жолбарыстың балаларына - бестен екісін, бұл 20 қасықты құрады; пілдің балаларына - қалғанынан оннан тоғызын. Маймыл Макаға қанша қасық ботқа тиді?

36. © Тұмар қыздарға арналған қыстырғыштар, топтамасын жинады. Қызыл қыстырғыштар 423 дана болды, бұл оның топтамасындағы барлық қыстырғыштардың төрттен үшін құрады. Егер Тұмар қыстырғыштардың жартысын өзіне ұнап қалған қызға берсе, өзінде қанша қыстырғыш қалады?

37. Жезқазған тұрғындарының саны -110 мың адам, бұл Астана қаласы тұрғындарының 1/6 бөлігі. Астана қаласы тұрғындарының саны қандай?

38. Жер экваторының ұзындығы 40 000 км, бұл Жер мен Күн арақашықтығының 1/3750 бөлігін құрайды. Сонда Жер мен Күн арасындағы қашықтық қандай?

Пайызға арналған есептер

1. Атамның бөлмесінде тал түсте сағаттың қоңырауы соғады. Соғыстың ұзақтығы бір сағаттың бір пайызын құрайды. Сағаттың соғысы қанша секундқа ұзарады?
2. Әкем 50 000 теңге сыйақы алды. Сыйақының 1%-ын олар тортты сатып алуға жұмсады. Торт қанша тұрады?
3. Атамда май мен 20 литрлік үякен бөтелке болды. Майдың 1% ол бөтелкеге құйды. Ата бөтелкеге қанша грамм май құйды?
4. Қала арасы - 8000 км. Саяхатшы ұшақта барлық жолдың 10%-ын тең жолды ұшып өтті. Қандай жолды ол ұшақта ұшып өтті?
5. Анам 58000 теңге алды. Барлық еңбекақысының 10%-ын ол жазғы демалысқа қалдырды. Анам жазғы демалысқа қанша ақша қалдырды?
6. Үйректерге 1 т қалдық әкелді. Барлық қалдықтың 20%-ын Болат қоймаға тасыды. Болат қанша кг қалдықты тасыды?
7. Балалар мектеп бақшасынан 3 ц қызанақ теріп алды. Жиналған астықтың 5%-ын олар асханаға апарды, ал қалғанын тұздап тастады. Балалар асханаға қанша қызанақ апарды және қаншасын тұздады?
8. Салмағы 2 кг 100 г қауыннан салмағы жалпы салмақтан 7% бір тілімін Данаға кесіп берді, ал Мәрияшқа - 10% тілім. Қауынның кесілген тілімдерінің салматы неге тең?
9. Ауыл арасы - 30 км. Жүгіруші жолдың 30%-ын жүгірді. Жүгіруші қанша километр жүгірді?
10. Ауыл аралары - 45 км. Жүгіруші жолдың 30%-ын жүгіріп шықты. Қанша километр оған әлі жүгіру керек?
11. Асхат бір ауылдан екінші ауылға велосипедпен шықты және жолдың 40%-ын жүріп өтті, яғни бұл 20 км құрады. Ауыл аралары қанша шақырым?
12. Ұшақ 1 800 км ұшып өтті, бұл барлық жолдың 50%-ын құрады. Барлық жол неге тең?
13. Ұшақ 1500 км ұшып өтті, бұл барлық жолдың 20%-ын құрады. Ұшаққа қанша километр әлі ұшу керек?

14. Оқушылар 360 кг макулатура жинады, бұл жоспарлаған жиынның 60%-ын құрады. Оқушылар барлығы қанша макулатура жинауы керек?

15. Оқушылар 360 кг макулатура жинады, бұл жоспарлаған жиынның 60%-ын құрады. Оқушыларға жоспарды орындау үшін әлі қанша макулатура жинау керек?

16. Әпкем інісіне бірнеше буда шырын сатып алды. Бір буда сатып алынғаннан 25% құрайды және 100 г-ға тең. Әпке қанша грамм шырын сатып алды?

17. Әпкем інісіне бірнеше буда шырын сатып алды. Бір буда сатып алынғаннан 25%-ын құрайды және 100 г-ға тең. Қалған будада қанша грамм шырын бар?

18. Саяхатшылар маршруттың 20%-ыш жүріп өтті, бұл 28 км құрады. Барлық маршрут қанша километр құрайды?

19. Саяхатшылар маршруттың 20%-ын жүріп өтті, бұл 28 км-ді құрады. Оларға әлі қанша километр жүру керек?

20. *Салмағы 2 кг 500 г қауынның жалпы салмағының 5%-на тең бір тілімін Данаға кесіп берді, Мәрияшқа - 10% тілім, ал Сәкенге -20% тілім кесіп берді. Қауынның кесілген тілімдерінің салмағы қанша? Қанша қауын қалды?

21. *Балалар мектеп бақшасында 5 ц қызанақ жинады. Жиналған өнімнің 5%-ын олар асханаға тапсырды, 20%-ын тұздады, ал қалған қызанақтан томат пастасын дайындады. Томат пастасына қанша кг қызанақ кетті?

22. Үйректерге 1 т жем әкелді. Барлық жемнің 20%-ын Батыр қоймаға тасып тастады. Батырға әлі қанша кг жем тасу керек?

23. Анам 52500 теңге алды. Барлық еңбек ақының 15%-ын ол жазғы демалысқа сақтап қойды. Қалдырғанынан бөлек барлық айға жеткізу үшін қанша ақша қалады?

24. Қалалар арасы - 8000 км. Саяхатшы ұшақпен барлық жолдың 10%-на тең бөлігін ұшып өтті. Оған алда әлі қанша жол жүру керек?

25. Қалалар арасы - 8000 км. Саяхаппы ұшақпен барлық жолдың 12%-на тең бөлігін ұшып өтті. Ол ұшақта қанша жол ұшып өтті?

26. Қалалар арасы - 8000 км. Саяхатшы ұшақпен барлық жолдың 12%-на тең жолды ұшып өтті. Оған әлі қанша жол ұшып өту керек?
27. Салтанат аулада 2 сағат 30 минут қыдырды. Осы уақыттың 30%-ын ол өткеншекте, ал қалған уақытта ол құмда ойнады. Салтанат қашпа уақыт өткеншек тепті?
28. Салтанат аулада 2 сағат 30 минут қыдырды. Осы уақыттың 30%-ын ол өткеншекте, ал қалған уақытта құмда ойнады. Салтанат қашпа уақыт құмда ойнады?
29. Қалалар арасы - 8000 км. Саяхатшы ұшақта барлық жолдың 80%-на тең жолды ұшып өтті. Ол ұшақта қанша жол ұшып өтті? Сапардың соңына дейін әлі қанша км қалды?
30. Совхоз бақшасы - 600 телім. Осы бақшаның 20%-на қызылша егілген, қалғанына - картоп. Қанша телімге қызылша егілген? (12, 120, 21, 210 телімге)
31. Балықшылар 500 кг майшабақ аулады. Жалпы салмақтың 5%-ы ұсақ болғандықтан, оларды қайта суға жіберді. Балықшылар қанша майшабақты жиекке түсірді? (525, 425, 475, 575 кг)
32. !© Дәурен тәуліктің 4-бөлігінде мектепте болды, тәуліктің 25%-ында хоккей ойнады, тәуліктің үшінші бөлігінде ұйықтады, 2 сағат теледидар көрді, 2 сағат тамақтанды, ал қалған уақытта үй тапсырмасын орындады.; Үй тапсырмасын орындауға Дәуреннің қанша уақыты кетті?
33. ! Есепке сәйкес жауап таңда. Жұмысшы 12 бөлшек жасады. Ол жоспарды 100% орындады: Ал егер ол 24 бөлшек жасаса, онда неше % жоспарды орындаған болады? (10, 20, 200, 200%)
34. © Достар ұзындығы 100 метр төбешіктен шанамен сырғанап түсті. Біріншісі 80 % жол жүріп, құлады. Екіншісі де 79 % жол жүріп құлады. Ал үшінші сырғанаған жоқ. Ол да құлап қаламын деп ойлады. Неге?
35. © Әлия және Сәния деген екі қыз өмір сүріпті. Сәния бәрін керісінше жасайды екен. Анасы халва сатып әперіп: «Кім қанша алғысы келеді, алыңдар», - деді. Әлия айтты: «Мен 10% аламын». Сония «0,1% аламын» деп, жауап берді. Халваны анасы 100 г апды. Сәнияда көп халва болды ма?

36. 2000 аралдан тұратын Мальдив аралдары экваторда Үнді мұхитында орналасқан, оның 200-інде адамдар қоныстанған. Мальдив аралдарының неше пайызында адам қоныстанған?

37. Мамандардың есептеуі бойынша, елімізде әр адамға шаққанда жылына 20 тоннаға дейін түрлі табиғи шикізат өңделеді. Осы шикізаттың тек 7%-ы ғана дайын өнімді құрайды, өзгесі - қалдықтар. Әр адамға қанша қалдықтан келеді екен?

38. Көне Қытайда қолданыста болып, адамзат ұмытып, қайта ашқан шикізаттың бір түрі - биогаз. Биогаз - көңнің шіруінде пайда болатын газ тәрізді өнім. Күніне арнайы қондырғының көмегімен бір көң үйіндісінен 10 куб. м биогаз алуға болады, бұл тәулігіне 10 пәтерлік тұрғын үйге қажет жылудың 20%-ын құрайды. 10 пәтерлік тұрғын үйге қанша биогаз қажет екен?

39. Африка пілінің салмағы - 6 тонна, ал азуларының салмағы - 60 кг. Африка пілінің азуларының салмағы жалпы салмағының неше пайызын құрайды?

Аралас типтегі құрама есептер

1. Дүкенде 6 данадан 4 буда фломастер және тағы 16 бөлек фломастер бар. Дүкенде барлығы қанша фломастер бар?

2. Шелекте - 7 литр сүт. Сүттің жетіден бірін ботқа дайындауға алды. Шелекте қанша сүт қалды?

3. 35 оқушының жетіден бір бөлігі концертке қатысты. Қанша оқушы концертке қатыспады?

4. Қарындаш 12 теңге тұрады, бұл Айдостың әмиянындағы бар ақшаның бестен бір бөлігін құрайды. Егер ол қарындаш сатып алса, онда қанша ақша қалады?

5. Әке таңертең 3 шелек су әкелді, ал кешке 2 шелектен бақшаны суаруға бірнеше рет әкелді. Барлығы ол 15 литр су әкелді. Әке 2 шелекпен қанша рет су әкелді?

6. Салушы қорапқа 100 қасықтан бір топ салды. Әрбір қорапқа 6 қасықтан салды. Бірнеше қорап салынған кезде, әлі 16 қасық қалды. Салушы қанша қорап салды?

7. 6 бірдей орындық пен бағасы 5 мың тұратын креслоның құны 65 мың. Бір орындық қанша тұрады?

8. Тігіншіде 15 метр жиектеме болды. Бірнеше метрді ол бірдей екі жейдені әшекейлеуге жұмсады. Осыдан кейін онда 9 метр жиектеме қалды. Әрбір жейдені әшекейлеуге қанша жиектеме кетті?

9. Еңбек сабағына 84 теңгеге 12 бет жасыл қағаз және сондай бағаға 10 қызыл қағаз сатып алды. Қызыл қағазға қанша төледі?

10. Оқушылар сапарда алдымен 6 километрден 3 өткел жасады, ал сосын тағы 5 км жүрді. Егер барлық жол 25 км құраса, оларға әлі қанша километр жүру қалды?

11. Қыз 27 теңгеден 4 дәптерше және 65 теңгеге кеңжол дәптер сатып алды. Кассаға ол 200 теңге берді. Оған қанша қайырым беру керек?

12. Бала кітап оқып жатты. 3 күннің әр күнінде 30 беттен оқыды, ал сосын тағы 40 бет оқып шықты. Егер кітапта 200 бет болса, оған оқуға қанша бет қалды?

13. Хайуанаттар бағының қызметкері 4 кішкентай маймылға 3 бананнан, ал үлкен маймылға 8 банан берді. Себетте болғаны барлығы 40 банан. Қанша банан қалды?

14. Дүкенге әрбіреуінде 50 килограмнан 6 қап картоп әкелді. Егер пакетке 3 кг картоптан салса, бұл картоптарды бөлшектеп өлшеу үшін қанша қағаз пакет қажет болады?

15. Егер әрбір кішкентай жәшікке қызанақтарды 6 килограмнан салса, онда 5 жәшік қажет болады. Егер оларды үлкен жәшікке 10 кг-нан салса, қызанақтарға қанша жәшік қажет болады?

16. Бала әрбіреуінде 12 маркадан 3 пакет марка сатып алды. Маркалардың барлығын ол әрбір бетке 9 маркадан келетіндей альбомға жабыстырды. Ол қанша бетті алды?

17. Мата бөлігінен әрбір жамылғыға 3 метр матадан жұмсай отырып, 10 жамылғы тігуге болады. Егер кеудешеге 2 метр мата кетсе, ойл мата бөлігінен қанша кеудеше тігуге болады?

18. Хайуанаттар бағында 48 маймыл бар. Үлкен 3 тордың әрбіреуінде 7 маймылдан, ал бірнеше кішкентай тордың әрбіреуінде 3 маймылдан отыр. Маймылдары бар кішкентай тор қанша?

19. Топ 43 км жүріп өтті. Бірінші үш сағатта ол сағатына 5 км жылдамдықпен жүрді. Қалған жолды топ 7 сағатта жүріп өтті. Қалған жолды топ қандай жылдамдықпен жүрді?

20. Даниярдың топтамасында 750 марка бар. Үлкен 3 альбомда 150 маркадан, ал бірнеше кішкентайда 50 маркадан. Даниярда маркалары бар кішкентай альбом қанша?

21. Оқушылар кітапханадан 95 кітап алды. Бірнеше кішкентай оқушы 2 кітаптан алды, ал жоғарғы сыныптың 15 оқушысы 3 кітаптан алды. Сонда қанша оқушы 2 кітаптан алды?

22. Шаңғышы 10 км/сағ жылдамдықпен жүріп, жолда 3 сағат болды. Осындай арақашықтықты жүріп өту үшін, 6 км/сағ жылдамдықпен келе жатқан жаяу жүргіншіге қанша уақыт қажет болады?

23. Үш тәулікте бамбук ағашы 90 см өсті. Егер бамбук осындай жылдамдықпен өссе, алты тәулікте қанша өседі?

24. Метрода 4 сағатта бір бағытта 160 пойыз өтті. Әрбір сағатта бірдей көлемде пойыз өтсе, қанша уақытта осы жолмен екінші бағытта 320 пойыз өтеді?

25. Шеберханада 5 күнде 200 қалпақ тікті; Егер әрбір күнде бірдей қалпақ тіксе, 400 қалпақты тігу үшін шеберханаға қанша күн қажет болады?

26. Наубайшы әрбіреуінде 9 данадан 3 қаңылтыр таба тоқаш және жұқа нан пісірді. Жұқа нан 3 1 данаға аз болды. Наубайшы қанша жұқа нан пісірді?

27. Наубайшы әрбіреуінде 9 данадан 3 қаңылтыр таба тоқаш және жұқа нан пісірді. Жұқа нан 3 данаға аз болды. Наубайшы барлығы қанша тоқаш және жұқа нан пісірді?

28. Наубайшы әрбіреуінде 9 данадан 3 қаңылтыр таба тоқаш және жұқа нан пісірді. Жұқа нан 3 данаға аз болып шықты. Жұқа нанды ол тәрелкеге бөліп салды. Жұқа нанға қанша тәрелке қажет болды?
29. Дүкеннің кондитер сататын бөлімінде 15 кг кәмпит болды. Сатушы кәмпиттерді пакеттерге 3 кг-нан бөліп салды. Екі пакетті сатып жіберді. Қанша пакет тағы сатуға қалды?
30. Хрестоматияда - 21 ертегі, повестер - 3 есе аз, ал әңгімелер повесть пен ертегіні бірге алып қарағанда, 12 әңгімеге көп. Хрестоматияда қанша әңгіме бар?
31. Спортзалда 9 үлкен доп бар, ал кішкентайлары - 5 есе көп. Үлкенге қарағанда кішкентай доптар қаншаға көп?
32. Театрдың кіші залына ересектерге - 72, ал бапаларға 9 есе аз билет сатылды. Кішкене залға барлығы қанша билет сатылды?
33. Жинақта 15 соната және 3 есе аз этюд бар, ал көрініс этюдқа қарағанда 12-ге көп. Жинақта қанша көрініс бар? Жинақта барлығы қанша музыкалық туынды бар?
34. Оқушылар мектеп бақшасынан 24 кг қырыққабат, сәбізді қырыққабатқа қарағанда 10 есе артық, ал картопты сәбізге қарағанда 10 кг артық жинады. Балалар барлығы қанша көкөніс жинады?
35. Бірінші күні 60 кг апма, екіншіде - біріншіге қарағанда 3 есе артық, ал үшіншіде - екіншіге қарағанда 20 кг-ға артық алма жинады. Үшінші күні қанша килограмм алма жинады?
36. Көкөніс өсіруші 5 центнер қияр жинап алды. Бесінші бөлігін әрбіреуіне 10 килограмнан жәшіктерге салды. Қанша килограмм қияр жәшікке салынған жоқ?
37. Дүкенге әрбіреуінде 200 данадан 4 буда торкөз дәптер әкелді, ал кеңжол дәптерді 400-ге аз. Кеңжол дәптер будасына 100 данадан буып- гүйілген болатын. Кеңжол дәптерден қанша буда келінді?
38. Су қоймасында 210 литр су бар, ал бакта - 40 л аз. Бакқа қарағанда, су қоймасында қанша сеге су көп?

39. Әмиянда 200 теңгеден 3 қағаз ақша және 100 теңгеден 5 күміс болды. Жанар 300 теңгеден 2 орап «Рахат» кәмпитін және 170 теңгеге «Қазақстан» шоколадын сатып алды. Жанарда қанша ақша қалды?

40. Әкесі баласына 400 теңге берді. Баласы 50 теңгеден 2 бөлке нан сатып алды. Егер бір балмұздақ 100 теңге тұрса, ол қалған ақшаға қанша балмұздақ сатып ала алады?

41. Асыранды тиінге күніне 30 г азық қажет. Әрбіреуіне 150 г үш буда азық қанша күнге жетеді (сол мөлшерде күніне)?

42. Анасы қалалық саябақтағы аттракционға баруға қызы мен ұлына 1000 теңге берді. Олар 200 теңгеге әткеншек, 100 теңгеге батут, 150 теңгеге автодром тандап алды және 50 теңгеге балмұздақ алуды шешті. Оларға осы ақша жете ме?

43. Анасы қалалық саябақтағы аттракционға баруға қызы мен ұлына 1000 теңге берді. Олар 250 теңгеге «қызықты төбешіктер», 150 теңгеге әткеншек, 150 теңгеге ұшақ тандап алды және 57 теңгеге балмұздақ алуды шешті. Оларға осы ақша жете ме? Қанша ақша жетпейді?

44. 32 теңгеден екі қалың дәптерге және 6 қарындашқа 100 теңге төледі. 1 қарындаш қанша тұрады?

45. Бақшадан 185 килограмм картоп жинады. 25 килограммын қапқа салды, ал қалған картопты әрбір жәшікке 20 кг-нан салды. Қанша жәшік қажет болды?

46. Әрбір 5 сөреде 18 кітаптан тұрды. 32 кітапты шкафқа ауыстырды. Сөреде қанша кітап қалды?

47. Үш күнде саяхатшылар 75 км жүрді. Бірінші күні олар барлық жолдың үштен бірін жүрді, екінші күні - бестен бірін, ал қалған жолды олар үшінші күні жүріп өтті. Үшінші күні саяхатшылар қанша километр жол жүрді?

48. 1 метрі 220 теңгеден 3 метр жібек және 2 метр мақта матасын сатып алды. Барлық сатып алынғанға 1000 теңге төледі. 1 метр мақта матасы қанша тұрады?

49. 15 қасыққа 5 шыныаяққа төлегендей төледі. Егер бір қасық 50 теңге тұрса, 1 шыныаяқ қанша тұрады?

50. 14 үстелге 6 фужерден қойғаннан кейін, тағы 12 фужерді орнына қою қалды. Қанша фужерді орын-орнына қою керек еді?

51. 5 килограмм сарымсақты сатып алу үшін 400 теңге төлеу керек. 880 теңгеге қанша килограмм сарымсақ сатып алуға болады?

52. Асханаға 475 кг ұн әкелді: әрбіреуінде 25 кг-нан 3 қап, ал қалған ұнды әрбіреуі 50 кг-дық үлкен қаппен әкелді. Асханаға ұны бар қанша үлкен қап әкелді?

53. Анам 4 буда печенье сатып алды: қаймақ қосылған, жержаңғақты және 2 буда құрғақ. Барлық сатып алынған зат 1 кг тартады. Егер жержаңғақ печеньесінің 460 г тартатыны белгілі болса, ал қаймақ қосылған печенье будасы 120 г жеңіл екендігі белгілі болса, құрғақ печенье будасы қанша салмақ тартады?

54. Дүкенде 684 бейнетаспа бар. Оның 162 таспасы әуенді, мультфильмдері - 2 есеге көп, ал қалғаны - жауынгерлік таспалар. Жауынгерлік таспалар қанша?

55. Мектеп асханасына 3 килограмдық құтыға 240 кг қияр және 2 килограмдық құтыға белгісіз килограмм қызанақ тұздады. Қияр мен қызанақ құтылары саны бірдей болып шықты. Қанша кг қызанақ тұздады?

56. Анам 3 балмұздақ және 3 буда шырын сатып алды. Барлық сатып алынған затқа ол 780 теңге төледі. Егер бір балмұздақ 60 теңге тұрса, буда шырын қанша тұрады?

57. 146 метр ақ мата сатып алынған болатын. Ақ матаға қарағанда, сары мата - 2 есе көп. Егер барлығы 750 метр мата сатып алынса, қанша қызыл мата сатып алынды?

58. Асханада 57 оқушы түскі ас ішіп отыр. Үлкен үстелде 12 оқушы отыр, ал қалғандары 9 кішкентай үстелге орналасты. Әрбір кішкентай үстелге қанша адамнан отырады?

59. Спортзалда 16 үлкен дрифт бар, ал кішкентай доптар одан 8 есеге аз. Кішкентай доптарға қарағанда, үлкен доптар қанша есеге көп? (8, 3,4, 2 есеге)

60. Бір күнде саяхатшылар 100 км жол жүрді. Олар жолдың 84 км-ін автобуспен, ал қалғанын 4 сағат жаяу жүрді. Саяхатшылар 1 сағатта қанша км жол жүрді? (6,20,4,21 км)

61. Бір бөлік сымның салмағы 575 г болады, бұл басқа бөліктің салмағынан 5 есеге көп. Екі бөліктің салмағы неге тең? (800,691,690,885 г)

62. Оқушылар 4т 1ц 76 кг қызанақ жинап алды. Қызанақтардың үшінші бөлігін әрбір себетке 24 килограмнан салды. Қызанақтарды буып- түюге қанша себет қажет болды? (58, 87, 29, 870 себет)

63. Оқушы 11 теңгеден 5 дәптер және 55 теңгеден 1 қалам сатып алды. Барлық сатып алынған зат қанша тұрады? (120, 110, 130,90 теңге) , оларды балаларға теңдей етіп таратты. Балалар 20- дан көп, бірақ 40-тан аз. Сыныпта қанша бала бар?

64. Мұғалім сыныпқа 111 дәптер әкеліп, оларды балаларға теңдей етіп таратты. Балалар 20-дан көп, ал 40- тан аз. Сыныпта қанша бала бар?

65. © Егер шәуілдекті ызаландырса, ол ызаландырғанға бір мазақ қылғаны үшін 3 рет үреді, ал егер де күлсе, шәуілдек 1 күлгені үшін бір рет тістеп алуы мүмкін. Бірде Созбак бірнеше рет мазақ қылып, тіпті күліп жібергені үшін шәуілдек оған 27 рет үріп, шалбарынын екі жағын жыртты. Шәуілдек қанша реніш сөз бен қанша күлкі естіді?

Геометриялық фигуралардың қабырғалары мен периметрін табу

1. Қабырғасы 4 см, 5 см, 6 см, 12 см, 14 см шаршының периметрін тап.
2. Қабырғалары 5 см және 3 см, 12 см және 6 см, 24 см және 10 см және 13 см, 19 см және 9 см, 32 см және 15 см болатын тіктөртбұрыштың периметрін тап.
3. Қабырғалары 5 см 2 мм және 2. ем 6 мм болатын тіктөртбұрыш сызып, оның периметрін тап.
4. Периметрі 16 см, ал бір қабырғасы 2 см тең тіктөртбұрыштың екінші қабырғасы неге тең?
5. Егер периметрі 36 см, ал бір қабырғасы 12 см тең болса, тіктөртбұрыштың екінші қабырғасы неге тең?

6. Егер периметрі 56 см, ал бір қабырғасы 8 см тең болса, тіктөртбұрыштың екінші қабырғасы неге тең?
7. Периметрі 28 см тең, ал бір қабырғасы 3 см тең тіктөртбұрыштың екінші қабырғасы неге тең?
8. Периметрі 16 см 8 мм, ал бір қабырғасы 2 см 2 мм ,тең тіктөртбұрыштың екінші қабырғасы неге тең?
9. Егер тіктөртбұрыштың периметрі 36 см 4 мм, ал бір қабырғасы 15 см 1 мм тең болса, оның екінші қабырғасы неге тең?
10. Егер тіктөртбұрыштың периметрі 57 см 2 мм, ал бір қабырғасы 22 см тең болса, оның екінші қабырғасы неге тең?
11. Пішіні тіктөртбұрышты мектеп ауласының ұзындығы 40 метр, ені 30 метр. Мектеп ауласының периметрін тап.
12. Қабырғасы 3 см 4 мм (5 см 2 мм, 6 см 1 мм) болатын шаршының периметрін тап.
13. Ауданы 21 ш.см, ал қабырғаларының біреуі 7 см тең болатын тіктөртбұрыштың периметрін тап.
14. Ұзындығы 9 м, ал ауданы 72 ш. м тең бақшаны қоршау үшін жұмыскерге қанша метр шарбақ қажет болады?
15. Ауданы 28 ш. см тең, ал қабырғаларының бірі 4 см тең тіктөртбұрыштың периметрін тап.
16. Тіктөртбұрыштың ауданы 36 ш. см тең, ал қабырғаларының бірі 4 см-ге тең. Периметрін тап.
17. Қабырғаларының бірі 7 см-ге тең, ал ауданы 14 ш. см тең тіктөртбұрыштың периметрін тап.
18. Тіктөртбұрыштың периметрін тап, егер оның ауданы 40 ш. см тең, ал қабырғаларының бірі 8 см-ге тең екені белгілі болса.
19. Егер тіктөртбұрыштың ауданы 50 ш. см, ал қабырғаларының бірі 5 см-ге тең болса, оның периметрі қанша?

20. Тіктөртбұрыштың ұзындығын тап, егер оның периметрі 20 см-ге тең, ал ені 4 см; 10 см және 2 см; 14 м және 3 м; 64 м және 15 м-ге тең болса.
21. Тіктөртбұрыш пішіндес аумақтың ауданы 72 ш. м тең. Бір қабырғасының ұзындығы - 9 м. Осы аумақтың периметрін тап.
22. Қабырғасы 6 см шаршының периметрі қабырғасы 4 см тіктөртбұрыштың периметріндей. Тіктөртбұрыштың екінші қабырғасын тап.
23. Ауданы 72 ш.см, ал ұзындығы 12 см тең болатын тіктөртбұрыш қабырғасы мен периметрін тап.
24. Ұшбұрыштың периметрі 124 см-ге тең. Бірінші қабырғасының ұзындығы 46 см, екінші қабырғасы одан 17 см қысқа. Үшінші қабырғасының ұзындығы қандай?
25. * Ұзындығы 48 см, ені ұзындығының алтыдан бес бөлігін құрайтын тіктөртбұрыш жақтау жасауға ұзындығы қандай сым қажет?
26. *Бөлменің ұзындығы 8 м, ал ені ұзындығының төрттен үшін құрайды. Бұл бөлмені жөндеу кезінде қандай ұзындықтағы жиек қажет болады?
27. Тіктөртбұрыш пішіндес бақшаны дуалмен қоршау қажет. Бақшаның ұзындығы 800 м, ал ені ұзындығының сегізден бесін құрайды. Дуалдың ұзындығы қандай болу керек?
28. Тіктөртбұрыш кілемнің ұзындығы 6 м, ал ені ұзындығының үштен екісін құрайды. Кілемнің жиектерін көмкеру үшін ұзындығы қандай жиектеме алу керек?
29. Теңқабырғалы үшбұрыштың (үш қабырғасы бірдей) қабырғасы 4 см-ге тең. Периметрі үшбұрыш периметріне тең тіктөртбұрыш қабырғаларының ұзындығын тап.
30. Тіктөртбұрыштың ауданы 96 см^2 , оның бір қабырғасы 12 см. Оның периметрі неге тең? (96 см, 20 см, 40 см, 36 см)
31. Тіктөртбұрыштың ұзындығы мен ені бірге 20 см құрайды. Оның ені мен ұзындығы қанша, егер ұзындығы енінен 6 см ұзын екені белгілі болса? (15 және 9 см, 10 және 4 см, 14 және 6 см, 13 және 7 см)

32. Шаршы пішінді бөлме еденінің периметрі 24 метрге тең. Бұл бөлме қабырғасының ұзындығы неге тең? (5,3,12, 5, 6 метрге)

33. ©Қабырғасы 6 см шаршының периметрі... тең (12,18,6,24 см)

34. Тіктөртбұрыштың ұзындығы 8 см, ал ені 3 см қысқа. Оның периметрін тап. (5, 26, 13,22 см)

35. Бір қабырғасы 28 м, ал екіншісі 14 м тіктөртбұрыштың периметрін тап. (42, 56, 84, 88 м)

36. ©Қабырғасы 7 см шаршының периметрі... тең. (14,21, 7,28 см)

37. Тіктөртбұрыштың ұзындығы 7 см, ені 2 см қысқа. Периметрін тап. (5, 24, 18, 9 см).

38. Қабырғасы 18 см тең болатын шаршының периметрін тап. (36, 52, 72, 74 см).

39. Тіктөртбұрыштың ұзындығы мен ені бірге 15 см құрайды. Егер ені оның ұзындығына қарағанда 2 есе қысқа болса, ұзындығы мен ені қанша? (5 және 10, 3 және 12, 7 және 8, 6 және 9 см)

40. Оқушылар 7 т 4 ц 24 кг қызанақ жинады. Осы қызанақтардың төртінші бөлігін әрбір себетке 32 кг-нан салды. Қызанақтарды буып-түюге барлығы қанша себет қажет болды? (58, 87, 29, 870 себет)

41. Тіктөртбұрыштың ұзындығы 5 см 2 мм, ені 11 см 8 мм. Тіктөртбұрыштың периметрін тап. (24,32,34,28 см)

42. ! Қандай сан артық: 50, 500, 555,5000?

43. ! Қосындысы: 15, 21, 30 тең тізбектелген үш санды тап.

44. © Айдаһар бойжеткен қызды ұрлап алып кетіп, туыстарына егер олар әрбіреуінде 100 кг алтыннан 333333 сандық төлеу өтесе, қызды қайтаруына уәде береді. Егер туысқандары жылына 333333 кг алтын қазып алатын болса, 18 жасар қыздарын үйге неше жылдан кейін алып кете ала- ды? Қыздың жасы нешеде болады?

45. © Айша шетел тілдерін үйреніп, көп сөздерді білетін болды: 6 - жапонша, 12 - ағылшынша, 13 - французша, 14 - өзбекше, 15 - орысша. Қалған тілдерге қарағанда, ол орыс тілін қанша есеге нашар білді?

46. Мысыр - көне өркениет елі. Африка мен Азияда орналасады, жер көлемі қабырғалары 1030 км және 1200 км төртбұрыш түрінде. Шекарасының шамамен алғандағы ұзындығын (периметрін) және жерінің ауданын анықта.

47. Егер оқушы 60 кг макулатура жинап, тапсырса, ол биіктігі 10 метрдей бір ағашты шауып тастаудан құтқарады. Оқушылар 3600 кг макулатура жинапты. Олар неше ағашты құтқарды? Осы есептегі берілгендері мен жауабын қолдана отырып, қандай геометриялық фигураны (қандай сандық көрсеткіштермен) құрастыруға болады?

48. Жаңа жыл қарсаңында Қазақстанда 20 мыңға жуық жасыл шыршалар шауып алынады. Олардың барлығы мейрамдар өтісімен қоқыспен бірге шығарылады. Әр шырша ағашы 2 ш. м ауданда орналасады. Егер тірі шыршаларды жасанды шыршалармен алмастырса, шырша орманының қандай ауданы сақталар еді? Ауданы осындай шаршының қабырғасы қандай болады?

Ауданды табу есептері

1. Тіктөртбұрыштың ауданын тап, егер оның қабырғалары 4 см және 12 см; 24 см және 4 см; 21 см және 3 см; 7 см және 9 см; a см және c см екені белгілі болса.
2. Тіктөртбұрыштың периметрін және ауданын тап, егер оның қабырғалары 5 см және 3 см; 8 см және 5 см; 3 дм және 6 дм болса.
3. Қабырғасы 9 см, 25 см, 31 см шаршының периметрі мен ауданын тап.
4. Тіктөртбұрыштың ауданын тап, егер оның периметрі 20 см-ге тең, ал қабырғаларының бірі 8 см; 36 см және 12 см; 18 см 4 мм және 6 см 2 мм болса.
5. Тіктөртбұрыштың ұзындығын тап, егер оның ауданы 24 ш. см-ге тең, ал ені 4 см; 18 ш. см және 3 см; 50 ш. см және 10 см-ге тең.
6. Шаршының периметрі 32 см-ге (40 см, 28 см, 36 см, 80 см, 64 см) тең. Оның ауданын тап.

7. Бақша аумағын қоршайтын дуалдың ұзындығы 120 шаршы метрге (80, 160, 240, 320, 360) тең. Бұл аумақтың ауданы неге тең?
8. Спорттық аумақтың ұзындығы 12 метр, ал ені 4 метр кем. Спорт аумағының ауданын тап.
9. Аумақтың периметрі 144 м-ге тең, ені 24 м. Аумақтың ауданын тап.
10. Бөлменің ауданы 42 ш.м, ені 6 м. Бөлменің периметрін тап.
11. Бақшаның ауданы 63 ш. м, ұзындығы 9 м. Бақшаның периметрін тап.
12. Үйдің периметрі 82 м, ені 16 м. Үйдің ауданын тап.
13. Залдың ұзындығы 16 м, ал ені 4 м кем. Залдың ауданын тап.
14. Кіреберістің ауданы 39 ш. м, оның ұзындығы 13 м. Кіреберістің периметрін тап.
15. Тоғанның ұзындығы 15 м, ені 4 м кем. Тоғанның ауданын тап.
16. Ауланың периметрі 120 м, ені 28 м. Ауланың ауданын тап.
- 17.Тіктөртбұрыштың периметрі 16 см. Ұзындығы 5.см. Оның ауданын тап.
- 18.Тіктөртбұрыштың ауданы 32 см^2 , ал ұзындығы - 8 см. Тіктөртбұрыштың периметрін тап.
19. Ұзындығы 6 метр, ені 4 м, биіктігі 3 м бөлмені тұсқағазбен жабыстырып шықты. Жақтаулары 1 м шаршы терезенің ауданы мен биіктігі 2 м және ені 1 м есіктің ауданын ала отырып, қабырғалар бетінің ауданын есепте.
20. Тіктөртбұрыш пішінді жер телімінің ұзындығы 54 м, ені 48 м. Осы аумақтың тоғыздан бесіне - картоп. ал қалғанына қырыққабат егілген. Қандай ауданға қырыққабат егілген?
21. Шаршылы гүлбағының қабырғасы 4 м-ге тең. Барлық гүлбағы ауданының он алтыдан жетісіне түймедақ егілген, ал қалған бөлігіне ботакөз егілген. Гүлбағының қандай ауданына ботакөз егілген?
22. Тіктөртбұрыш пішіндес мектеп ауласының ұзындығы 32 метр, ені 24 метр. Ауланың төрттен үш бөлігіне спорт алаңы, ал қалған аумағына

гүлзарлар мен жүретін жолдар орналастырылған. Қандай ауданды гүлдер мен жолдар алып жатыр?

23. Тіктөртбұрыш пішіндес бау-бақшаның ұзындығы 80 м, ені 60 м тең. Бақшаның сегізден бесіне алма ағашы, қалған бөлігіне алмұрт егілген. Бау-бақшаның қандай бөлігіне алмұрт егілген?

24. Ауданы бірдей екі тіктөртбұрыш бар. Біріншісінің ені 18 см, ұзындығы 30 см, ал екіншісінің ұзындығы 36 см. Екінші тіктөртбұрыштың ені қандай?

25. Кіреберістің ұзындығы 9 м, ені 5 м-ге кем. Кіреберістің ауданын тап.

26. Жер учаскесін қайта жоспарланған кезде бақшаның өлшемін өзгертуді шешті. Бастапқыда ол ұзындығы 40 м, ені 28 м болды. Оның ұзындығын 15 м ұлғайтып, енін 8 м кемітті. Оның ауданы қалай өзгерді?

27. Ұзындығы 6 м және биіктігі 3 м іргені қаптау үшін, қабырғасы 3 дм қанша тақташа қажет?

28. Биіктігі 5 м және ұзындығы 9 м іргені сырлау үшін қанша сыр керек болады, егер 1 ш. м ауданға 300 г сыр қажет болса?

29. Тіктөртбұрыштың ауданы 48 ш.м. Егер ұзындығына қарағанда, ені 3 есе қысқа болса, ұзындығы мен ені қанша?

30. Аудандары бірдей екі тіктөртбұрыш бар. Біріншінің ені 22 см, ұзындығы 45 см, ал екіншінің ұзындығы - 33 см. Екінші тіктөртбұрыштың ені қандай?

31. Ені 8 м және ұзындығы 12 м бақшадан қанша картоп жинайды, егер 1 ш.м-ден 5 кг картоп жинаса?

32. Ұзындығы 8 м және ені 7 м бөлменің еденін төсеуге қабырғасы 5 дм тақтайдан қанша шаршы метр қажет болады?

33. Тіктөртбұрыштың ені ұзындығынан екі есе кем. Оның ауданы неге тең, егер ұзындығы 8 см болса?

34. Шаршының барлық қабырғаларының қосындысы 20 дм-ге тең. Шаршының ауданын тап.

35.Тіктөртбұрыштың ауданы 24 ш. м. Қабырғаларының бірі - 8 см. Төртбұрыштың периметрін тап. (3,64,11,22 см)

36. ©Шаршының периметрі 80 см-ге тең. Оның ауданы неге тең?
(320,640,400, 80 см²)

37.Тіктөртбұрыш пішінді жер аумағының ұзындығы 84 м, ал ені 20 м. Аумақтың төрттен бір бөлігін бақша алған. Бақшаның ауданы неге тең?
(420, 1680,6720,52 м²)

38. Шаруа қожалығында тіктөртбұрыш пішіндес бау-бақшаның аумағын ұзындығы 800 м қоршаумен қоршауды шешті. Бұл аумақтың барша үлкен ауданы қандай бола алады? (640000, 3200, 160000,40000 м²)

39. Тіктөртбұрыш пішіндес бақшаның ұзындығы 280 метр, ені - 4 есе кем. Барлық аумақтың төрттен бір бөлігін бұталар алып жатыр, ал қалған ауданында - жеміс ағаштары. Қандай аудан жеміс ағаштарымен қамтылған?
(14700, 4900,78400,58800 м²)

40. Тіктөртбұрыштың ұзындығы 8 метр, ал ені 3 м-ге тең. Ауданы неге тең?
(11,22,24,30 м²)

41. Жәшіктің ұзындығы 6 дм, ені 3 дм. Жәшіктің ауданын анықта. (12,18, 11,40 дм²)

42. Кубтың қыры 9 см-ге тең. Кубтың барлық жақтарының ауданын тап.
(81,324,486,108 см²)

43. Тіктөртбұрыштың периметрі 36 м, ал ұзындығы - 15 м. Тіктөртбұрыштың ауданы неге тең? (45,36,648,72 м²)

44. Қабырғасы 6 см шаршының ауданы қабырғасы 4 см шаршының ауданынан қаншаға артық? (10,24,2, 20 см²)

45. © Қабырғасы 50 м шаршылы бақшаға итті отырғызып қойды. Бұл итті ұзындығы 6 м 50 см шынжырға байлап, бақша ортасындағы бағанаға бекітті. Иттің қарғы бауынан тістеріне дейінгі ұзындығы - 50 см. Бақшада ұрылар үшін қауіпсіз жер қалды ма?

46. Қазақстан астанасындағы Пирамиданың ауданы 25 000 ш. м тең. Пирамиданың бір жағының ауданын тап.

47. Астанадағы «Атамекен» монументінің биіктігі 111 м, ал ондағы бекітілген тудың өлшемдері 30 × 15 метр. Тудың ауданын тап.

48. Супертанкер Парсы шығанағынан Үнді мұхитына шығысымен апатқа ұшырады. Мұнай су бетімен қабырғасы 850 км шаршы түрінде жайылды. Ластанған су бетінің ауданы қандай? Үнді мұхитының қандай бөлігі ластанды? (Үнді мұхитының жалпы ауданы 75 870 000 ш. км құрайды)

Геометриялық денелердің көлемін табу есептері

1. Қабырғалары 2, 4 және 5 см болатын параллелепипедтің көлемін тап.
2. Параллелепипедтің қабырғалары 12, 5 және 14 см. Оның көлемін тап.
3. Егер параллелепипедтің қабырғалары 22, 34 және 45 см болса, оның көлемі қандай?
4. Әрбір қабырғасы алдыңғысынан 2 см артық болатын қораптың көлемін анықта. (2, 5 және 10 см)
5. Хауыздың ұзындығы 25 м, ені -12 см, тереңдігі 2 м, оның көлемін анықта.
6. Ұзындығы 5 м-ге тең, ені - 3 м, биіктігі - 4 м болатын бөлменің көлемін тал.
7. Бөлменің ұзындығы 5 м, ені 4 м, ал биіктігі 3 м. Бөлменің көлемін тап.
8. Қораптың негізгі қабырғалары 8 см шаршы болып табылады, ал биіктігі 1 дм-ге тең. Қораптың көлемін тап.
9. Ұзындығы 4 м (5, 6 және 8 м), биіктігі 3 м, ал көлемі 36 (60, 72, 96) куб. м тең болатын бөлменің енін анықта.
10. Ені 4 м-ге (3, 5, 6, 8 м) тең, биіктігі 4 м, ал көлемі 80 куб м (48,120, 168, 160 куб. м) болатын бөлменің ұзындығын анықта.
11. Ұзындығы 6 м (7, 9, 10 м), ені 3 м-ге (4, 5, 6 м) тең, ал көлемі - 54 куб. м (84, 180, 120 куб. м) болатын бөлменің биіктігін анықта.
12. Тіктөртбұрыш параллелепипедтің ұзындығы 12 см, еңі ұзындығынан 2 есе аз, ал биіктігі енінен 3 см артық. Параллелепипедтің көлемін анықта.
13. Аквариумның ұзындығы 19 дм, ені 7 дм, биіктігі 7 дм. Аквариумның көлемін анықта. (800, 931,400,750 дм³)

14. Қораптың ұзындығы 12 см, ені 7 см, биіктігі 5 см. Көлемін тап ($95,420,24, 89 \text{ см}^3$).

15. Кубтың қыры 9 см. Кубтың көлемін тап. I ($81,324,484, 729 \text{ см}^3$)

16. Айгүл квадраты 64 болатын санды ойлады. Осы санның кубын тап ($128, 72,24, 512$).

17. Аквариумның ұзындығы 29 дм, ені 27 дм, биіктігі 15 дм. Аквариумның көлемін анықта. ($1800, 11750, 11400, 11745 \text{ см}^3$)

18. !су құбыры шүмегінен көлемі 3 л, 5 л болатын екі ыдыспен 4 л су алуға бола ма?

19. © Піл бір ішкенде 120 литр су ішеді. Егерде Мұхтар бір шелек суды бір минутта толтырып әкелсе, ал піл бір шелек суды 10 секунд та ішсе, Мұхтар көлемі 30 литр ыдысқа су тасып үлгере ме? Піл бір минутта неше шелек су ішеді? Су ішіп тұрған пілге үлгеру үшін Мұхтар жылдамдығын неше есе арттыру қажет? 120 литр суды піл қанша уақытта ішеді?

20. © Таразыға Ашушаң, Жалбыр және Кіршең тұрды. Олардың салмағы 330 кг-ға тең болды. Олардың жағымсыз әсерін бейтараптандыру үшін, таразының басқа жағына әрбіреуі үшін 50 кг кәмпит, 40 кг печенье және мейіз салу қажет. Таразыға қанша мейіз салу керек?

21. Жұмыс істеп тұрған автомобеєь 1сағат ішінде 400 куб. м ауаны ластатды. Егер бір шағын қала автопаркіндегі 10000 автомобиль 7 сағат жұмыс істесе, ауаның қанша көлемі ластанды? Қала ұзындығы - 30 км, ені - 10 км және ауанын ластануы жер бегінен 1 км болса, ауа бассейнің жалпы қанша көлемі ластанады?

22 1 ш. м жерде шоғыританған мидиялар 250 м^3 суды сүзіп, тазартады. 12 ш. м орында жиналған мидиялар судың қанша көлемін тазартады? Бұл су қоймасының қанша көлемін алады, егер оның ұзындығы 200 м, ені 150 м, тереңдігі 5 м болса?

23. Оңтүстік Америкадағы Игуасу сарқырамасын әлемнің жеті кереметіне жатқызады. Игуасу өзенінің ені 4 жм, ол биіктігі 72 м екі базальт сатылардан құлайды, су ағыны қалыңдығы 1,5 м. Игуасу сарқырамасының әр секунд сайын құлайтын су көлемін анықтаңдар.

Бірлесіп істейтін жұмысқа арналған есептер

1. Аида мен Аслан қағаздан қар ұшқындарын қиды. Аида 30 минутта, ал Аслан 20 минутта 60 қар ұшқындарын қияды. Егер олар бірге жұмыс істесе, 50 қар ұшқындарын қанша минутта қияды?
2. Аидя мси Асылан қағаздан қар ұшқындарын киып отырды. 60 қар ұшқындарын Лида 30 минут, ал Аслан 20 мниут қняды. Егер олар бірге жұмыс істесе, 7 минут ішіиде қанша қар ұшқындарын қияды?
3. Сәнния мен Мәриям еденде шарларды жинап жарысты. Мәриям 3 минутта ал Сәния 5 минутта 30 шар жинады. Егер олар бірлесіп істесе 10 минутта неше шар жинайды?
4. Сәния мен Мәриям еденде шарларды жинап жарысты. Мәриям 3 минутта, ал Сәния 5 минутта 30 шар жинады. Егер олар бірлесіп істесе, 160 шарды қанша минутта жинайды?
5. Бір машинист 80 бетті 4 күнде, ал екіншісі 5 күнде басады. Егер олар бірлесіп жұмыс істесе, 108 бетті неше күнде тереді?
6. Бір машинист 80 бетті 4 күнде, ал екіншісі 5 күнде басады. Егер бірлесіп жұмыс істесе, 7 күнде неше бет тереді?
7. Цистернада 480 шелек су бар. Бір сорғыш 24 минутта барлық суды тартып шығарады, ал екіншісі - 40 минутта. Егер бір уақытта екі сорғышты да қосса, барлық суды неше минутта сорып шығаруға болады?
8. Цистернада 480 шелек су бар. Бір сорғыш 24 минутта барлық суды тартып шығарады, ал екіншісі - 40 минутта. Егер бірлесіп жұмыс жасаса, екі сорғыш 30 минутта неше шелек су сорып шығарады?
9. Бір автокөлікпен 600 т көмірді 24 рейсте, ал басқасымен 12 рейсте әкелуге болады. Барлық көмірді екі машина неше рейсте әкеле алады?
10. Бір автокөлікпен 600 т көмірді 24 рейспен, ал басқасымен 12 рейс әкелуге болады. Екі машина 20 рейс жасағанда, қанша көмір әкеле алады?
11. Бір тігінші 36 жастықтың тысын 4 сағат қайып тігеді, ал екіншісі - 9 сағат. Олар 91 жастықтың тысын неше сағатта қайып тігеді?
12. Бір тігінші 36 жастықтың тысын 4 сағат қайып тігеді, ал екіншісі - 9 сағат. Олар 6 сағатта неше жастықтың тысын қайып тігеді?

13. Шаруалардың бір бригадасы 500 кг картопты - 20 минутта, ал екіншісі 10 минутта қазды. Егер жұмысты бірлесіп істесе, екі бригада 60 минутта қанша картоп қазып алады?

14. Шаруалардың бір бригадасы 500 кг картопты - 20 минутта, ал екіншісі 10 минутта қазды. 2250 кг картопты қазып алу үшін екі бригадаға қанша уақыт кетеді?

15. Бір диірмен 10 т бидайды - 10 сағатта, ал екіншісі 5 сағатта ұн қышып тарта алады. Екі диірмен бірлесіп, 7 сағат жұмыс ішінде қанша бидайды ұн қылып тартады?

16. Бір диірмен 10 т бидайды - 10 сағатта, ал екіншісі 5 сағатта ұн қылып тарта алады. Екі диірменге 36 т бидайды тарту үшін қанша уақыт кетеді?

17. Бір сорғыш - 10 минутта, екіншісі 5 минутта 100 литр суды тартып шығарады. Егер бір уақытқа екі сорғыш жұмыс істесе, 30 минутта қанша суды тартып шығарады? (9,90,900,9000 литр)

18. 30 тұшпараны арық Марат 30 минутта, ал семіз Бақтияр 3 минутта жей алады. Балалар бірлесіп, әр минутта 1 тұшпараны аз жесе, 56 тұшпараны жеу үшін екі балаға қанша уақыт қажет болады?

19. © Көке және Жөке жаңғақ шағыш отырды. 20 секундта Көке 20, ал Жөке 10 жаңғақ шақты. Көке мен Жөке 90 секундта қанша жаңғақ шағады?

Жылдамдық, уақыт, арақашықтық

1. Адам жүрісінің жылдамдығы 2 м/с. Ол 20 секундта қандай жол жүреді?

2. 6 сағатта піл 30 км жүрді. Піл қандай жылдамдықпен жүрді?

3. Автокөлік 90 км/сағ жылдамдықпен жүреді. Ол 5 сағатта қандай қашықтықты жүріп өтеді?

4. Автокөлік 5 сағатта 400 км жол жүрді. Автокөлік қандай жылдамдықпен жүрді?

5. Автокөлік бірқалыпты 90 км/сағ жылдамдықпен 360 км жүріп өтті. Автокөлік жолда қанша сағат болды?

6. Қалалардың арасы 420 км. Пойыз бұны 7 сағатта жүріп өтті. Пойыздың жылдамдығы неге тең?
7. Егер ұшақтың жылдамдығы 400 км/сағ тең болса, ол қандай уақытта 2000 км ұшып өтеді?
8. Мотороллердің жылдамдығы 40 км/сағ. Ол 5 сағатта қанша жол жүреді?
9. Ауылдардың арақашықтығы 18 км. Жаяу жүргінші оны 3 сағатта жүріп өтті. Жаяу жүргіншінің жылдамдығы неге тең?
10. Егер автокөліктің жылдамдығы 60 км/сағ болса, ол қандай уақытта 540 км жүріп өтеді?
11. Велосипедтің жылдамдығы 300 м/мин. 3 минутта ол қанша жол жүреді?
12. Қала мен ауылдың арақашықтығы 60 км. Велосипедші оны 6 сағатта жүріп өтті. Велосипедшінің жылдамдығы неге тең?
13. Пойыздың жылдамдығы 80 км/сағ. 4 сағатта ол қанша жол жүреді?
14. Егер пойыздың жылдамдығы 70 км/сағ тең болса, ол қандай уақытта 280 км жол жүреді?
15. Ауыл мен ағаштың арасы 600 метр. Велосипедші оны 200 секундта жүріп өтті. Велосипедшінің жылдамдығы неге тең?
16. Автокөліктің жылдамдығы 60 км/сағ. 6 сағатта ол қанша жол жүріп өтеді?
17. Егер жаяу жүргіншінің жылдамдығы 100 м/мин тең болса, ол 1500 метрді қанша уақытта жүріп өтеді?
18. Көл мен даланың арақашықтығы 800 м. Жаяу жүргінші оны 10 минутта жүріп өтті: Жаяу жүргіншінің жылдамдығы қандай?
19. Егер велосипедшінің жылдамдығы 6 м/с тең болса, ол қандай уақытта 1200 метрді жүріп өтеді?
20. 5 секундта шортан 25 метр жүзеді. Шортан қандай жылдамдықпен жүзеді?
21. 4 күнде түйе 320 км жол жүрді. Түйе қандай жылдамдықпен жүрді?

22. 3 сағатта аэрошаңғы 180 км жүрді. Ол қайдай жылдамдықпен жүрді?
23. Егер велосипедшінің жылдамдығы - 12 км/сағ, ал мотоциклшінікі 40 км/сағ тең болса, 1 сағатта (2, 5 сағатта) олар бір-біріне неше километрге жақындайды?
24. Автобустың жылдамдығы 50 км/сағ, ал жеңіл автокөліктікі - 80 км/сағ. Машиналар бір бағытта жүретін болса бір-бірінен 1 сағатта (3, 5 сағатта) қанша километрге апыстайды?
25. Егер теплоходтардың біреуі 60 км/сағ, екіншісі 70 км/сағ жылдамдықпен жақындайтын болса, 1 сағатта (2, 4 Сағатта) олар бір-біріне қанша километрге жақындайды?
26. Әртүрлі бағытта қозғалатын тауар пойызының жылдамдығы - 50 км/сағ, ал жолаушызйр пойызының жылдамдығы 100 км/сағ тед болса, 11 сағатта (2, 6 сағатта) олар бір-бірінен қанша километрге алыстайды?
27. Жасақ 39 км жүрді. Бірінші үш сағатта ш 5 км/сағ жылдамдықпен жүрді. Қалған жолды жасақ 6 сағатта жүріп өтті. Қалған жолды жасақ қандай жылдамдықпен жүріп өтті?
28. Шаңғышы 12 км/сағ жылдамдықпен жүріп, жолда 3 сағат болды. Осындай арақашықтықты жүріп өтуге 6 км/сағ жылдамдықпен жүріп келе жатқан жаяу жүргіншіге қанша уақыт қажет болады?
29. *Шанаға жегілген бұғы 10 км/сағ жылдамдықпен 60 км жүрді. Осы уақытта жылқы қандай арақашықтық жүріп өтеді, егер ол 1 сағатта 12 км шауып өтсе?
30. Тасбақа минутына 6 м жылдамдықпен 12 м жүрді. Осы уақытта ұлу 30 см жорғалады. Ұлу қандай жылдамдықпен жүрді?
31. Қарға 50 км/сағ жылдамдықпен 3 сағат ұшты. Сауысқан осындай арақашықтықты 2 сағатта ұшып өтеді. Сауысқан қандай жылдамдықпен ұшады?
32. Инелік 6 секундта 60 м ұшты. Егер инелік сол жылдамдықпен ұшса, оған 80 метр ұшу үшін қанша уақыт қажет болады?

33. Екі сағатта тікұшақ 600 км ұшты, ал ұшақ 3 сағатта 2700 км ұшып өтті. Тікұшақтың жылдамдығына қарағанда, ұшақтың жылдамдығы неше есе артық болды?
34. 80 км/сағ жылдамдықпен келе жатқан автокөлік 4 сағатта қанша жүреді? (20,76,320,84 км)
35. 30 км/сағ жылдамдықпен 6 сағатта теплоход қанша км жүріп өтеді? (5,36,180,24 км)
36. Қаладан ауылға дейін жүк көлікпен 60 км/сағ жылдамдықпен 4 сағатта жетуге болады. Жылдамдығы екі есе үлкен жеңіл автокөлікпен қанша сағатта қаладан осы ауылға дейін жеіуге болады? (2,30,120,3 сағатта)
37. Екі қаланың арақашықтығы 428 км. Автобус бір қаладан екінші қалаға шықты. 70 км/сағ жылдамдықпен 5 сағаттан кейін оған қанша қашықтық жүру қалады? (778,442,78,414 км)
38. 4 сағатта 3 600 км жүріп өту үшін ұшақ қандай жылдамдықпен ұшу керек? (909, 800, 900, 901 км/сағ)
39. Ұшақ 3 сағатта 2100 км ұшып өтті. Қайтар жолда ол жылдамдығын 50 км/сағ арттырды. Қайтарда ұшақтың жылдамдығы қандай болды? (700,750,630,350 км/сағ)
40. Жаяу жүргінші 3 сағатта 12 км жүрді. Жаяу жүргіншінің жылдамдығы қанша? (12, 4, 64, 14 км/сағ)
41. Жолаушы электричка құрамының соңғы вагонына отырды, электричка қозғалып, жылдамдық алғанда вагонның бас жағына жылжыды. Оның жүрісінің жылдамдығы 1,5 м/с болды, ол өз вагонына дейін 12 минут жүрді, ал электричка жүрісінің жылдамдығы 60 км/сағ. Электричканың ішінде жолаушы жалпы қанша жол жүрді?
42. © Сұлтан - уәдеде тұратын адам: айтты ма - істейді! 30 минутта 3 км жүріп өтемін деп айтты да, жүріп өтті. Қыңыр Сұлтан сондай жылдамдықпен 60 км жүре алама және қандай уақыт ішінде жүріп өтеді?
43. © Айдар Әлияның бұрымынан тартып қалды да, қаша жөнелді! Әлия оны қуып жете ала ма, егер оның жүгіру жылдамдығы 5 м/с, ал Айдардың жүгіру жылдамдығы 7 м/с және ол 15 метр жүгіріп кетуге үлгерсе? Неше секундта Әлия Айдарға жетеді?

44. Леопардтың жылдамдығы 80 км/сағ дейін. Ол 3 сағат қозғалса, неше километр өтеді?

45. Ұлу 50 см/сағ жылдамдықпен 1 км өтті. Ол үшін қандай уақытты жұмсады?

46. Семсербалық 120 км/сағ жылдамдықпен қозғала алады, ал дельфиннің жылдамдығы 2 есе кем. 600 км арақашықтықты жеке-жеке өту үшін семсербалық пен дельфинге қанша уақыт қажет?

Қарсы қозғалысқа арналған есептер

1. Екі шаңғышы бір уақытта бір-біріне қарама- қарсы екі ауылдан шығып, 2 сағаттан кейін кездесті. Бірінші шаңғышының жылдамдығы 11 км/сағ болды, ал екіншісі - 12 км/сағ. Ауылдар қандай қашықтықта орналасқан?

2. *1-кері есеп.* Екі шаңғышы бір уақытта бір- біріне қарама-қарсы екі ауылдан шығып, 2 сағаттан кейін кездесті. Бірінші шаңғышының жылдамдығы 11 км/сағ болды, ал екіншісі - 1 км/сағ артық. Ауылдар қандай қашықтықта орналасқан?

3. *2-кері есеп.* Екі шаңғышы бір уақытта бір- біріне қарама-қарсы арақашықтығы 46 км екі ауылдан жүріп келе жатып, 2 сағаттан кейін кездесті. Егер екіншісінің жылдамдығы 12 км/сағ тең болса, бірінші шаңғышының жылдамдығын тап.

4. Екі кемежайдан бір уақытта бір-біріне қарама-қарсы екі кішкене кеме шықты, олар 3 сағаттан кейін кездесті. Біріншінің жылдамдығы - 15 км/сағ, екіншінің жылдамдығы - 18 км/сағ. Кемежайлардың арақашықтығын тап.

5. Екі туристік базадан бір-біріне қарама-қарсы екі адам шықты. Біреуі - 5 км/сағ жылдамдықпен, ал екіншісі 4 км/сағ жылдамдықпен жүрді. Олар шыққаннан кейін 5 сағаттан соң кездесті. Туристтік базалардың арақашықтығы қандай?

6. Екі аэродромнан бір уақытта бір-біріне қарама-қарсы екі ұшақ ұшып шығып, 3 сағаттан соң кездесті. Бірінші ұшақтың жылдамдығы - 600 км/сағ, ал екіншісі - 900 км/сағ. Қалалардың арақашықтығын тап.

7. Аралары 90 км екі жағажайдан, бір уақытта бір-біріне қарама-қарсы екі қайық шықты. Бірінші қайық 8 км/сағ жылдамдықпен келе жатты, ал екіншісі - 10 км/сағ. Қанша сағаттан кейін бұл қайықтар кездесті?

8. Аралары 36 км екі туристік базадан бір уақытта бір-біріне қарама-қарсы екі топ саяхатшылар шығып, 4 сағаттан кейін кездесті. Бірінші топ 4 км/сағ жылдамдықпен жүрді. Екінші топтың жылдамдығын тап.

9. Аралары 90 км екі кемежайдан бір уақытта бір-біріне қарама-қарсы екі теплоход шықты. Бірінші теплоход 20 км/сағ жылдамдықпен жүрді, екіншісі - 25 км/сағ жылдамдықпен. Қанша сағаттан кейін олар кездеседі?

10. Екі салт атты бір уақытта бір-біріне қарама-қарсы, аралары 100 км-ге тең, екі мекеннен шықты. Салт аттылар 4 сағаттан кейін кездесті. Біреуінің жылдамдығы 13 км/сағ тең болса, екінші салт аттының жылдамдығын тап.

11. Аралары 1400 км болатын қалалардан екі автокөлік бір уақытта бір-біріне қарама-қарсы шықты. Бірінші көліктің жылдамдығы 80 км/сағ, екінші көліктің жылдамдығы 60 км/сағ. Кездескенге дейін әрбір көлік қанша қашықтық жүреді?

12. Екі пойыз екі қаладан бір уақытта бір-біріне қарама-қарсы шығып, 3 сағаттан кейін кездесті. Бірінші пойыздың жылдамдығы - 50 км/сағ, екіншісінікі - 80 км/сағ. Қалалардың арасы неге тең?

13. Пойыз және автобус бір уақытта бір-біріне қарама-қарсы екі қаладан шықты. Пойыздың жылдамдығы - 60 км/сағ, автобустікі - 80 км/сағ. Егер қалалардың арасы 1400 км болса, олар қанша сағаттан соң кездеседі?

14. Аралары 700 км екі қаладан бір-біріне қарама-қарсы 2 автокөлік шығып, 7 сағаттан кейін кездесті. Бірінші автокөліктің жылдамдығы 60 км/сағ болды. Екінші автокөліктің жылдамдығын тап. .

15. Екі қаладан бір-біріне қарама-қарсы екі пойыз шықты. Бірінші пойыздың жылдамдығы 70 км/сағ болды, ол кездесуге дейін 210 км жүрді. Екінші пойыздың жылдамдығы 80 км/сағ. Екінші пойыз кездесуге дейін қанша жол жүрді?

16. Екі қаладан бір-біріне қарама-қарсы екі пойыз шықты. Бірінші пойыз 90 км/сағ жылдамдықпен жүріп, кездескенге дейін 360 км өтті. Екінші пойыз кездескенге дейін 280 км жүрді. Екінші пойыздың жылдамдығы қандай?

17. Екі автокөлік бір-біріне қарама-қарсы екі қаладан шықты. Біріншісі кездескенге дейін 60 км/сағ жылдамдықпен 540 км жүрді. Екінші автокөлік 80 км/сағ жылдамдықпен жүрді. Қалалардың арақашықтығы неге тең?

18. Аралары 2 400 м екі ауылдан бір уақытта бір-біріне қарама-қарсы, 3 м/с және 5 м/с жылдамдықпен екі велосипедші шықты. Әрбір велосипедші кездескенге дейін қандай жол жүрді?

19. Екі автокөлік бір-біріне қарама-қарсы екі қаладан шығып, 4 сағаттан кейін кездесті. Бірінші автокөліктің жылдамдығы 60- км/сағ тең, екіншісікі -70 км/сағ. Екі қаланың арақашықтығы неге тең?

20. Арақашықтығы 640 км тең екі қаладан бір уақытта бір-біріне қарама-қарсы екі пойыз шығып, 4 сағаттан кейін кездесті. Бірінші пойыздың жылдамдығы 75 км/сағ тең. Екінші пойыздың жылдамдығын тап.

21. Екі ауылдан бір уақытта бір-біріне қарама- қарсы жаяу жүргінші мен велосипедші шықты. Жаяу жүргіншінің жылдамдығы 6 км/сағ, велосипедшінің жылдамдығы - 14 км/сағ. Егер ауылдардың аралары 40 км тең болса, олар неше сағаттан соң кездеседі?

22. Екі кемежайдан бір уақытта бір-біріне қарама-қарсы 2 моторлы қайық шықты. Біріншісінің жылдамдығы 30 км/сағ, ол кездескенге дейін 90 км жүрді. Екінші қайық кездескенге дейін 150 км жүрді. Оның жылдамдығы қандай?

23. Арақашықтығы 63 км тең екі ауылдан бір уақытта бір-біріне қарсы екі жаяу жүргінші жүрді. Бірінші жолаушының жылдамдығы 5 км/сағ, екіншісінің жылдамдығы 4 км/сағ. Әрбір жаяу жүргінші кездескенге дейін қанша жол жүрді?

24. Екі спортшы бір уақытта бір-біріне қарама- қарсы жүгіріп шықты. Біріншісінің жылдамдығы- 200 м/мин болды, екіншісінің жылдамдығы - 150 м/мин. Егер ауылдардың арасы 1400 м болса, олар неше минуттан кейін кездеседі?

25. Арақашықтығы 90 км екі қаладан бір-біріне қарама-қарсы екі велосипедші шықты, олар 3 сағаттан кейін кездесті. Бірінші велосипедшінің жылдамдығы 13 км/сағ. Екінші велосипедшінің жылдамдығын тап.

26. Екі қаладан бір уақытта бір-біріне қарама- қарсы 2 велосипедші шықты. Бірінші велосипедшінің жылдамдығы 15 км/сағ, ол кездесуге дейін 60 км

жүрді. Екінші велосипедшінің жылдамдығы 20 км/сағ. Екінші велосипедші кездескенге дейін қанша жол жүрді?

27. Екі қаладан бір уақытта бір-біріне қарама-қарсы екі автокөлік шықты. Біріншінің жылдамдығы 70 км/сағ болды, ол кездескенге дейін 350 км жүріп өтті. Екінші автокөлік 300 км жүрді. Оның жылдамдығы қандай?

28. Велосипедшілер бір уақытта бір-біріне қарама-қарсы екі қаладан шықты. Біріншісі кездескенге дейін 12 км/сағ жылдамдықпен 48 км жүрді. Екіншісі 15 км/сағ жылдамдықпен жүрді. Қалалардың арасы неге тең?

29. Арақашықтықтары 840 км екі қаладан бір уақытта бір-біріне қарама-қарсы 90 км/сағ және 50 км/сағ жылдамдықпен 2 автокөлік шықты. Әрбір автокөлік кездескенге дейін қанша жол жүрді?

30. Екі велосипедші бір уақытта бір-біріне қарсы екі ауылдан шығып, 2 минуттан кейін кездесті. Бірінші велосипедшінің жылдамдығы 250 м/мин, ал екіншісінікі - 300 м/мин. Ауылдардың аралары неге тең?

31. Екі қаладан бір-біріне қарама-қарсы екі автобус шықты. Біріншісі 70 км/сағ жылдамдықпен жүрді, екіншісі - 60 км/сағ. 3 сағаттан кейін олар кездесті. Қалалардың арақашықтығы қандай? (30,270,250 және 390 км) ,

32. Арақашықтықтары 315км-ге тең екі қаладан бір уақытта бір-біріне қарама-қарсы мотоциклші мен велосипедші шықты. Олар 3 сағаттан кейін кездесті. Велосипедшінің жылдамдығы 18 км/сағ. Мотоциклшінің жылдамдығы қандай? (10,87,52,19 км/сағ)

33. Бір-біріне қарама-қарсы келе жатқан пойыздардың арақашықтығы 1200 км. Бір пойыздың жылдамдығы 58 км/сағ, екіншісінің жылдамдығы 72 км/сағ. 3 сағаттан кейін бұл пойыздар бір-бірінен қандай қашықтықта болады? (810, 390, 910, 820 км)

34. Мақта қыз бен қу Түлкі бір-біріне қарсы келе жатты. Егер Мақта қыздың жылдамдығы 20 м/мин, Түлкінің жылдамдығы - 90 м/мин, ал олардың арақашықтығы 3 км болса, олар қанша уақыттан кейін кездеседі? Оған қоса Мақта қыз әрбір минут сайын 30 секундқа емдік шөптерді теру үшін тоқтап отырды.

35. © Сұлтан және Сәкен 25 метр арақашықтықта тұрып, бір-біріне қар кесектерін лақтырды. Бірінші қар ауада 8 секунд болды, ал екіншісі - 2 секундке аз. Екінші кесек біріншіге қарағанда 6 метр аз ұшты. Әрбір қар кесегі қандай қашықтыққа ұшты? Балалар бір-біріне қар тигізді ме?

36. Көне заманда тіршілік еткен ең ауыр динозаврлардың бірі - төртаяқты брахтиозавр (70 тонна) 10 км/сағ жылдамдықпен жылдамдығы 60 км/сағ екі аяқты жыртқыш кесіртке - компсогнатқа (үлкендігі тауық сияқты, салмағы 5 кг) қарсы шықты. Олар қосылып, 70 км арақашықтықты қандай уақытта өтеді? Динозаврлардың әрқайсысы неше километрді өтеді?

37. Африкалық түйеқұс пен Азия даласының дуадағы біріне-бірі қарсы 2 сағат жүріп, 220 км қашықтықты өтті. Олардың жылдамдықтары қандай, егер түйеқұстың 20 км/сағ жылдамырақ жүргені белгілі болса?

38. Түйе мен қарақұйрық - Азия шөл даласына бейімделген аса төзімді жануарлар. Су іздеп жүріп, олар бір-біріне қарсы 3 сағатта 240 км қашықтықты өтіпті. Олардың әрқайсысы қандай қашықтықты жүріпті, егер түйенің жылдамдығы қарақұйрықтың жылдамдығынан 40 км/сағ кем екені белгілі болса?

Қарама- қарсы бағыттағы және кері бағыттағы қозғалысқа арналған есептер

1. Екі кішкене кеме бір уақытта қарама-қарсы бағытта жол жүрді. Бірінші кішкене кеменің жылдамдығы 30 км/сағ, ал екіншісінікі - 35 км/сағ. 2 сағаттан кейін олардың арақашықтығы қанша болады?

2. Автовокзалдан қарама-қарсы бағытта екі автобус шықты. Үш сағаттан кейін олардың арақашықтығы 390 км болды. Егер біріншісінің жылдамдығы 60 км/сағ болса, екінші автобустың жылдамдығын тап.

3. Бір аэродромнан қарама-қарсы бағытқа екі ұшақ ұшып шықты. Біріншісінің жылдамдығы 700 км/сағ, ал екінші ұшақтікі - 800 км/сағ. Неше сағаттан кейін олардың арасы 3000 км болады?

4. Туристік базадан бір уақытта қарама-қарсы бағытта екі адам шықты. Біреуі - 5 км/сағ жылдамдықпен, ал екіншісі 4 км/сағ жылдамдықпен жүрді. Олар бір-бірінен 5 сағаттан кейін қандай арақашықтықта болады?

5. Гараждан бір уақытта қарама-қарсы бағытта екі автокөлік шықты. Біреуі 50 км/сағ жылдамдықпен, екіншісі 70 км/сағ жылдамдықпен жүрді. 4 сағаттан кейін осы машиналар бір-бірінен қандай қашықтықта болады?
6. Бір қаладан қарама-қарсы бағытта бір уақытта 2 автокөлік шықты. Біріншінің жылдамдығы 30 км/сағ, екіншінікі - 40 км/сағ. Егер жолда 14 сағат жүретін болса, автокөліктер қандай қашықтық өтеді?
7. Бір пункттен қарама-қарсы бағытқа 5 км/сағ және 6 км/сағ жылдамдықпен екі саяхатшылар тобы шықты. Неше сағаттан кейін олардың аралары 33 км болады?
8. Бір кемежайдан қарама-қарсы бағытта бір уақытта 20 км/сағ және 30 км/сағ жылдамдықпен 2 кішкене кеме шықты. Арақашықтықтары 150 километр болғанда, кішкене кемелер қанша жол жүрді?
9. Автокөлік бір қаладан екіншісіне 80 км/сағ жылдамдықпен 3 сағатта жетті, ал қайтар жолға ол 4 сағат кетірді. Автокөлік өз жылдамдығын қаншаға азайтты?
10. Бір жағажайдан бір уақытта қарама-қарсы бағытта 40 км/сағ және 60 км/сағ жылдамдықпен теплоход шықты. Бірінші теплоход 120 км жүріп өткенде, олардың арақашықтықтары қандай болды?
11. Бір ауылдан бір уақытта қарама-қарсы бағытта велосипедші және жаяу жүргінші шықты. Жаяу жүргіншінің жылдамдығы 70 м/мин, велосипедшінікі - 3 есе артық. Қандай уақыттан кейін олардың аралары 840 м болады?
12. Велосипедші қалаға дейін 12 км/сағ жылдамдықпен 2 сағатта жетті, ал қайтар жолға ол 3 сағат жұмсады. Велосипедші өз жылдамдығын қаншаға азайтты?
13. Бір ауылдан екіншісіне дейінгі 36 км жолды велосипедші 12 км/сағ жылдамдықпен өтті, ал қайтарда ол 9 км/сағ жылдамдықпен жүрді, Барлық жолға ол қанша уақыт кетірді?;
14. Теплоход бір жағажайдан екіншісіне дейін 30 км/сағ жылдамдықпен 6 сағатта жетті, ал қайтар жолға ол 9 сағат кетірді. Теплоход өзінің жылдамдығын қаншаға азайтты?

15. Қыз үйден дүкенге дейінгі 200 метр аралықты 40 мин жүріп өтті, ал қайтар жолда оның жылдамдығы 30 м/мин артық болды. Қайтар жолына қанша уақыт кетті?

16. Бір қаладан екіншісіне дейінгі 480 км жолды автокөлік 80 км/сағ жылдамдықпен жүріп өтті, ал қайтарда ол 60 км/сағ жылдамдықпен жүрді. Барлық жолға ол қанша уақыт кетірді?

17. Бір ауылдан бір уақытта қарама-қарсы бағытқа екі велосипедші шықты. Біріншісінің жылдамдығы - 15 км/сағ, екіншісінің жылдамдығы - 12 км/сағ. 3 сағат уақыттан кейін олардың аралары қандай болады?

18. Бір қаладан бір уақытта қарама-қарсы бағытта 2 пойыз шықты. Олардың жылдамдығы 60 км/сағ және 70 км/сағ болды. Қанша уақыттан кейін олардың арақашықтықтары 780 км болады?

19. Бір ауылдан бір уақытта қарама-қарсы бағытта 2 саяхатшы шықты. 5 сағаттан кейін олардың арақашықтықтары 5 км болды. Бірінші саяхатшының жылдамдығы 4 км/сағ. Екіншінің жылдамдығын тап.

20. Бір станциядан бір уақытта қарама-қарсы бағытта 2 пойыз шығып кетті. Олардың жылдамдықтары 60 км/сағ және 80 км/сағ. Аралары 420 км болғанда, әрбір пойыз қанша жол жүрді?

21. Бір орыннан бір уақытта қарама-қарсы бағытта 2 спортшы жүгіріп шықты. Біріншісінің жылдамдығы 6 м/с болатын, екіншісінікі - 7 м/с. 9 секундтан кейін олардың аралары қандай болады?

22. Бір ауылдан бір уақытта қарама-қарсы бағытта 2 жаяу жүргінші шықты. Олардың жылдамдығы 4 км/сағ және 5 км/сағ болды. Бірінші жаяу жүргінші 16 километр жүргенде, олардың арақашықтықтары қандай болады?

23. Бір қаладан бір уақытта қарама-қарсы бағытта автобус пен автокөлік шықты. Автобусың жылдамдығы - 40 км/сағ, автокөліктің жылдамдығы - 2 есе артық. Қанша уақыттан кейін олардың аралары 480 км болады?

24. Қалалардың аралары 360 км, автобус оны 6 сағатта жүріп өтті, ал қайтар жолда оның жылдамдығы 30 км/сағ артық болды. Қанша уақытта ол қайтып келді?

25. Бір ауылдан бір уақытта 80 м/мин және 90 м/мин жылдамдықпен 2 адам шықты. Қанша минуттан кейін олардың аралары 510 метр болады?

26. Бір қаладан бір уақытта қарама-қарсы бағытта 2 автокөлік шықты. 6 сағаттан кейін олардың аралары 960 км болды. Бірінші автокөліктің жылдамдығы 70 км/сағ. Екінші автокөліктің жылдамдығын тап.
27. Бір қаладан бір уақытта қарама-қарсы бағытта 70 км/сағ және 100 км/сағ жылдамдықпен 2 автокөлік шықты. Бірінші автокөлік 350 км жүріп өткенде, олардың арақашықтықтары қанша болады?
28. Бір ауылдан бір уақытта қарама-қарсы бағытта велосипедші мен мотоциклші шықты. Велосипедшінің жылдамдығы 13 км/сағ, мотоциклшінің жылдамдығы - 5 есе артық. Қанша уақыттан кейін олардың аралары 156 км болады?
29. Бір қаладан бір уақытта қарама-қарсы бағытта 2 автобус шықты. Олардың жылдамдықтары 50 км/сағ және 70 км/сағ. Олардың аралары 720 км болғанда, әрбір автобус қанша жол жүреді?
30. Досының үйінен кейінгі 3600 м жолды бала 90 м/мин жылдамдықпен жүріп өтті, ал қайтарда ол 80 м/мин жылдамдықпен жүрді. Барлық жолға ол қанша уақыт жұмсады?
31. Жағажайдан бір уақытта қарама-қарсы бағытта екі теплоход жүріп кетті. Біреуі 40 км/сағ жылдамдықпен жүрді, ал екіншісі - 30 км/сағ. Екі сағаттан кейін олардың аралары қандай болады? (35, 110, 70, 140 км)
32. Астана станциясынан бір уақытта қарама-қарсы бағытта екі пойыз жөнелтілді 5 сағаттан кейін олардың арасы 950 км болды. Бірінші пойыздың жылдамдығы 90 км/сағ. Екінші пойыздың жылдамдығын тап. (172, 100, 500, 280 км/сағ)
33. Алматы станциясынан бір уақытта қарама-қарсы бағытта екі пойыз жөнелтілді. Біреуі 80 км/сағ жылдамдықпен жүрді, екіншісі 100 км/сағ. Қандай уақыттан кейін олардың арақашықтықтары 720 км болады? (540 км, 4 с, 36 с, 80 с)
34. Жүк пойызы 8 сағатта 256 км жүрді. Жүйрік пойыз жүк пойызына қарағанда сағатына 22 км артық жүрді. 5 сағатта жүйрік пойыз қанша жол жүреді? (270, 160, 278, 66 км)
35. Екі пойыз бір станциядан қарама-қарсы бағытта жүріп кетті. Олардың біреуі 170 км жүрді, екіншісі 60 км-ге кем. Осы уақытта пойыздардың біреуі екіншісінен қанша қашықтықта болды? (110, 280, 170, 230 км)

36. ! Бір аэродромнан қарама-қарсы бағытта c км/сағ және a км/сағ жылдамдықпен екі ұшақ ұшып шықты. N сағаттан кейін олардың аралары қандай болады?

37. ! Екі бала мектептен шығып, қарама-қарсы бағытта үйлеріне кетті. Бірінші бала h м/мин жылдамдықпен a минут жүрді. Егер екінші бала осындай қашықтықты x минутта жүріп өтсе, онда ол қандай жылдамдықпен жүргені?

38. ! Екі велосипедші қарама-қарсы бағытта жолға шықты. Бірінші велосипедші b км/сағ жылдамдықпен n сағат жүрді, ал екіншісі c км/сағ жылдамдықпен ол да n сағат жүрді. Екіншісіне қарағанда, бірінші велосипедші қаншаға артық жүрді? Екі сағаттан кейін олардың арақашықтығы қанша болды?

39. © Екі дос - Айдар мен Молдаш жүгіруден жарысты. Мектептен бастап олар әртүрлі бағытта жүгіруге кетті. 450 метр шеңберді айналып, олар қайтадан мектепке қайтуы керекте. Жолдың бірінші жартысында Айдардың жүгіру жылдамдығы досының жылдамдығынан кем болды. Кенеттен бұталардың арасынан күшік шығып, Айдардың артынан шәуілдеп қуа жөнелді. Айдар мәреге бірінші болып жүгіріп келді! Егер уақыт 1 мин 30 с болса, оның жылдамдығы қандай болды?

40. © Ұлу мен тасбақа қызыл жалаушадан әртүрлі бағытта жорғалады. Егер ұлудың жылдамдығы 3 есе аз және ол 1 метрді 30 минутта жорғаласа, тасбақаның жылдамдығы қандай?

41. Американдық вапитй бұғысы мен барибал аюы бір орманнан қарама-қарсы бағытта шықты. Вапитидің жылдамдығы 55 км/сағ, ал барибалдікі - 22 км/сағ. 3 сағаттан кейін екеуінің арақашықтығы қандай болады?

42. Ең кішкентай колибри құсы мен оңтүстікамерикалық арасы тәтті балшырынын қарама-қарсы бағытта іздей ұшып кетті. 16 км қашықтықты 4 сағатта өтіп, әр гүлге қонып, шыққан орнына қайта оралды. Колибридің жылдамдығы ара жылдамдығына қарағанда, 3 есе артық екені белгілі болса, олардың екеуі бөлек-бөлек қанша ұшты?

43. Тау бүркіті мен Қазақстандағы ең сирек кездесетін, Тянь-Шаньнің таулы өзендерінің бастауында мекендейтін орақтұмсық қарама-қарсы бағытта ұшып, 600 км өтті. Орақтұмсықтың жылдамдығы 50 км/сағ, ал тау бүркітінікі - 3 есе артық. Сонда әр құс қанша қашықтыққа ұшты?

Бір бағыттағы қозғалысқа арналған есептер

Объектілердің бір бағытта қозғалу кезінде олардың жақындау жылдамдығы жылдамдықтарының айырмасына тең:

$$V_{\text{жақ.}} = V_2 - V_1$$

1. Саяхатшылар демалатын жерге дейін 5 км/сағ жылдамдықпен 6 сағат жүрді. Демалғаннан кейін олар тағы 4 сағат жүрді. Егер барлық жол 46 км-ге тең болса, демалғаннан кейін олардың жылдамдығы қандай болды?
2. Екі ауылдың арасындағы жолды бала 150 м/мин жылдамдықпен 10 минутта жүгіріп өтеді. Қанша уақытта ол осы жолды 75 м/мин жылдамдықпен жай жүріп өтеді?
3. Ауылдан ауданға дейінгі аралық 50 км, ал ауданнан қалаға дейін 300 км. Ауылдан қалаға дейін 70 км/сағ жылдамдықпен қанша уақытта келуге болады?
4. Ауылдан ауданға дейін 60 км, ал ауданнан қалаға дейін 150 км. Ауылдан қалаға дейін 70 км/сағ жылдамдықпен қанша уақытта келуге болады?
5. Бірінші күні жауынгерлер 8 сағатта 32 км жүрді. Екінші күні олар сол жылдамдықпен жолда 12 сағат болды. Екі күнде жауынгерлер қанша жол жүрді?
6. Автоколiк 50 км/сағ жылдамдықпен 350 км жүрді және тағы 90 км/сағ жылдамдықпен 360 км жүріп өтті. Барлық жолға ол қанша уақыт кетiрдi?
7. Үйден дүкенге дейін қыз бала 400 м екі қысқа көшеден және тағы 300 м өтті. Егер дүкенге дейінгі аралық 1 300 метр болса, оған әлі қанша жүру қалды?
8. Велосипедші 4 сағатта 48 км, ал жаяу жолаушы 6 сағатта 24 км жүрді. Жаяу жолаушыдан велосипедшінің жылдамдығы неше есе артық?
9. Теплоход 40 км/сағ жылдамдықпен 280 км жүрді. Сол уақытта автобус 350 км жүрді. Автобустың жылдамдығы қандай?

10. Саяхатшылар автобуспен 70 км/сағ жылдамдықпен 4 сағат жүрді және 4 км/сағ сағат жылдамдықпен 6 сағат жаяу жүрді. Жаяу жүргенге қарағанда, олардың автобуспен жүрген жолы қаншаға артық болды?
11. Моторлы қайық 4 сағатта 144 км жүрді. Егер оның жылдамдығы 12 км/сағ баяуласса, ол осы жолды қанша уақытта жүреді?
12. Ұшақ 4 сағатта 1520 км ұшып өтті. Егер ұшақ жылдамдығын 40 км/сағ арттырса, ол 5 сағатта қанша жол жүреді?
13. Автобус түнеуге дейін 60 км/сағ жылдамдықпен 7 сағат жүрді. Түнеп шыққаннан кейін ол тағы 3 сағат жүрді. Егер барлық жол 660 км-ге тең болса, оның жылдамдығы түнегеннен кейін қанша болды?
14. Екі қаланың арасындағы жолды автокөлік 60 км/сағ жылдамдықпен 12 сағатта жүріп өтеді. Ол осы жолды 80 км/сағ жылдамдықпен қанша уақытта жүріп өтеді?
15. Бірінші күні автокөлік 560 км жолды 7 сағатта жүріп өтті. Екінші күні ол бастапқы жылдамдықпен жүріп, жолда 9 сағат болды. Екі күнде автокөлік қанша жол жүрді?
16. Бір қаладан екіншісіне дейінгі аралық 30 км, ал екіншісінен үшіншісіне дейін 600 км. 90 км/сағ жылдамдықпен бірінші қаладан үшінші қалаға дейін қанша уақытта жетуге болады?
17. Велосипедші түске дейін 15 км/сағ жылдамдықпен 5 сағат жүрді. Түстен кейін ол тағы 4 сағат жүрді. Егер барлық жол 131 км-ға тең болса, түстен кейін оның жылдамдығы қандай болды?
18. Автокөлік 7 сағатта 560 км жүрді, ал шағын кеме 13 сағатта 260 км жүрді. Шағын кемеден автокөліктің жылдамдығы неше есеге көп?
19. Саяхатшы велосипедпен 16 км/сағ жылдамдықпен 3 сағат жүрді және 7 км/сағ жылдамдықпен 4 сағат қайықта жүзді. Қайықтағыға қарағанда оның велосипедтегі жылдамдығы қаншаға артық?
20. Қаланың ортасынан шетіне дейін автокөлік ұзындығы 800 м 3 көше және ұзындығы 200 м көше аралығынан өтті. Егер қаланың ортасынан шетіне дейін 3000 метр болса, оған әлі қанша жүру қалды?
21. Ұшақ 300 км/сағ жылдамдықпен 3900 км ұшып өтті. Осындай уақытта пойыз 780 км жүрді. Пойыздың жылдамдығы қандай?

22. Екі ауылдың арасындағы жолды велосипедші 250 м/мин жылдамдықпен 250 минутта жүріп өтеді. Ол осы жолды 300 м/мин жылдамдықпен қанша уақытта жүріп өтеді?
23. Саяхатшы 6 км/сағ жылдамдықпен 24 км және тағы 5 км/сағ жылдамдықпен 5 км жүріп өтті. Барлық жолға ол қанша уақыт кетірді?
24. Саяхатшылар 8 сағатта 48 км жүрді. Егер олардың жылдамдығы 2 км/сағ азайса, қанша уақытта осы жолды жүріп өтеді?
25. Велосипедші 12 км/сағ жылдамдықпен 3 сағат жүрді. Осыдан кейін, оған жүргеніне қарағанда 2 есе көп жүру қалды. Ол барлығы қанша км жүріп өтуі керек еді?
26. Ауылдан ауданға дейінгі аралық 2500 м, ал ауданнан қалаға дейін 2900 м. Қанша уақытта 900 м/мин жылдамдықпен ауылдан қалаға дейін жүріп өтуге болады?
27. Бірінші күні автобус 6 сағатта 480 км жүріп өтті. Екінші күні ол сол жылдамдықпен жүріп, жолда 13 сағат болды. Екі күнде автобус қанша жол жүрді?
28. Велосипедші 16 км/сағ жылдамдықпен 64 км және 17 км/сағ жылдамдықпен 51 км жүрді. Барлық жолға ол қанша уақыт жұмсады?
29. Автокөлік 9 сағатта 720 км жүрді. Егер оның жылдамдығы 20 км/сағ төмейдесе, ол сол жолды қанша уақытта жүріп өтеді?
30. Автокөлік 60 км/сағ жылдамдықпен 7 сағат жүрді. Осыдан кейін оның жүргеніне қарағанда 3 есе артық жол қалды. Ол барлығы қанша километр жол жүріп өтуі керек?
31. Адам 4 минутта 720 метр жүгірді. Егер өзінің жылдамдығын 20 м/мин ұлғайтса, ол 7 минутта қанша қашықтықты жүгіріп өтеді?
32. Велосипедші 40 секундта 240 м жүріп өтті. Егер өзінің жылдамдығын 2 м/с ұлғайтса, ол 70 секундта қанша қашықтықты жүріп өтеді?
33. Жаяу жолаушы 100 м/мин жылдамдықпен 4 минут жүрді. Осыдан кейін жүргеніне қарағанда, оған 8 есе көп жүруі қалды. Ол барлығы қанша метр жүру керек еді?

34. Спортшы 8 км/сағ жылдамдықпен 2 сағат жүгірді және 5 км/сағ жылдамдықпен 3 сағат баяу жүрді. Жүгіргенге қарағанда, баяу жүріп өткен жолы қаншаға артық болды?
35. Бір бала 42 метрді 3 м/сек жылдамдықпен жүгіріп өтті. Осындай уақытта екінші бала 56 м жүгірді. Екінші баланың жылдамдығы қандай?
36. Қыстақтан ауылға дейін велосипедші ені 600 м екі егін алқабынан және тағы ені 700 м кішкене тоғайдан айналып өтті. Егер ауылға дейінгі аралық 2500 метрге тең болса, оған әлі қанша жүру қалды?
37. Велосипедші 10 сағатта 160 км жүріп өтті. Егер өзінің жылдамдығын 2 км/сағ азайтса ол тағы 42 км-ді қанша уақытта жүріп өтеді?
38. Пойыз 9 сағатта 810 км жүрді, ал велосипедші 5 сағатта 75 км жүріп өтті. Велосипедшіден пойыздың жылдамдығы неше есе артық?
39. Автокөлік 2 сағатта 170 км жүріп өтті. Келесі 3 сағатта ол 5 км/сағ кем жылдамдықпен жүрді. Автокөлік барлығы қанша километр жүрді?
40. Катер 3 сағатта 66 км жүріп өтті. Егер катер сол жылдамдықпен жолда 7 сағат болса, қанша километр жүреді?
41. *Қайық бір жағажайдан екіншісіне км/сағ жылдамдықпен h сағат жүріп келгенде, бастапқы жүргеніне қарағанда оған p есе жүру аз қалды. Қайық қанша жол жүзіп өтуі керек?
42. Велосипедші 10 сағатта 150 км жүрді. Егер жылдамдығын 3 км/сағ азайтса, ол тағы 48 км-ді қанша уақытта жүреді? (3, 4, 5 сағат)
43. Бала мектепке дейін 6 м/мин жылдамдықпен b минут жүрді, ал сосын p м/мин жылдамдықпен a минут жүгірді. Мектепке дейінгі жол қандай?
44. © Қызыққұмар Құлан топтан қалып қойып, үңгірге кірді. Ал онда жалмауыз Құлан 5 Минут - 3 м/с жылдамдықпен жүгірді, ал сосын жардан 5 м/с жылдамдықпен құлай отырып, ауада 5 секунд ұшып өтті. Құланның жалмауыз үңгірінен жардың түбіне дейінгі жолы қандай?
45. © Маса жаралы аяғымен көрші орманға жөнелді. Бастапқыда ол 5 минут 300 м/мин жылдамдықпен жүретін инелікте отырды, сосын 200 м/мин жылдамдықпен 3 минут көбелекте отырды, ал сосын 10. см/мин жылдамдықпен жүретін ұлуда 30 минут отырды. Маса қанша жол жүрді?

46. Шұбар қабылан мен теңбіл жолбарыс жүгірісте жарысты. Қабылан 1200 км қашықтықты 10 сағатта, ал жолбарыс 15 сағатта өтті. Екеуінің жылдамдықтары қандай болды?

47. Жыл құстары- қарлығаш пен қараторғай туған өлкелеріне дейін жету үшін 3000 км өтті. Қарлығаштар күніне 10 сағаттан 3 күн, ал қараторғайлар күніне 10 сағаттан 2 күн ұшты. Қарлығаш пен қараторғайдың жылдамдықтары қандай?

48. Теңіз леопарды пингвиннің соңына түскенде, олардың арақашықтығы 112 метр болды. Теңіз леопарды пингвинді неше секунд ішінде қуып жетеді, егер оның жылдамдығы 28 м/с, ал пингвинінің жылдамдығы 14 м/с болса?

Бір-бірінің соңынан бір бағытта қозғалысқа арналған есептер

1. Саяхатшылардың бірінші тобы ауылға дейін 5 км/сағ жылдамдықпен жаяу кетті. Ал 2 сағаттан кейін сол бағытта саяхатшылардың екінші тобы 15 км/сағ жылдамдықта велосипедпен кетті. Қанша уақыттан кейін велосипедшілер жаяу саяхатшыларды қуып жетеді?

2. Саяхатшылардың бірінші тобы ауылға дейін 5 км/сағ жылдамдықпен жаяу кетті. Ал 2 сағаттан кейін сол бағытта 15 км/сағ жылдамдықта саяхатшылардың екінші тобы велосипедпен кетті. Жаяу жүргіншілермен белгіленген 60 км жолды өтіп шығуға велосипедшілерге қанша уақыт кажет болады?

3. Саяхатшылардың бірінші тобы ауылға дейін 5 км/сағ жылдамдықпен жаяу кетті. Ал 2 сағаттан кейін сол бағытта саяхатшылардың екінші тобы 15 км/сағ жылдамдықта велосипедпен кетті. Ауылға дейінгі аралық 60 км. Жаяу жүргіншілерге қарағанда велосипедшілер барлық жолға қанша уақыт аз жұмсайды?

4. Саяхатшылардың бірінші тобы 5 км/сағ жылдамдықпен ауылға дейін жаяу жолға шықты. Ал екі сағаттан кейін жолға сол бағытта 15 км/сағ жылдамдықпен велосипедпен саяхатшылардың екінші тобы шықты. Ауылға дейінгі арақашықтық 60 км-ге тең. Ауылға велосипедшілер келгеннен кейін, неше сағаттан соң жаяу саяхатшылар келеді?

5. А пунктiнен В пунктiне қарай 4 км/сағ жылдамдықпен жолаушы шықты, ал бір сағаттан соң А пунктiнен сол бағытта екінші жолаушы шықты. А

пунктінен 12 км қашықтықта екінші жолаушы біріншіні қуып жетті. Екінші жолаушы қандай жылдамдықпен жүрді?

6. Екі мотоциклші бір бағытта, бір уақытта, бір-бірінен 30 км қашықтықта тұрып, жолға шықты. Біріншісі 50 км/сағ, екіншісі 65 км/сағ жылдамдықпен жүрді. Екінші мотоциклші қанша уақыттан кейін біріншіні қуып жетеді?

7. Кері есеп. Екі мотоциклші бір бағытта, бір уақытта, бір-бірінен 30 км қашықтықта тұрып, жолға шықты. Екі сағаттан соң екінші мотоциклші 65 км/сағ жылдамдықпен жүріп отырып, біріншісін қуып жетті. Бірінші мотоциклшінің жылдамдығы қандай?

8. Саяхатшы автокөлікпен жылдамдығы 46 км/сағ 32 сағат жүрді, ал жолдың қалған бөлігін пойызбен 56 км/сағ жылдамдықпен жүріп өтті. Ол барлығы 2424 км жол жүрді. Саяхатшы жолда қанша уақыт болды? (17,952,49, 23 сағат)

9. ! Жарыста Назерке, Айнұр және Әсем 10 минут интервалмен бірінің артынан бірі жүгірді, Назерке бірінші емес, Айнұр бірінші де, үшінші де емес болып жүгірді. Жарыста кім кімнің артынан жүгірді?

10. © Тышқан мысықтың шұжығын алып ініне карай 3 м/с жылдамдықпен жүгіре жөнелді. Мысық 10 секундтан соң оянып, тышқанның соңынан 12 м/с жылдамдықпен қуа жөнелді. Егер тышқанның ініне дейінгі қашықтық 60 метр болса, мысық тышқанды ұстал, шұжығын алуға үлгере ме? Неге? Егер мысық тышқанды қуып жететін болса, есептегі сандарды мысық тышқанды қуып жетпейтіндей етіп өзгерт.

Бір бағытта бірінен соң бірі қалып қоятын немесе озып шығатын қозғалысқа арналған есептер

1. Арақашықтығы 3 км болатын екі ауылдан бір бағытта бір уақытта екі жолаушы шықты. Біріншісі - 5 км/сағ, екіншісі 3 км/сағ жылдамдықпен жүрді. Жолаушылардың арасындағы қашықтық 3 сағаттан соң қанша болады?

2. Арақашықтығы 20 км болатын екі ауылдан бір бағытта бір уақытта екі аңшы орманға шықты. Біріншісі 5 км/сағ, екіншісі 7 км/сағ жылдамдықпен жүрді. Екінші аңшы біріншісін неше сағаттан кейін қуып жетеді?

3. Арақашықтығы 15 км болатын екі ауылдан бір уақытта бір бағытта екі балықшы шықты. Біріншісі - 5 км/сағ, екіншісі 3 км/сағ жылдамдықпен жүрді. Жолаушылардың арасындағы қашықтық 3 сағаттан соң қанша болады?

4. Қара және теңбіл қоңыз арақашықтығы 60 метр болатын екі іннен шағын орманға қарай бір бағытта шықты. Қара қоңыз теңбіл қоңызға қарағанда 2 есе жылдам жорғалайды. Теңбіл қоңыздың жылдамдығы 3 м/мин тең. Қара қоңыз неше минуттан соң теңбіл қоңызды қуып жетеді?

5. Арақашықтығы 600 км болатын екі қаладан бір мезгілде бір бағытта екі ұшақ ұшып шықты. Біріншісінің жылдамдығы 700 км/сағ, екіншісінікі - 500 км/сағ. Бірінші ұшақ екінші ұшақпен неше сағаттан соң теңеседі?

6. Арасы 150 км болатын екі ауылдан бір мезгілде бір бағытта екі автокөлік шықты. Біріншісі 50 км/сағ, ал екіншісі 80 км/сағ жылдамдықпен жүрді. Олардың арасындағы қашықтық 1 сағаттан соң қанша болады?

7. Арасы 150 км болатын екі ауылдан бір мезгілде бір бағытта екі автокөлік шықты. Біріншісі 50 км/сағ, ал екіншісі 80 км/сағ жылдамдықпен жүрді. Олардың арақашықтығы 2 сағаттан соң қанша болады?

8. Арасы 150 км болатын екі ауылдан бір мезгілде бір бағытта екі автокөлік жолға шықты. Біріншісі 50 км/сағ жылдамдықпен, ал екіншісі 80 км/сағ жүрді. Екінші автокөлік біріншіні неше сағаттан соң қуып жетеді?

9. Арақашықтығы 80 км болатын екі айлақтан бір мезгілде бір бағытта екі катер шықты. Бірінші катердің жылдамдығы 25 км/сағ, ал екіншісінікі - 30 км/сағ. Катерлер арасындағы қашықтық 5 сағаттан соң қанша болады?

10. Бір мезгілде бір бағытта арақашықтығы 44 км болатын екі айлақтан екі катер шықты. Бірінші катердің жылдамдығы 22 км/сағ, екіншісінікі - 33 км/сағ болады. Екінші катер бірінші катерді неше сағаттан соң қуып жетеді?

11. Арақашықтығы 600 км болатын екі қаладан бір мезгілде бір бағытта екі пойыз шықты. Біріншісінің жылдамдығы 70 км/сағ екіншісінікі - 50 км/сағ болады. Бірінші пойыз екіншісімен неше сағаттан соң теңеседі? (10,20,30,40 сағат)

12. Арақашықтығы 1200 км болатын екі қаладан бір мезгілде бір бағытта екі ұшақ ұшып шықты. Біріншісінің жылдамдығы 600 км/сағ, екіншісінікі -

800 км/сағ болады. Неше сағаттан кейін ұшақтар арасындағы қашықтық 400 км болады? .

13. !Бір мезгілде бір бағытта, бір-бірінен біршама қашықтықта болатын, екі қаладан екі ұшақ ұшып шықты. Біріншісінің жылдамдығы 700 км/сағ, екіншісінікі - 900 км/сағ. Ұшақтар 5 сағаттан кейін бір уақытта жерге қонса, қалалар арасындағы қашықтық қандай?

14. © Мысық пен тышқан жүгіріп жарысты. Олар бір бағытта, бір Мезгілде арақашықтығы 15 м болатын әртүрлі бұрыштардан бөлме қабырғаларын бойлай жүгірді. Мысықтың жылдамдығы 5 м/с, тышқандікі - 3 м/с. Олардың арасындағы қашықтық 5 с кейін қанша болады?

15. © Гулливер мен ергежейлі арақашықтығы 500 км тең болатын, әртүрлі ауылдардан бір бағытта, бір мезгілде шықты, Гулливер 10 км/сағ, ал ергежейлі 2 км/сағ жылдамдықпен жүрді. Бір тәуліктен кейін екеуінің арасындағы қашықтық қандай болады?

Ағыс бойымен немесе ағысқа қарсы қозғалыс туралы есептер

Бұл түрдегі тапсырмаларды орындау барысында ағыс бойымен қозғалыс жылдамдығы ағысқа қарсы қозғалыс жылдамдығынан екі еселенген ағыс жылдамдығынан артық болатынын ескеру қажет.

$$V_{\text{ағ. б.}} - V_{\text{ағ.қ.}} = 2 V_{\text{ағ.}}$$

Бұл ағыс бойымен және ағысқа қарсы қозғалыс туралы тапсырмалардың ерекшелігі болып табылады.

1. Қайық ағыспен 3 сағатта 24 км жүріп өтті. Ағыс жылдамдығы 2 км/сағ тең. Қайықтың жылдамдығы қандай?

2. Қайық 3 сағат ішінде ағыс бойымен айлақтар арасын 6 км/сағ жылдамдықпен жүріп өтті. Ағыс жылдамдығы 2 км/сағ тең. Айлақтар арасындағы қашықтық неге тең?

3. Қайық ағыспен 3 сағатта 27 км жүріп өтті. Ағыс жылдамдығы 3 км/сағ тең. Қайықтың жылдамдығы қандай?

4. Қайық ағыспен 2 сағатта 5 км/сағ жылдамдықпен екі ауыл арасында біршама қашықтықты жүрді. Ағыс жылдамдығы 4 км/сағ тең. Ауылдар арасындағы қашықтық неге тең?

5. Қайық 3 сағатта ағысқа қарсы 24 км жүріп өтті. Ағыс жылдамдығы 2 км/сағ тең. Қайықтың жылдамдығы қандай?

6. Қайық ағысқа қарсы, айлақтар арасын 3 сағатта 6 км/сағ жылдамдықпен жүріп өтті. Ағыс жылдамдығы 2 км/сағ тең. Айлақтар арасындағы қашықтық неге тең?

7. Қайық 3 сағатта ағысқа қарсы 27 км жүріп өтті. Ағыс жылдамдығы 3 км/сағ тең. Қайықтың жылдамдығы қандай?

8. Қайық ағысқа қарсы 4 сағат ішінде екі ауыл арасындағы біршама қашықтықты 4 км/сағ жылдамдықпен жүріп өтті. Ағыс жылдамдығы 1 км/сағ тең. Ауылдардың арасындағы қашықтық неге тең?

9. Катер мен сал бір мезгілде А айлағынан ағысқа төмен қарай жүзіп шықты. Ағынсыз судағы катердің жылдамдығы 15 км/сағ тең, ал ағыс жылдамдығы 2 км/сағ болса, 3 сағаттан соң олардың арақашықтығы қанша болады?

